Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының патриотизмі маңызды орынға ие, өз елінің мүддесіне қызмет етуден көрінетін Отанға деген сүйіспеншілік сезімі қоғам дамуы мен ұрпақтар сабақтастығының маңызды құрамдас бөлігі болғандығы және солай болып қалуға тиіс екендігі жөнінде айтылады. Патриоттық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жастардың алған білімдері азаматтық борыш ұстанымымен, жекебастық мүдделері қоғамдық ұстанымдармен астасып жататын тіршілік әрекеті үлгісіне даярлығын қамтамасыз етуі тиіс. Патриоттық тәрбие – маңызды мемлекеттік міндет. Ол үшін жасөспірімдердің рухани-адамгершілік қасиеттерін және азаматтық саналылығын қалыптастыра отырып, өз Отанын сүйуге, өз қоғамына, мемлекетіне қызмет ете алатындай етіп тәрбиелеу керек.

Кілт сөздер: патриоттық тәрбие, ұлттық құндылық, салт-дәстүр, ұлттық тәрбие, патриоттық сана, қазақстандық патриотизм.

Abstract. The article notes that the patriotism of the Kazakh people occupies an important place, the feeling of love for the Motherland, manifested in serving the interests of their country, was and should remain an important component of the development of society and the continuity of generations. Patriotic education is an integral part of personality formation, it should ensure the preparation of young people for a lifestyle in which the acquired knowledge correlates with the position of civic duty, with public positions of personal interests. Patriotic education is an important state task. To do this, it is necessary to educate teenagers in such a way that they can love their Homeland, serve their society, their state, forming spiritual and moral qualities and civic consciousness

Keywords: patriotic education, national value, traditions, national education, patriotic consciousness, Kazakhstani patriotism.

Özet. Makalede, Kazak halkının vatanseverliğinin önemli bir yer tuttuğu, ülkesinin çıkarlarına hizmette kendini gösteren Vatan için sevgi duygusunun toplumun gelişiminin ve nesillerin sürekliliğinin önemli bir bileşeni olduğu ve kalması gerektiği belirtilmektedir. Vatansever eğitim, kişiliğin oluşumunun ayrılmaz bir parçasıdır, gençlere, edinilen bilginin sivil görev pozisyonuyla, kişisel çıkarlarını kamusal pozisyonlarıyla ilişkili olduğu yaşamsal faaliyet modeli için eğitim vermelidir. Vatansever yetiştirme önemli bir devlet görevidir. Bunu yapmak için, gençleri Anavatanlarını sevebilecekleri, toplumlarına, devletlerine hizmet edebilecekleri, manevi ve ahlaki nitelikler ve sivil bilinç oluşturabilecekleri şekilde eğitmek gerekir

Anahtar Kelimeler: vatansever yetiştirme, ulusal değer, gelenekler, ulusal yetiştirme, vatansever bilinç, Kazak vatanseverlik.

Аннотация. В статье отмечается, что патриотизм казахского народа занимает важное место, чувство любви к Родине, проявляющееся в служении интересам своей страны, было и должно оставаться важной составляющей развития общества и преемственности поколений. Патриотическое воспитание является составной частью формирования личности, оно должно обеспечивать подготовку молодежи к образу

жизнедеятельности, в котором приобретенные знания соотносятся с позицией гражданского долга, с общественными позициями личных интересов. Патриотическое воспитание – важная государственная задача. Для этого необходимо воспитывать подростков таким образом, чтобы они могли любить свою Родину, служить своему обществу, своему государству, формируя духовно-нравственные качества и гражданскую сознательность.

Ключевые слова: патриотическое воспитание, национальная ценность, традиции, национальное воспитание, патриотическое сознание, казахстанский патриотизм.

Патриоттық тәрбие болашақ Отан азаматы тұлғасын қалыптастыруды мақсат тұтады. Бойымыздағы ата-баба қанымен келген елжандылық, ұлтжандылық қасиеттеріміз арқылы жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялататыны анық.

Басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу керектігі күн өткен сайын маңызды болып отыр. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге адамзат өркениетіне ұлттық тарихымызбен, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар негізінде қабілетті тұлға ретінде тәрбиелеу керек. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығару үшін: ана тілі мен дінін, тарихын, салт-дәстүрін, жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру арқылы ғана басты мақсатқа жетеміз.

Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы бар күш-қуатын, ерік-жігерін Отан игілігі мен мүддесіне аямай жұмсау, туған жерін, қасиетті ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеу. Ол біртіндеп қалыптасатын, тынымсыз, үздіксіз тәрбиенің нәтижесінде орнығатын ұлы сезім. Патриоттық тәрбие ананың ақ сүтімен, есейе келе өскен ортасына, қалыптасқан қоғамына байланысты дамиды үздіксіз тәрбиенің жемісі. Қазақстан Республикасы – өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Енді біздің басты міндетіміз – осы мемлекеттің өркендеп өсуі үшін білімді, бәсекеге қабілетті, өз Отанын сүйетін нағыз тұлғаны тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету жолында біздің тер төгуімізге тура келеді. Ол дегеніңіз, болашақ жастардың, оқушылардың бойында патриоттық сезімін ояту. Отанын, елін, жерін, Ата Заңын, мемлекеттік Рәміздерін құрметтеуге үйрету. Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық». Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін қазақ еліне сақтап қалу үшін, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама. Батырлар ерлігі кейінгі ұрпаққа қашан да болса өнеге болатыны сөзсіз. Әрбір адам біздің егемен елімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның жарқын болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай тәрбие беруіміз қажет. Әрбір бала «Қазақстан – менің Отаным, мен Отаным үшін, оның тыныштығына, жарқын болашағы мен абырой, беделіне жауаптымын» - деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсуі тиіс. Осының өзі отаншылдық тәрбие. «Қазақстан біздің ортақ үйіміз, біздің өзіміз де, біздің бабаларымыз да осы жерді мекен еткен. Қазақстанда бірнеше ұлт өкілдері тұрады. Және олардың татулықта және бірлікте тұратыны да біз үшін мақтаныш екенін оқушыларға жеткізе білуі керек. Әрбір ұстаз еліміздің патриоттарын тәрбиелеп шығару үшін алдымен өзі патриот болу керек деп ойлаймын. Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет.

Патриотизм сезімінің оянуы мен қалыптасу үрдісін белгілі бір асқақ сезімдерден, мақтаныш, сүйініштен бөле-жара қарауға болмайды. Ол елінің өткен тарихын мақтаныш тұту, жерінің байлығына, әсем көркіне сүйсіну, атадан балаға жалғасып, жақсы үрдісін тапқан ұлттық тілді құрметтеу. Осы сезімдерді оқушылардың бойына дарытып отырсақ, оқушылар санасында орнығып қалыптасатын асыл қасиеттер ұлттық патриотизм деңгейінде өркен жайып, азаматтық патриотизм биігіне ұласатыны белгілі. Біздің басты мақсатымыз – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениеті, парасаты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер бойында игі қасиеттері бар адамды тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбие – елімізде орын алып отырған көптеген оңтайсыз мәселелерді бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі [1, 8-б.].

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ал келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деп Әл-Фарабидің ұлағатты сөзімен айтқанда біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру және ізгілікке бағдарланған, әсемдікпен қаруланған ұлттық тәлім нәрімен сусындаған халық игілігін жасаушы болашақ азаматты тәрбиелеу, ел ертеңі, ел болашағы - бүгінгі жас ұрпақтың білімді, сауатты, жақсы азамат болып өсуіне, қалыптасуына жол көрсетеді. Адамзаттың болжауынша, жақын болашақта бұрын өткен жүздеген ғасырлар бойына болмаған өркендеулер мен көп өзгерістер болады деп күтілуде. өркениетті әлемнің таңдаулы мүшесі болу - елдің рухани, мәдени қуатына, ғылымы мен біліміне байланысты. Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында, озық көштің бойда ұстар тұсында болады. Тарихқа көз салып, тасқа басылған шежіре -сырларға үңілсек, патриотизм адамға туа беріледі. Ұлт жеке тұлға да, халық ұжым. Халықтың да адамдікі сияқты рухы, жаны және тәні болады. Яғни, оларға қоса сенімі, мәдениеті және ұлттық мемлекеттілігі бар деген сөз. Ұлттық патриотизмдерді өлтіретін ең қатерлі жау – немқұрайлылық пен сана-сезім [2, 24-б.].

Қазақта жақсы сөз бар:

Бір жылдығын ойлаған халық бидай егеді,

Жүз жылдығын ойлаған халық ағаш егеді,

Мың жылдығын ойлаған халық саналы ұрпақ тәрбиелейді.

Сол саналы ұрпақты тәрбиелеу Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, Қорғаныс министрлігінің қолдауымен 2018 жылы «Жас Сарбаз» Республикалық әскери-патриоттық қозғалысы құрылды. Төл тарихын білетін, бүгінгі бағалайтын, Тәуелсіздігін көзінің қарашығындай қорғайтын ұлағатты жас өренді тәрбиелеуді басты мақсаты деп білетін қозғалыста бүгінгі күні еліміздің барлық жастары осы қозғалыстың қатарынан табылуда. Әскери қызметшілерге, сондай-ақ әскерге шақырылуға дейінгі жастарға әскери – патриоттық тәрбие беруді жетілдіру мақсатында 2015 жылы Астанада Қазақстан Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы ашылды. Ол әскери қызметшілер мен әскерге шақырылуға дейінгі жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің үйлестіруші органы болды. Оқушылар мен жастар арасында әскери-патриоттық тәрбиені күшейту туралы тапсырманы орындау үшін, оның ішінде «Жас сарбаз» республикалық балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қоғамдық қозғалысының өңірлік филиалдарын құру арқылы Қорғаныс Министрлігі басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп «Жас сарбаз «балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы» Республикалық қоғамдық бірлестігін құрды. «Жас сарбаз» қозғалысының жарғысы құрылтайшылардың жалпы жиналысында бекітілді және 2018 жылғы 14 қарашада Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелді. 2018 жылғы 30 қарашада ҚР ҚК Ұлттық әскери-патриоттық орталығында жас патриоттармен кездесу өткізіліп, онда әскери-патриоттық қозғалысты одан әрі дамытуға, өңірлерде «Жас сарбаз» қозғалысының филиалдарын құруға бастама берілді.

«Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы еліміздің барлық өңірлерінде қамтылған, соның ішінде Түркістан облысы ерекше басымдылыққа ие. Қазіргі таңда облыста 3 қала, 14

аудан бойынша жас сарбаздың аудан, қалаларда филиалдары, клубтары және жас сарбаз сыныптары бар. Жылда тұрақты түрде «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиыны өткізіледі. «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиыны – бұл бірегей әскери-патриоттық іс-шара. Мақсты – елдегі жастарды әскери-патриоттық бағытта тәрбиелеу, отансүйгіштік сезім мен ер-азаматқа тән қасиеттерді қалыптастыру және жастарды әскери борышын өтеуге қызықтыру. Жастар жиынының ережесіне сәйкес, әр аудан, қаладан 15 оқушы, яғни, 10 ер, 5 қыз бала қатысып өз командасының намысын қорғайды. Жас сарбаздар әскери-қолданбалы спорт түрлерінен, жалпы қорғаныш толығын плащ түрінде газқағарды уақытша кию, әскерилендірілген эстафета, АК-74 автоматын толық емес бөлшектеп, жинау, кермеге тартылу, арқада жатып денені көтеру, әскериленген кросс, саптық жүріс сияқты түрлі нормативтерді орындаулан сайысқа түседі. Түркістан облысында тұрақты түрде «Айбынды жастар – Жаңа Қазақстанның тірегі» атты жас сарбаздарымызды әскерге шығарып салу іс-шарасы облыс көлемінде өткізіледі. Ардагер аталарымыздың, батыр бабаларымыздың өнегелі өмір жолдарын насихаттау мақсатында «Ерлік ерге мұра - ұрпаққа аманат» атты ерлік сабақтары, Жас сарбаздың облыстық слеттары мен форумдары өткізіледі. Қазіргі таңда Түркістан облысындағы 600-ден аса мектептерде жас сарбаз сыныптары бар, жалпы облыста 15 000 астам жас сарбаз мүшелері бар. Республикалық Айбын әскери-патриоттық жастар жиынының көш басында киелі Түркістандықтар тұр. 2021 жылы онлайн форматта өткізілген жиында Түркістан облысы 1-орынға ие болды. 2021 жылдың «ПАТРИОТТАР МЕКЕНІ» атағын жеңіп алды. 2022 жылы офлайн форматта Қарағанды қаласының «Спасск» оқу-жаттығу полигонында өткізілген байқауда Түркістан облысы жүлделі 2-орынды жеңіп алған болатын.

Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның байда даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн. Бұл патриотизмге баулудың жарқын үлгісі іспетті, сол себепті де «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының жастарға берер үлгі, тәрбиесі мол [3, 5-6.].

Бүгінгі күні ғылыми еңбектерде «қазақстандық патриотизм» ұғымы кеңінен қолданыс тауып келеді. Бұл көп ұлтты еліміздің жалпы халықтарына арналған деп айтуға болады. Қазіргі қоғамның патриоттық санасы үш түсінікті құрайды: бірінші – ұлттық-этностық, екінші – жалпыадамзаттық және үшінші – әлеуметтік. Ұлттық-этностық ұлттық намыс сезімі, Отанға деген, ұлт мәдениетіне, тіліне, т.б. деген сүйіспеншілік. Патриоттық сана дегеніміз – Отанға деген ізгілікті қарым-қатынаспен байланысты идеялар мен көзқарастардың, Отанды қорғау мен дамытуға бағытталған адамдардың, әлеуметтік немесе ұлттық топтардың сезімдері мен көңіл-күйлерінің басқарылатын күрделі жүйесі. Патриоттық сана ұлттық, жалпыадамзаттық көзқарастар тұрғысынан қарағанда Отанның бейнесі болып табылатын құнды элементтердің жиынтығын береді.

Сонымен, патриотизм – бүкіл қазақстандықтарға тән. Себебі ортақ Отан, ортақ тарих, ортақ салт-дәстүр, ортақ қазақтың тілі. Отан – от басынан басталады десек, туған облысымыздың, ауданымыз бен ауылымыздың көрнекі жері, тарихы, атаулы оқиғаларын, айтулы адамдардың өмір жолдарын білгізудің мәні зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Раев Д. Қазақстандық патриотизм мен гуманизм // Ақиқат. – 2000. – №89. – Б. 8–10.
2. Сайдахметова Л. Қазақстан мектептерінде оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу. – Алматы, 2002.
3. Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы // Альянс. – 2005. – №3-4. – Б. 5.

А. ӘБДІРАХМАН

МЭМ-111 тобының магистранты

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: PhD, доцент м.а. Г. Момбекова

БИРЮЗА ТҮСТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Аңдатпа. Әрбір ұйымның тиімді қызмет етуі, қойылған мақсаты мен миссиясын орындауы, стратегиясының жүзеге асырудың маңызды шарты – сыртқы орта өзгерістеріне бейімделген, қазіргі тенденцияларды ескере отырып қалыптастырылған басқару құрылымы болып табылады. Бұл мақалада басқарудың жаңа моделі – бирюза түсті басқарудың басқа басқару модельдеріне қарағанда артықшылықтары мен ерекшеліктері қарастырылады және бирюза түсті басқарудың тиімділігі анықталады.

Кілт сөздер: бирюза түсті басқару, модель, өзін-өзі басқару.

Abstract. An important condition for effective functioning, fulfillment of the set goals and mission, implementation of the strategy of each organization is a management structure adapted to changes in the external environment, formed taking into account modern trends. This article discusses the advantages and features of the new turquoise color management model in comparison with other management models, and also determines its effectiveness.

Key words: turquoise management, model, self-management.

Özet. Etkin işleyiş, belirlenen hedeflerin ve misyonların yerine getirilmesi, her örgütün etkili işleyişi, belirlenen hedeflerin ve misyonların yerine getirilmesi, stratejilerin uygulanması modern eğitimleri göz önünde bulundurularak şekillendirilmiş bir yönetim yapısıdır. Bu makalede, yeni turkuaz renk yönetimi modelinin diğer yönetim modellerine kıyasla avantajları ve özellikleri incelenip ve turkuaz renk yönetiminin etkinliği açıklanmaktadır.

Anahtar Kelimeler: turkuaz yönetim, model, öz yönetim.

Аннотация. Важным условием эффективного функционирования, выполнения поставленных целей и миссии, реализации стратегии каждой организации является структура управления, адаптированная к изменениям внешней среды, сформированная с учетом современных тенденций. В этой статье рассматриваются преимущества и особенности новой модели управления бирюзовым цветом по сравнению с другими моделями управления, а также определяется его эффективность.

Ключевые слова: бирюзовое управление, модель, самоуправление.

Басқару – ұйымның құрылымын сақтауды, қызмет режимін қолдауды, қызметтің бағдарламасы мен мақсаттарын іске асыруды қамтамасыз ететін әртүрлі табиғаттың ұйымдастырылған жүйелерінің (биологиялық, әлеуметтік, техникалық және т.б.) элементі және бір мезгілде функциясы.

Қазіргі заманғы басқарудың ерекшелігі оның ресурстардың тапшылығы жағдайында шаруашылықты тиімді жүргізуге бағытталуы, өндірісті әкімшілік әдістермен реттеуді бірте-бірте азайту, өндірісті қарқындату болып табылады. Қазіргі заманғы басқару нарықтың дамуына, өндіріс қаражатымен көтерме саудада тауарлық-ақшалай қатынастардың дамуына, ақшаның айырбасталуына, нарықтық бағаның тұрақтануына ықпал етуі тиіс [1, 36-б.].

Басқару моделінің төмендегідей сатылары бар:

Қызыл түсті ұйым – басшылықтың бағыныштыларды ұстау мақсатында билікті үнемі қолдануы, ұйымның қорқынышын бекітуі, қысқа мерзімді перспективада мақсатқа ұмтылу, реттелмеген қоршаған ортада гүлдеу. Басты ашылу кілті – еңбекті бөлу, көшбасшының шешім қабылдау құқығы. Қызыл ұйымдар ерекше күшті болуы мүмкін (әсіресе, ұйымдар кешірек кезеңдерді жоюға бейім қоршаған ортада), олар өз мүшелерінің іс-әрекеттерінің импульстік сипатына байланысты (мен мұны қалаймын және мен мұны аламын). Қазіргі уақытта бағдарлануына байланысты Қызыл ұйымдар жоспарлауда күшті емес және стратегияда ашық әлсіз, бірақ жаңа қауіп-қатерлерге тез жауап береді, ал жаңа мақсаттарға өте қатал әдістермен қол жеткізіледі. Осы себепті олар хаосқа жақсы бейімделген (азаматтық соғыс немесе қираған мемлекеттер), бірақ стратегияны жоспарлау және әзірлеу мүмкін тұрақты қоршаған ортада күрделі нәтижелерге қол жеткізуге нашар бейімделген.

Янтарь ұйымдар – иерархиялық пирамида ішіндегі өте формальды рөлдер. Менеджмент жоғарыдан төмен басқару және бақылау (не істеу және қалай істеу керек) болып табылады. Процестерді орындау тәртібін мүлтіксіз сақтауда тұрақтылық бәрінен жоғары болу керек. Болашақ өткенді қайталаудан тұрады. Негізгі ашылу кілті – формальды рөлдер (тұрақты және реттелетін иерархиялар), процестер (ұзақ мерзімді перспективадағы іс-қимылдар)).

Янтарь ұйымдардың пайда болуы екі маңызды жаңалық жетістіктеріне әкелді: бұдан былай ұйымдар орта мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлаумен айналыса алады, сондай-ақ тұрақты ұйымдық құрылымдарды құра алады, тұрақты және ауқымды дамуға қабілетті. Екі жетістікті біріктіре отырып, Қызыл ұйымдардың ең батыл армандарынан асып түсетін көрінбейтін мақсаттарға жетуге қабілетті ұйымдар болып табылады.

Қызғылт сары ұйымдар. Мақсаты – бәсекелестік күресте жеңу, өсім мен пайда алу. Жаңашылдық алға басудың тәсілі болып саналады. Мақсаттар бойынша басқару (не істеу керектігі басқарылады және бақыланады, қалай істеу керек екендігі еркін түрде жүзеге асады).

Ашылу кілті - жаңашылдық, жауапкершілік, меритократия.

Қызғылт сары ұйымдар соңғы екі ғасырдың ішінде үлкен әл-ауқаттың секіруін тудырған бұрын-соңды болмаған жаңашылдық дәуірінің басталуы үшін жағдай жасады. Олар бұрынғыдан да, қазір де янтарь ұйымдарда болмаған: ғылыми зерттеулер, маркетинг, азық-түлік санаттарын дамыту сияқты қызмет бағыттарын ашты.

Қызғылт сары ұйымдар пирамиданы базалық құрылым ретінде қабылдайды, бірақ коммуникацияны жеделдету және жаңалықтарды көтермелеу үшін жобалық топтар, виртуалды командалар, кросс-функционалдық жұмыс топтары, штаттағы сарапшылар мен ішкі консультанттар көмегімен оның қатаң функционалдық және иерархиялық байланыстарында тесіктер жасайды.

Жасыл түсті ұйымдар – дәстүрлі иерархиялық пирамида ішінде қызметкерлер өте жоғары дәлелді болу үшін мәдениет пен өкілеттілікті кеңейтуге көңіл бөлінген. Ашылу кілті – өкілеттілікті кеңейту, барлық қызметкерлер бөлетін рухани құндылықтарға негізделген мәдениет, мүдделі тараптардың санын ұлғайту.

Жасыл ұйымдар, ең алдымен, компанияның мәдениетін жоғары қояды. Ұйымдардың жоғары басшылығы бірінші кезектегі міндет мәдениет пен құндылықтарды алға жылжыту деп мәлімдейді. Мәдениетке назар аудару компанияның орталық бөлімшесіне дейін HR қызметінің мәртебесін арттырады [2, 199-б].

Бирюза түсті басқару – басшылық тарапынан бақылау болмайтын, өзін-өзі басқару.

«Бирюза» түсті басқару моделі терминін оны McKinsey & Company компаниясының бұрынғы серіктесі Фредерик Лалу 2014 жылы енгізген. Осы басқару принципін ұстанатын ұйымдар 20 ғасырдың ортасынан бастап бар. Лалу компанияларды өздерінің басқару моделіне сәйкес басқарудың 7 әдісін жасады, олардың әрқайсысына өз түстерін берді, мұнда қызыл түс импульсивті және ұйымдастырылмағанға сәйкес келеді, ал жасыл заманауи адамға жақын әлеуметтік жауапкершілігі бар саналы ұйымға сәйкес келеді. Бірақ Лалу мұның соңғы

қадам емес екенін түсінді және бирюза түсті – эволюциялық модельге ерекше назар аударды [3, 65-6].

Лалу бирюза түстерді еркін еңбекті ұйымдастырумен және орталықтандырылмаған менеджменті бар компаниялар деп атады, онда компанияның әр қызметкері өз миссиясын өз мүмкіндіктеріне қарай анықтайды. «Бирюза» түсті ұйымдарында Лалу қазіргі менеджменттің болашағын көреді.

«Бирюза» түсті басқару моделін қолданатын ұйымдарды көбінесе болашақ немесе өмір сүретін ұйымдар деп атайды. Оларға КРІ(Өнімділіктің негізгі көрсеткіштері – бұл ұйымға мақсатқа жетуге немесе процестің оңтайлылығына, атап айтқанда тиімділігі мен тиімділігіне көмектесетін бөлімше қызметінің сандық көрсеткіштері), басшылық тарапынан бақылау болмайды, ал менеджменттің өзі де жоқ.

«Бирюза» түсті басқарудағы ең бастысы қағидат – бұл эволюциялық мақсат, компанияның миссиясы. Ол ұйым ішінде емес, сыртта бағытталған және тек клиент үшін ғана емес, сонымен қатар кейбір қоғамдастық үшін немесе мүмкін мемлекет үшін де маңызды.

Екінші маңызды қағидат – өзін-өзі басқару. Ұйым билік вертикалының жоқтығына негізделеді: бастықтар минимумы және максималды еркіндік. Классикалық ұйымда бастықтар бұйрықтар береді, бағыныштылар оларды орындайды. Бағыныштылар шешім қабылдауға қатыспайды. Бұл тәсіл қарапайым қызметкерлерге өзін көрсетуге, таланттарды қолдануға және ортақ мақсатқа ие топтың бір бөлігі ретінде сезінуге мүмкіндік бермейді. «Бирюза» түсті ұйымдар, керісінше, көлденең.

«Бирюза» түсті басқару моделінде лауазымдық нұсқаулықтар жоқ, қызметкер өзіне белгілі бір рөлді алып, уәдесін береді, әр бағыт бойынша командадан кері байланыс алып отырады. Процесс барысында ол бірнеше рөлдерді тастап, жаңаларын ала алады. Компанияның кез келген жұмысына қатыса алады. Әлеуетті қызметкер байланысты болатын жаңа жұмысшыларды жалдауды бүкіл компания жүзеге асыруы ұсынылады. Қызметкерлер жұмысына байланысты маңызды сұрақтар қою арқылы адамның оларға сәйкес келетінін, келмейтінін анықтайды. Ұжым жалдамалы жұмыскерлер үшін жауап береді.

«Бирюза» түсті басқару моделінің алғашқы айырмашылығы – алқалық басқару. Бұл жерде әрбір қызметкер компания өміріне қатысады және шешімі арқылы кез келген оқиғаға әсер ете алады. Бұл шешім компанияның негізгі мақсатымен, яғни экономикалық мақсаты – пайда алумен сәйкес болуы қажет. Бірақ пайда – басқару моделіндегі компанияның ең басты мақсаты емес. Пайдамен қатар, теңдік пен бір-біріне деген шыдамдылық жоғары бағаланады. Дегенмен де, бирюза түсті ұйымның негізгі құндылығы ретінде теңдік анықталады [3, 60-6].

«Бирюза» түсті басқару моделінің критерийлері:

- барлық топ мүшелері үшін құндылықтармен жұмыс жасау;
- өзін-өзі ұйымдастырудың толық еркіндігі;
- алқалық басқару және иерархияның болмауы;
- қатаң бақылаудың орнына сенім;
- бұйрықтардың орнына тәлімгерлік;
- орындалған жұмыстың өзін-өзі бақылауы;
- ақпараттың ашықтығы мен ашықтығы;
- лауазымдардың орнына міндеттер;
- мансаптың орнына өзін-өзі тану;
- бәсекелестерге серіктес ретінде қарау;

Мұндай командаларда менеджмент тобы жеке командаларға бөлінген қызметкерлермен бірге жұмыс істейді. Бұл командаларда көшбасшы диктатор емес, дос және ақылшы. Ол міндеттемелердің орындалуын толық бақыламайды, керісінше үйретеді, ұсыныстар береді және үлгі көрсетеді. Жоспарлау, бюджеттеу және бақылаудың орнына командалар бүкіл кеңес қатысатын ішкі кеңес беруді қолданады.

Әр қызметкердің жалақысы туралы мәселе ұжымда шешіліп, компанияның кірісі қызметкердің міндеттеріне қарай бөлінеді. Ешқандай лауазымдар, лауазымдық міндеттер және иерархиялық бөліну жоқ.

Мұнда белгілі бір лауазымды алу немесе мансап үшін жұмыс жасау көзделінбейді. «Бирюза» түсті басқару моделін қолданатын компаниялардың идеологтарының пікірі бойынша мансаптық биіктерді бағындыру қалауы командада бөлінуге әкеледі – бұл «бирюза» түсті тұжырымдамаға тікелей қайшы келеді. Сонымен қатар, мұнда қызметкерлер өз әріптестері үшін өткізетін тренингтер, семинарлар мен медитация кеңінен қолданылады. Корпоративтік іс-шараларға қатысу міндеттемелері жоқ. Егер біреу осы немесе басқа ақпарат қажет емес деп санаса, онда ол уақытты өз қалауы бойынша өткізе алады.

Бұл бизнесті басқаруға, құралдарға және ең бастысы философияға қатысты бұрынғы тәсілдерден ерекшеленеді. «Бирюза» түсті басқару моделі – бизнесті дамытудың жаңа керемет кезеңі [2, 199-б].

Еліміздегі компанияларға «бирюза» түсті басқару моделін енгізу жағдайын анықтау үшін сол ерекшеліктерді қарастырып өтеміз.

Қазақстандық компаниялардың көпшілігі маркетингтік зерттеулер, жарнамалық стратегиялар, ұйымдық менеджмент, шығындарды оңтайландыру тетіктері сияқты сәттерді ерекше ескерместен, пайда алуды түпкі мақсат етеді. Отандық компаниялар өткізетін өнімдер мен қызметтер кейде агрессивті жарнама арқылы ұсынылады, ал сапа ұсынысқа әрдайым сәйкес келмейді. Сонымен қатар, көптеген отандық компаниялардың менеджмент механизмдерінің өзі басқарудың авторитарлық принципіне ие. Ұйымдастыру ортасы әдетте қарапайым, ал корпоративтік мәдениет қалыптастыру сатысында. Қызметкерлердің көпшілігі қызметкерлер штатын өзіне таңдайды, бұл ретте жиі туыстық және өзге де мүдделер назарға алынады, ал жұмыс берушінің таңдауына ұсыныстар әсер етеді, бұл компания қызметінің тиімділігіне әрдайым жақсы әсер етпейді [3, 60-б].

Басқарушы кадрларды даярлау экономикалық дамудан айтарлықтай артта қалып отыр, тиісінше, бізде қазір менеджерлер өздері оқып үйреніп, жұмыс жасауда. Егер шетелдік қатысуы бар компанияның көзқарасы тұрғысынан алып тасталса, онда сенімділіктің көп үлесімен біздің компанияларды өзін-өзі оқитын компанияларға жатқызуға болады.

Қазақстандық менеджменттің оң ерекшеліктері тез өзгеретін сыртқы ортадағы креативтілік пен жеделділік болып табылады. Активтерді әдеттегі иелену, капиталды ұлғайту және ұзақ мерзімді перспективадағы технологияларға жарыс егер басқару деңгейі төмен болып қалуды жалғастырса, тиімді бизнес-әкімшілендіруге қажетті нәтижелер бермейді.

Басқарушылық шешімдердің ерекшелігіне халық мәдениеті үлкен әсер етеді. Бұл параметрдің басқару процесіне әсерін талдау үшін біз Г. Хофстеде бес факторлы моделін пайдаландық. Хофстеде моделі мәдениеттің 5 өлшемін қарастырады (1-кесте):

1-кесте

Факторлар	Қазақстандағы көрінісі
1	2
Билік ара қашықтығы	халық қалыпты немесе рұқсат етілген деп санайтын адамдар арасындағы теңсіздік дәрежесі. Қазақстанда көбінесе басқаруды орталықтандыру байқалады. Демек, Қазақстанда биліктің жоғары арақашықтығы.

1	2
Индивидуализм-ұжымшылдық	Осы елдің адамдары жеке немесе топ мүшелері ретінде әрекет етуді қалайтын дәреже. Қазақстанда көп нәрсе компанияның қай өңірде орналасқанына байланысты. Алматы, Астана қалаларында және басқа да ірі қалаларда қарым-қатынастың жеке сипаты байқалады. Шымкент сияқты қалаларда, әсіресе, аймақтарда адамдар арасындағы бейресми жеке қарым-қатынас, яғни ұжымшылдық дамыған. Қазақстан осы параметрге қатысты аралық орынға ие. Тарихи қазақтар-ұжымдық халық, рулар өмір сүрді, бірақ «жүз» («жүз» – рулар бірлестігі) арасында тітіркендірушілік болды. Соғыстар, шапқыншылық кезінде қазақ халқына «жүздер» арасындағы келіспеушілік, басқа ру өкілдерінің беделін мойындамау, кең аумақ және көшпелі өмір салты сияқты себептерге байланысты бірігу қиын болды.
Ерлер – әйелдік	Қазақстандық компанияларда «ерлер құндылықтары» басым. Басшылар ұтымды ойлау негізінде шешім қабылдайды, тану, табыс, мансаптық өсу, материалдық әл-ауқат, амбицияларды жүзеге асыру мүмкіндігі сияқты құндылықтар басым.
Белгісіздікке қатынасы	Қазақстандық компанияларда белгісіздікті болдырмаудың жоғары дәрежесі. Басшылар төмен тәуекел дәрежесі бар шешімдер қабылдайды, менеджерлер тапсырмаларды орындауға көбірек бағдарланады.
Ұзақ мерзімді-қысқа мерзімді бағдар	Қазақстанда дәстүрлерді құрметтеу, қоғамдық борышты орындау және қабылданған әлеуметтік шарттарды сақтау сияқты құндылықтар үлкен маңызға ие. Қоғам тарапынан тұрақты қысымға байланысты басқалардан нашар емес өмір сүруге деген қатты ұмтылыс сезіледі, тіпті егер бұл қаражат бойынша болмаса да және өзінің қадір-қасиетін ешқашан жоғалтпайды. Біздің елімізде заңгерлер мен экономистердің үлкен санының болуы сияқты факт мысал бола алады. Ата-аналар өз балаларын беделді мамандықтар мен жоғары оқу орындарына басқалардан қалыс қалмай, дәл осындай мамандықтарға беруді қалайды. Адамдар тез нәтиже алуға бағытталған.
<i>Ескерту - [4] әдебиет негізінде автормен құрастырылған</i>	

Шетелдік компаниялардың «бирюза» түсті басқару моделіндегі тәжірибесінің принциптерін негізге ала отырып, мынадай ұсыныстарды ұсынамыз:

Сенім мен отбасылық құндылықтар

Patagonia-ның қағидасы – тек экологиялық таза стандарттарды ұстанатын материалдар жеткізушілерімен жұмыс жасауы. Басқаша айтқанда, жеткізушілер мен серіктестер сапа мен бағаның мінсіз болуы мен олардың ұйымның эволюциялық мақсатымен қаншалықты сәйкес болатыны бойынша таңдалады. Patagonia штаб-пәтерінде бірнеше айдан бастап балабақша жасына дейінгі қызметкерлердің балаларына арналған дамушы балалар орталығы бар. Жиналыста ананың баласын қалай тамақтандыратынын жиі көруге болады. Осы мүмкіндіктің арқасында қызметкерлер бір-бірін тек әріптестерін ғана емес, сонымен бірге балаларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты көрсете алатын адамдарды көрді. Егер әріптестер балаларымен кешкі уақытта бірге ойнаған болса, онда олар үшін келіссөз үстелінде бір-бірінің етек-жеңіне жабысу әлдеқайда қиын болады [3, 61-6].

Қазақстандық компаниялардың көбісі қызметкерлердің балаларына балабақшаға орналастыруына көмек көрсете бермейді. Балалар балабақша кезегінде 1 жылдан астам уақыт тұрады. Компаниялар қызметкерлердің отбасылық құндылықтарына мән беру арқылы, қызметкерлердің компания үшін маңыздылығын сезіндірсе екен.

Позитивті және корпоративті мәдениет

Gallup - американдық қоғамдық пікір институты. Компания өзінің асыл мақсаттарын былайша тұжырымдайды: «Біздің клиенттеріміздің ұйымдарының әл-ауқатын және жер бетіндегі алты миллиард адамның өмірін жақсарту». Нобель сыйлығының лауреаты Даниэль

Кейнеман: «Gallup ұйымы мен көрген басқа ұйымдарға ұқсамайды. Оның мәдениеті соншалықты жағымды әсерге ие болғандықтан, ол жоғалмайтын болып көрінеді... Олар барлығын қамтыды».

Біздің еліміздегі компанияларға да осы принципті қосу қажет, яғни компания қызметкерлерінің әрбір ойына сыйластықпен қарап, құлас асу. Қазақстандық компанияларда көбінесе персоналдардың ойларына мән беріле бермейді.

Бақылаудың болмауы

Buurtzorg компаниясын 2006 жылдың соңында Хос де Блок құрған. Джос он жыл бойы медбике болып жұмыс істеді, содан кейін менеджменттің рөлімен және сол кездегі патронаж жүйесіндегі қызметкерлердің міндеттерімен айналысу үшін мансап сатысында жоғарылады. Оны іштей өзгерту мүмкін емес екеніне көз жеткізгеннен кейін, ол өз құрылысын салуға шешім қабылдады. Науқасқа күтім жасау, оның жоспарына сәйкес, мүлдем басқа парадигмаға негізделуі керек, ал ұйым мүлде басқаша ұйымдастырылуы керек. Buurtzorg өте табысты компанияға айналды және жеті жыл ішінде қызметкерлер саны 10-нан 7000 мейірбикелер мен мейірбикелерге дейін өсті, қызмет көрсету сапасы бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Бюртцоргта бастықтар жоқ. Команданың барлық мүшелері – әдетте 10 мен 12 – денсаулық сақтау қызметкерлері. Олар әдеттегі ұйымдастырушылық міндеттермен бетпе-бет келеді: олар бағыттар мен басымдықтарды анықтайды, мәселелерді талдайды, жоспарлар жасайды, қызметкерлердің жұмыс сапасын бағалайды және кейде қиын шешімдер қабылдайды. Басқарушылық міндеттерді шешуге жауапкершіліктің барлық ауыртпалығын бір адамға, бастыққа жүктеудің орнына, олар бұл міндеттерді өз арасында бөледі. Топтар тиімді басқарылады және өзін-өзі ұйымдастырады [3, 62-6].

Өзара түсіністік пен көмек

Next Jump жыл сайын миллиардтаған сатылымға ие, қызметкерлердің жұмысына тікелей қосылған «сатудың» ерекше арналарын пайдаланады. Next Jump қызметкерлерді дайын емес лауазымдарға итермелеп, жаңа рөлдерді игеруге көмектеседі. Сонымен қатар, Next Jump компаниясы жалдамалы қызметкерлерді ешқашан жұмыстан шығармайды. Ол кез-келген экономикалық ортада кадрларды сақтауға тырысады: «Сіз балаларыңызды отбасылық бизнестен босатпайсыз», - деп компанияның менеджері Чарли Ким жиі қайталайды. Next Jump басшылығы әрқашан адамға мағыналы және тіпті руханиятпен жұмыс істеуге мүмкіндік беру үшін коммерциялық емес немесе меценаттық ұйым болу қажет емес екенін баса айтады. Олар компанияның корпоративті мәдениетімен қамтамасыз етілген. Ол қызметкердің басқаларға көмектесуге тырысатындығын мойындайды. Ол әріптестеріне таңғы ас әзірлеу, мамандықтар бойынша оқу материалдарын дайындау, тіпті ең жақсы тойланатын іс-шаралар сияқты бағдарламаларды қамтиды.

Қазақстандық компанияларда корпоративтік мәдениеттің рөлі аз. Жоғарыда атап өткен шетел компаниясындағыдай, корпоративтік мәдениет жоғары дамыса, яғни тек белгілі бір форманың немесе іс-шараның өткізілуін ғана қамтымай, қызметкерлердің арасында тек өздерінің ғана жұмыстарын атқармай, басқа да персоналдарға түсіністікпен көмек көрсетуге үйренілсе, «бирюза» түсті басқару моделін енгізуге болады деп есептейміз.

Құндылықтар пайдадан жоғары

1982 жылы негізі қаланған AES тез арада әлемдегі электр энергиясын өндірушілер мен жеткізушілердің біріне айналды. Бүгінгі таңда AES-те 40 мыңнан астам қызметкер жұмыс істейді және компанияның кәсіпорындары әлемнің ондаған елдерінде орналасқан. Жаңа қызметкерді жұмысқа қабылдаудан бұрын кандидаттар ұйымның құндылықтары мен дәстүрлері туралы әңгімеге қатысуы керек. Бұл – AES-тің барлық іс-шараларының маңызды бөлігі. Егер компания осы құндылықтар мен пайда арасындағы қарама-қайшылыққа тап болса, ол оның азаюы мен өткізіп алған мүмкіндіктердің төмендеуін білдірсе де, оның құндылықтарын ұстануға тырысады. Сонымен қатар, компания тек экономикалық жетістікке жету үшін ғана емес, сонымен бірге ол лайықты мақсатқа ұмтылғандықтан және өзіне лайықты болғандықтан өзінің құндылықтарын ұстануға тырысады [3,62].

Жоғарыдағыларды есепке ала отырып, қазақстандық компанияларға «бирюза» түсті моделін енгізу үшін қажетті жалпы ұсыныстар:

- Қызықты жұмыс
- Уақытылы тапсырма
- Басқарушы тарапынан қолдау
- Жұмыстың маңыздылығын түсіну
- Бір-бірін толықтыратын тамаша команда
- Өз үлесін қоса алатын үлкен мақсат
- Процесске және нәтижелерге әсер ету мүмкіндігі
- Сенімділік
- Еркіндік

Қорытындылай келе, осы аталған мәселелер тек қана шетел тәжірибесінде ғана емес, қазақстандық компаниялардың басқару жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылды. Қазақстанның қазіргі жағдайындағы әлеуметтік экономикалық жүйелердің қиын және жан-жақты ауысу процесі барысында ұйымның қалыптасуы мен тиімді қызмет етуінің кешенді негіздеудің маңызы зор. Ұйымның басқару құрылымына қойылатын жаңа талаптар – нарықтық қатынастар, кәсіпкерлік белсенділік, әртүрлі меншік формаларына өту, мемлекеттік реттеу мен басқару функцияларының өзгеруін қойылды. Ғылыми негізделген принциптерге сүйеніп құрылған тиімді ұйымдар мен басқару табысты экономикалық реформаларды жүзеге асырудың басты шартына айналды. Әрбір ұйымның тиімді қызмет етуі, қойылған мақсаты мен миссиясын орындау, стратегиясының жүзеге асырудың маңызды шарты – сыртқы орта өзгерістеріне бейімделген, қазіргі тенденцияларды ескере отырып қалыптастырылған басқару құрылымы. Сондықтан, қазіргі таңдағы «бирюза» түсті басқарудың ахуалдылығына мән бере отырып, шетелдік компаниялардағы басқарудың заманауи үлгісінің тәжірибесін қазақстандық компанияларға енгізудің әсерін қарастырдық. Аталып отырған басқару үлгісінің еліміздегі компанияларға қандай нәтиже алып келетініне және артықшылықтары мен кемшіліктеріне мән бердік. Қазақстандық көптеген компаниялардағы персоналдардың тиімсіз жұмыс жасауының бірден-бір себебі – басқарудың заманауи моделін қолданбауында екендігіне көз жеткіздік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Разгуляев В. Бирюзовое управление на практике: Опыт российских компаний. – М.: Альпина Пабlishер, 2019. – 360 с.
2. Захарова Н.О., Бенько Е.В. Бирюзовое управление // Будущее науки. – 2022. – С. 198–201.
3. Лалу Ф. Открывая организации будущего. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2018. – 329 с.
4. Ауелбеков Е.А. Особенности казахстанского менеджмента. [Электронды ресурс]. URL: <http://jurnal.org/articles/2014/ekon47.html> (қаралған күні 26.11.2022)

М. ЕСІРКЕПОВА

ЭҚЖ-011F тобының студенті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: э.ғ.к., доцент м.а. М.А. Кулбаева

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНЕ САЛЫҚ САЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның кірістер саласындағы мемлекет пен бизнес арасындағы өзара әрекеттесудің сапасы еліміздің экономикасын дамуды реттейтін құралдардың бірі ретінде ғылыми-әдістемелік деңгейде терең қарауды және жан-жақты талдауды қарастырған. Қазіргі уақытта Қазақстанда және әлемде бірлескен экономикалық проблемаларды шешу бағытында мемлекет пен бизнес қатынастарын жандандыру үрдісі күшейуде. Осыған байланысты нарықтық экономиканың қалыпты жұмыс істеуінің ажырамас шарты бизнес пен Қазақстанның институттардың сындарлы өзара әрекеттесуі болып табылады. Қазақстанның мемлекеттік кірістер органдары мен бизнестің салық салу саласындағы өзара әрекеттесуінің тиімді тетігін құру мәселесі қазіргі жағдайдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Кілт сөздер: Шағын және орта кәсіпкерлік, экономика, бизнес, салық, патент, жалпы ішкі өнім.

Abstract. The article provides for an in-depth review and comprehensive analysis of the quality of interaction between the state and business in the field of income of Kazakhstan at the scientific and methodological level as one of the tools regulating the development of the country's economy. Currently, in Kazakhstan and the world, there is a tendency to intensify relations between the state and business in the direction of solving joint economic problems. In this regard, an indispensable condition for the normal functioning of a market economy is the constructive interaction of business and institutions of Kazakhstan. The issue of creating an effective mechanism for interaction between state revenue bodies and business in the field of taxation in Kazakhstan is one of the most pressing in modern conditions.

Keywords: small and medium-sized businesses, economy, business, tax, patent, gross domestic product.

Özet. Makale, ülke ekonomisinin gelişimini düzenleyen araçlardan biri olarak Kazakistan'ın gelir alanındaki devlet-iş etkileşiminin bilimsel ve metodolojik düzeyde derin bir yaklaşımı ve kapsamlı bir analizi gözden geçirmektedir. Şu anda Kazakistan'da ve dünyada, ortak ekonomik sorunların çözümü yönünde devlet ve iş ilişkilerinin yeniden canlandırılması eğilimi artmaktadır. Bu bağlamda, piyasa ekonomisinin normal işleyişi için vazgeçilmez bir koşul, Kazakistan'ın iş ve kurumlarının yapıcı etkileşimidir. Kazakistan'ın devlet gelir organları ile vergilendirme alanındaki işlemler arasında etkili bir etkileşim mekanizması oluşturma konusu, modern koşullarda acil olanlardan biridir.

Анаhtar келімелер: кішкүк ve орта өлшекли ішлетмелер, економи, ішлетме, vergiler, patent, gayri safi yurtiçi hasıla.

Аннотация. В статье рассмотрен глубокий подход и всесторонний анализ на научно-методическом уровне качества взаимодействия государства и бизнеса в сфере доходов Казахстана как одного из инструментов регулирования развития экономики страны. В настоящее время в Казахстане и мире усиливается тенденция активизации отношений государства и бизнеса в направлении решения совместных экономических проблем. В этой связи непременным условием нормального функционирования рыночной экономики является конструктивное взаимодействие бизнеса и институтов Казахстана. Вопрос создания

эффективного механизма взаимодействия органов государственных доходов Казахстана и бизнеса в сфере налогообложения является одним из актуальных в современных условиях.

Ключевые слова: *малый и средний бизнес, экономика, бизнес, налоги, патент, валовой внутренний продукт.*

Мемлекет пен оның азаматтары арасындағы салық алуға қатысты қатынастар, шын мәнінде, мүдделер қақтығысын білдіреді. Осылайша, мемлекет өз функцияларын орындау үшін көбірек салық жинауға тырысады. Салық төлеушілер өз кезегінде өтеусіз негізде иеліктен шығарылатын міндетті төлемнің үлесін азайтуға тырысады.


Бұл қақтығыс дамыған және дамушы елдерде әр түрлі көрінуі мүмкін. Қоғам үшін салықтардың маңыздылығын түсіну оның мүшелеріне бала кезінен үйрететін дамыған елдерде ол аз. Нарықтық қатынастар даму сатысында тұрған елдерде салық мәдениеті төмен, сол себепті, бұл қарама-қайшылық айқын көрінеді. Қалай болғанда да, салықтардың рөлі мемлекет экономикасының дамуы мен жұмыс істеуі үшін маңызды болып қала береді. Сондықтан мемлекет экономикалық дамудың қай кезеңінде болмасын, салық салу саласындағы мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттесуін жақсарту қажет. Соңғы жылдары Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан салық салу саласындағы ауқымды экономикалық және әкімшілік қайта құрулар экономиканың макроэкономикалық көрсеткіштерін тұрақтандыру үшін негіз жасады.

Осыған сүйене отырып, мемлекет салық төлемдерін уақтылы және дұрыс алу процесіне ерекше назар аударуы керек, өйткені бизнеске қатысты салық заңнамасының белгілі бір ырықтандырылуына қарамастан, салықтан жалтару әлі де орын алуда.

Осыған байланысты Қазақстанның мемлекеттік кірістер органдары мен бизнестің салық салу саласындағы өзара әрекеттесуінің тиімді тетігін құру мәселесі қазіргі жағдайдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Кәсіпкерлік кодексінің 24-бабына сәйкес осы баптың 3 және 6-тармақтарындағы талаптарында ескерілген шағын және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалар мен кәсіпкерлер, яғни жұмыскерлерінің саны жүзден екі жүз елу адамға дейінгі және (немесе) орташа жылдық кірісі 300 мың еселенген мөлшерінен 3 млн еселенген айлық есептік көрсеткішіне дейінгі кәсіпорындар орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылады [1].

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 1-суретке сәйкес Қазақстанда жұмыс істеп тұрған орта кәсіпорындардың саны 2015 жылмен салыстырғанда 2020 жылы 2897 бірліктен 2486 бірлікке дейін қысқарды. Тіркелген кәсіпорындар саны 3089-дан 2666 бірлікке дейін азайды.



1-сурет – Белсенді және тіркелген орта кәсіпорындар саны

Ескерту – Автор ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде жасаған

Елдегі салық жеңілдіктері кәсіпкерліктің нақты дамуына ықпал етпейді және оны бәсекеге қабілетті етпейді, тең емес жағдайларды ұсына отырып, нарықтық экономикада терең бұрмалаушылықтар туғызады.

Сарапшылар сондай-ақ бизнесті шағын және орта бизнеске ауыстыру кезінде түрлі тексерулер пайда болып, бизнес алақанға түсетінін атап өтті.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, салық ставкалары бойынша жалпы ақпарат 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Кәсіпкерлік кодекс негізінде қалыптастырылған салық мөлшерлемелері

Салықтар	Жалпы	АСР (ШБ)	
		Оңтайландырылған	Патент
КТС	20%	-	-
Әлеуметтік салық	9,5%	1,5%	1,5%
ЖТС	-	3%	1%
ҚҚС	12%	12% (61 млн-нан жоғары болса)	12% (61млн-нан жоғары болса)
ЕТҚ, оның ішінде	33,5%	33,5%	33,5%
ЖТС	10%	10%	10%
Әлеуметтік салық, оның ішінде	9,5%	9,5%	9,5%
ӘСМҚ	3,5	3,5	3,5
ӘСМС жұмыскерден	2%	2%	2%
Жұмысшыдан	2%	2%	2%
Зейнетақы төлемдері	10%	10%	0%
<i>Ескерту – Автор Салық Кодексі негізінде жасаған.</i>			

Мәселен, мемлекеттік органдар жүргізетін шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексерудің тәртібі, кезеңділігі және шарттары қызметтің әртүрлі салаларын реттейтін ҚР-ның заңдарында белгіленген. Жалпы, шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеру үшін жоспарлы тексерулер арасында неғұрлым ұзақ аралықтар және орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерімен салыстырғанда тексерудің неғұрлым қысқа мерзімдері белгіленгенін атап өтуге болады [2, 46-б.].

Салықтан жалтару – салық төлеушінің түрлі заңға қарсы амалдармен салық төлеуден жалтаруы, қашқалақтауы, яғни өзінің салықтық міндеттерін орындамауы.

Қазіргі уақытта елімізде орын алып отырған салықтан жалтару бойынша жүргізілген жұмыстарды зерделеу барысында, оның жиі кездесетін келесідей түрлері мәлім болды, олар:

- Салықтық есепке тұру мерзімін бұзу;
- Салық салу объектісінің есебін жүргізбеу немесе оның есебін заң бұзу арқылы жүргізу;
- Салық салу объектілерін жасыру;
- Салықтық декларацияны уақытында немесе мүлдем ұсынбау немесе салықтық декларацияға бұрмаланған мәліметтерді енгізу;
- Салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді дұрыс есептемеу;
- Салықтардың және басқа да міндетті төлемдердің бюджетке уақтылы немесе толық төленбеуі;
- Салық қызметі органдарының салықтарды есепте және төлеу бойынша құжаттарды тексеруге жібермеуі немесе басқа да әрекеттер қолдану;
- Салық органдары мен олардың жұмысшыларының заңды талаптарын орындамау;
- Салық төлеушінің ашқан есеп және басқа да шоттары туралы салық органдарына хабарламау;

- Салық төлеушіден салықтардың, айыппұлдардың, өсімпұлдардың сомасын өндіріп алу жөніндегі салық органдарының инкассолық талаптарын орындамау;
- Заңды тұлғаны, оның филиалын немесе өкілеттілігін заңды мемлекеттік тіркеуден өткізбей қызмет ету;
- Кәсіпкерлік қызметті лицензиялық және инвестициялық ережелерді бұзу арқылы жүргізу;
- Салық органдарының ережелерін қадағаламау;
- Салық органдары қызметкерлерімен жүргізілген операцияларды тексеруге жіберуден бас тарту.

Аталған себептер салық саласындағы заң бұзушылықтарға, оның ішінде салықтан жалтару сияқты өткір мәселесінің елімізде туындауына әкеліп отыр.

Осыған байланысты ҚР қолданыстағы салық Кодексінің талаптарындағы салық төлеушілерге салықтық бақылау жүргізу және салықтық рейдтер мен тексерулер көмегімен, оның ішінде құжаттық тексерулер арқылы (құжаттық тексерулер кешенді, тақырыптық және қарсы тексерулер) есептік мәліметтерді нақтылау, анықтау, салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді есептеу, оның уақтылы бюджетке толық түсуін жиі қадағалауы саласындағы қызметтерін жетілдіру орынды болмақ.

Салық әкімшілігі жүргізген қызметтерін қорытындылай және талдай отырып, еліміздегі салықтан жалтарудың саналы және санасыз түрлерін бөліп қарастырған орынды деген ойдамыз.

Саналы жалтару – салық заңнамасын нақты білу негізінде салық төлеуші тарапынан жасалатын салықтарды толық және уақтылы төлемеуімен байланысты заңсыз әрекеттері.

Санасыз жалтару – керісінше салық заңнамасын жетік білмеуі немесе толық түсінбеуі негізінде салық төлеуші тарапынан жасалатын салықтарды толық және уақтылы төлемеуімен байланысты заңсыз әрекеттері екенін ескерсек, салық заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету барысындағы салықтық бақылау мен тексерудің міндеттері күрделене түсетіні анық [3, 85-б.].

Шағын және орта бизнестің дамуының және салық жүйесінің негізгі проблемалары мыналар болып табылады:

- 1) бизнестің өсуі мен кеңеюі үшін тиісінше жаңа жұмыс орындарын құру үшін ынталандырудың болмауы;
- 2) бизнесті бастау немесе жақсарту мақсатында алынатын екінші деңгейлік банктердің жоғары талаптылығы;
- 3) елді мекендегі кәсіпкерлердің кейбір ақпараттардан хабарсыз болуы;
- 4) елді мекендерде кәсіпкерлік мектептің болмауы;
- 5) салық жүйесіндегі цифрландыруды халыққа жеткілікті деңгейде қол жетімді болмауы;
- 6) бизнес жүргізу және дамыту туралы тренингтің халыққа қол жетімді болмауы;
- 7) арнайы тренингтердің мемлекет тарапынан қолдау алмауы.

Шағын бизнес секторындағы ең негізгі мәселелердің бірі, ол бұл саладағы қаржы-несие ресурстарының жеткіліксіздігі. Оған себеп, шағын кәсіпкерліктің алғашқы капиталы аз және де алғашқы шығындарын жабуға жетпейді. Ал коммерциялық банктер негізінен өз қаражаттарын сауда операцияларын қаржыландыруға несиелерін бөледі. Ал шағын кәсіпкерлікті несиелеуге олардың қызығушылығы шамалы, себебі, бұл саланың кепілдікке қоятын капиталы аз. Келесі бір мәселе – ол шағын бизнес саласы кәсіпкерліктің ең бір салықтық бақылауға қиыншылық туғызатын экономикалық салаға жатады, егерде ірі өнеркәсіп кәсіпорындары салық органдарының бақылауында болса, мониторинг объектілері ретінде ылғи көңіл бөлінсе, онда шағын кәсіпорындар бұл бақылаудан тыс қалады.

Бюджетке түсетін салықтардың басым көпшілігі аса ірі немесе орташа кәсіпорындардан түседі, бірақ шағын кәсіпкерлікте жергілікті бюджеттердің түсімдерін көбейтуге өз үлестерін қосады.

Оған себеп, біріншіден, шағын кәсіпорындар мемлекеттің өнім өндіру, қызмет көрсету салаларының негізгі көлемін құрайтын болғандықтан, олардан түсетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер қомақты болып келеді.

Екіншіден, кәсіпкерлікпен айналысатын жеке және шағын заңды тұлғалар бұрын есепте жоқ, жаңа салық төлеушілер ретінде бюджет жүйесіне қосымша салық түсімдерін әкеледі.

Салықтық тексерулерге талдау жасасақ, онда мынандай фактілерге көз жіберуге болады: өмірде ең көп салықтық құқықты бұзушылық осы шағын кәсіпорындарда байқалады, әсіресе уақытында салық тіркеуіне тұрмау, уақытында салықтық есепті өткізбеу, түскен қолма-қол ақшаны есепке алмау, жымқыру, бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізбеу және тағы басқалары.

Сондықтан да салықтық бақылауды күшейту осы салада өзінің еңбегін өтейді деп ойлауға болады. Сонда ғана қосымша салықтар бюджетке, әсіресе ірі салық төлеушілерден көбірек түседі. Себебі, мұндай фирмалар салық төлеуден бұлтару үшін тәжірибеде өтірік шағын кәсіпорындарды ашып, солар арқылы өнім бағаларының арқасында қолмен епті іс жасау арқылы салық базасы болатын таза табыстарын жасырып қалады, сол себептен мемлекет қазынасына көп салықтар көлемі түспей қалады [4, 122-б.].

Үшіншіден, салық органдары да шағын кәсіпкерлікпен айналысатын салық төлеушілерді тексеру барысында, алдымен оларға мәлімет жинап, қайсысы салық есебіне тұрғанын, қай салада қызметтерін атқаратындарын, барлық құқық қорғау орындарындағы оларға түскен мәліметтерді жинап, содан кейін ғана білікті әрі сапалы салық тексерулерінің сапасы артып, бюджетке қосымша салықтар түсуіне жол ашылады. Ол үшін:

- әрбір салық төлеушінің, әсіресе шағын кәсіпкерлік саласында тексеру ұйымдары алдымен қолда бар барлық шаруашылық-қаржылық есеп құжаттарына талдау жасау;
- камералдық бақылау барысында негізінен:
- әрбір жеке есеп құжаттарының бір-бірімен байланысын талдап, оның салық базасын шығару;
- есеп беру көрсеткіштерінің салыстырмалығын, олардың салық декларациясында көрсетілгендей табыс көздерінің растығын;
- салық декларациясы мен бухгалтерлік есептің дұрыстығының бағасын, олардың сапасын өздерінде бар мәліметтермен салыстырып, олардың дұрыстығына көз жеткізу.

Төртіншіден, осы шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлердің мәлімет көзін басқа да ұйымдардан, әсіресе қызмет көрсететін банктерден, энергосбыт кәсіпорынынан, жол полициясының және кеден органдарының мәліметтерінен жинап, содан кейін ғана сапалы салық тексерулерін өткізу керек.

Салық төлеушілерді цифрлық салық ортасына тартудың ұсынылып отырған моделін қолдануды салықтық әкімшілендіруді цифрландырудың қазіргі кезеңінде ғана емес, одан да алыс перспективада жүзеге асыруға болады, өйткені модель негізделген теориялық ережелер болашақта салық төлеушілердің салық органдарымен өзара әрекеттесуге уәдесін арттыру мақсатында оларды пайдалануға цифрлық технологияларды бейімдеу үшін де өзекті болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. [Электронды ресурc]. URL: <https://www.freepapers.ru/81/shayn-biznes-subektlerne-arnalan-arnaul/264942.1745208.list1.html>
2. ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заңы. – Алматы: Бико, 2008.
3. Сейдахметова Ф.С. Налоги в Казахстане. – Алматы: LEM, 2002. – 158 с.
4. Абен Т.А. Взаимодействие государства и бизнеса в системе органов государственных доходов в период пандемии // Материалы международной научно-практической конференции на тему «Мониторинг трудового и иного отраслевого законодательства: социально-правовой спект». – Алматы, 2021. – 340 с.

И. ДЖУНАЙДУЛЛАЕВ

СТК-103 тобының студенті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы М. Жәнібеков

ПРОКРАСТИНАЦИЯ ЖӘНЕ УАҚЫТ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі уақыттың өзекті тақырыбы, уақытты басқару мәселесі қарастырылады. Уақытты басқара алмау - істі кейінге қалдыру әдеті. Шаруаны тақалғанда тындыру көпшілігімізге тән. Соның кесірінен жұмыс өнімділігі мен денсаулығымызға нұқсан келеді. Бұл жағдай бәрінің басынан өтеді. Алайда кей адамдар үшін бұл айықпас дертке айналады. Қанша тырысса да еш нәрсені уақытылы тындырмайды. Содан өз-өзіне налиды. Оның себебі әртүрлі: бірсарынды жұмыс, зейін қоядан қиналу, шаршау, сәтсіздіктен қорқу, қызықсыз, ұнамайтын нәрсемен айналысу. Өзіңіздің шамаңызды біліңіз. Ағылшын тілін білмейтін адамға бір аптада ағылшынша сөйлеп үйрен десе, ол орындалмайтыны хақ. Сол үшін де қай уақытқа дейін орындап бітіру керегін дұрыстап ойластырыңыз. Өмірді басқару минутты басқарудан басталады.

Кілт сөздер: уақыт ұйымдастыру технологиясы, жұмыс өнімділігі, әр минутты басқар.

Abstract. The article deals with the actual topic of our time, the problem of time management. The inability to manage time is the habit of postponing things for later. Most of us tend to take a break from the peasantry. Because of this, our productivity and health suffer. This situation happens to everyone. However, for some people it becomes an incurable disease. No matter how hard he tries, he never does anything on time. Then he gets angry with himself. There are various reasons for this: monotonous work, difficulty concentrating, fatigue, fear of failure, doing something boring and unpleasant. Know your size. If a person who does not know English is told to learn to speak English in a week, it is true that this will not be possible. For this reason, carefully consider how long it will take to complete. Life management begins with minute management.

Key words: time management technology, labor productivity, management of every minute.

Özet. Makale, günümüzün güncel konusunu, zaman yönetimi sorununu ele alıyor. Zamanı yönetememe - erteleme alışkanlığı. Köylüye ara vermek çoğumuz için olağan bir durumdur. Bu nedenle verimliliğimiz ve sağlığımız etkilenir. Bu durum herkesin başına gelir. Bununla birlikte, bazı insanlar için ölümcül bir hastalık haline gelir. Ne kadar uğraşırsa uğraşsın hiçbir şeyi zamanında durduramıyor. . Sonra kendine kızdı. Bunun çeşitli nedenleri vardır: monoton çalışma, konsantre olma zorluğu, yorgunluk, başarısızlık korkusu, sıkıcı ve hoş olmayan bir şey yapmak. Bedeninizi bilin. İngilizce bilmeyen bir kişiye bir haftada İngilizce konuşmayı öğren denilirse bunun mümkün olmayacağı doğrudur. Bu nedenle ne kadar sürede tamamlanacağını iyi düşünün. Hayat yönetimi dakika yönetimi ile başlar.

Anahtar kelimeler: zaman yönetimi teknolojisi, iş verimliliği, her dakikayı yönetin.

Аннотация. В статье рассматривается актуальная тема современности, проблема тайм-менеджмента. Неумение управлять временем - привычка откладывать дела на потом. Большинству из нас свойственно отдыхать от крестьянства. Из-за этого страдает наша продуктивность и здоровье. Такая ситуация случается со всеми. Однако для некоторых людей это становится неизлечимой болезнью. Как бы он ни старался, он ничего не делает вовремя. Потом он злится на себя. На это есть разные причины: монотонная работа, трудности с концентрацией внимания, усталость, боязнь неудачи, занятие чем-то скучным и неприятным. Знай свой размер. Если человеку, не знающему английского, скажут научиться говорить по-английски за неделю, это правда, что это будет невозможно. По

этой причине тщательно продумайте, сколько времени потребуется для завершения. Управление жизнью начинается с минутного управления.

Ключевые слова: *технология тайм-менеджмента, продуктивность труда, управление каждой минутой.*

Істі кейінге қалдыра берудің кесірінен уақытты жоғалтамыз. Ал уақыт – ең қымбат ресурс. Содан барып жұмыс өнімділігі төмендейді. Соңына келгенде бәрін бітіруге тырысып, жүйкемізге салмақ түсіреміз. Ұйқы шала болады, отыра бергеннен остеохондроз сияқты аурулар пайда болады. Одан бөлек ол психологиямызға да әсер етеді. Прокрастинацияға ұшырайтын адамдар депрессияға жиі түседі. Уақытты құр өткізгеніңізге қынжыласыз, стресске түсесіз. Бұл мотивацияның жоғалуына әкеледі. Өз-өзіңізді төмен бағалап, қалай негативті адам болып бара жатқаныңызды байқамай қаласыз.

Әлемде 5 адамның бірі прокрастинатор. Жалқаудың ертеңі бітпес деп жатады. Прокрастинация жалқаулық емес. Ол психологиялық мәселе. Кейде оны Скарлетт синдромы деп те атайды. Кез келген маңызды іс, дипломдық жұмысты бірден бастап кетпеу, уақыт созып кәмпит жеу, телефон ақтару сияқты ұсақ-түйекпен алдану. Ондай жағдай бәрінің басынан өтеді. Алайда кей адамдар үшін бұл айықпас дертке айналады. Қанша тырысса да еш нәрсені уақытылы тындырмайды. Содан өз-өзіне налиды. Оның себебі әртүрлі: бірсарынды жұмыс, зейін қоядан қиналу, шаршау, сәтсіздіктен қорқу, қызықсыз, ұнамайтын нәрсемен айналысу [1, 97-б.]

Күнделікті өмірде біз істегіміз келмейтін нәрсеге тап боламыз. Ал одан бас тартуға жүрексінеміз. Соның салдарынан прокрастинация оянады. Жаңа технологиялардың шығуы – тағы бір алаңдатушы фактор. Телефон дыбысы, интернеттегі жазбаларға алаңдаймыз деп прокрастинация жасаймыз. Күнде уақыт жеткіліксіз деп ойлайсыз ба?

Барлығымызға бірдей 24 сағат беріледі – неге кейбір адамдар басқаларға қарағанда уақытын көбірек жұмсайтын сияқты? Жауап: уақытты жақсы басқару.

Уақытты басқару – бұл уақытты әртүрлі әрекеттер арасында бөлуді ұйымдастыру және жоспарлау процесі. Оны дұрыс орындаңыз, сонда сіз аз уақытта көп жұмыс істеу үшін қиын емес, ақылдырақ жұмыс істейсіз – тіпті уақыт тығыз және қысым жоғары болса да.

Ең жоғары жетістіктерге қол жеткізген адамдар өз уақытын өте жақсы басқарады. Уақытты дұрыс басқарудың артықшылықтары.

Уақытты қалай тиімді басқару керектігін білсеңіз, көптеген артықшылықтарды аша аласыз. Оларға мыналар жатады:

- Жоғары өнімділік пен тиімділік.
- Аз стресс.
- Жақсырақ кәсіби бедел.
- Прогресстің жоғарылау мүмкіндігі.
- Өмірлік және мансаптық мақсаттарға жету үшін көбірек мүмкіндіктер.

Жалпы алғанда, сіз өз уақытыңызды қалай тиімді пайдалану керектігін таңдай отырып, өзіңізді бақылауда сезінесіз. Өзіңізді бақыттырақ, еркін және жақсырақ ойлау арқылы сіз басқаларға да өз мақсаттарына жетуге көмектесетін тамаша жерде боласыз. Уақытыңызды қаншалықты дұрыс басқарасыз?

Қолданыстағы көзқарасыңызды бағалаудан бастаңыз. Маңызды істерді жақсы орындау үшін уақытыңызды қаншалықты дұрыс ұйымдастыра аласыз? Әртүрлі әрекеттер арасында уақытты теңестіре аласыз ба? Ал сіз бірдеңе жасауға уақыт тапқанда, сіз назарыңызды аударып, оны аяқтай аласыз ба? Уақытты басқару принциптері - уақытты басқарудың барлық дерлік әдістері үш құрамдас бөліктен тұрады: басымдықтарды анықтау, жоспарлау және құрылымдау.

• Басымдылық. Тапсырманы орындау үшін оның қаншалықты шұғыл, күрделі және маңызды екенін анықтау керек, содан кейін ғана оны орындауға кірісу керек.

Жоспарлау. Тапсырманы орындау үшін оны қашан орындау керектігін және оған қанша уақыт кететінін түсіну керек. Мәселен бір жобаны істеу керек дейік. Еріншек адам жауапкершілік арқалаудан қашып, оны істемеймін деп бірден бас тартады. Ал прократинатор жауапкершіліктен қашпайды, бірақ істі бастап кетуге де бармайды. Стартты ақырын алады. Мұндай адам жобаны кейін жүріп алуы мүмкін.

Яғни, бұл жерде айырмашылық ниетте. Жалқау қосымша істі мүлде істегісі келмейді, оның мәніне бармайды. Ал екіншісі «істей аламын, бірақ істегім келмейді» деген ойда жүреді.

Ғылым не дейді?

Нейробиологтар прокрастинацияға бейім адамды МРТ-ға түсіру арқылы оңай анықтауға болады. Мәселен Рур университетінің ғалымдары прокрастинатордың миында бадамша бөлігі жай адамдікінен үлкен болатынын айтады. Олар мұндай тұжырымға 264 адамға тәжірибе жасап барып келген.

Магниттік-резонансты томографиямен түсіріп жинаған суреттен ғалымдар прокрастинациясы бар адамның ми қабатының ортасындағы бадамша бөлігі мен жұлын жағының арасында байланыс әлсіз болатынын байқаған екен. Бұл – шешім қабылдай алмайтын, жағдайға баға бере алмайтын адамның миындағы өзгеріс. Мұндай физиологиялық өзгерісі бар адам уайымшыл, тапсырылған істі қолға алудан қорқатын, ауытқымалы келетін көрінеді.

Прокрастинатордың ерекшелігі сонда – еріншек күшін үнемдеуге тырысып, артық жұмыстан қашса, прокрастинатор болса энергия үнемдеудің не екенін білмейді. Қазір істелуі тиіс істі уақытында орындамай, басқа нәрсемен айналысып жүре береді. Яғни, тыным жоқ, мазасыз келеді. Істі істеудің орнына әлеуметтік желіні шарлап, ғаламтор ақтарып кетуі мүмкін. Егер прокрастинация күнде болып, бірнеше сағат уақыт босқа кетсе, бұл адамның әлеуметтік жағдайына да, психологиялық жай-күйіне де зиянын тигізеді. Зерттеуге сүйенсек, мұндай адамның жалақысы аз, уайымнан денсаулығы нашар болады екен. Еріншек адам мен прокрастинацияға бейім адамның айырмасы көп. Бір айырмашылығын жоғарыда айттық. Еріншек адам – бір нәрсе істеуден мүлдем қашатын, қолын қимылдатуды қаламайтын жан. Ал прокрастинация – шаруаны бастаудан тартынатын адам. Біріншісі мүлдем істегісі келмесе, екіншісі істеуге жасқанатындар. Табыс табысқа жетелейді. Осыған сүйене отырып, адам кез келген алдыңғы әрекетінің жағымды салдарын тауып, оң көзқарасты сақтауы керек және нәтижесінде оларды одан әрі белсенді әрекетке ынталандыру керек. Табысқа жету үшін өзіңізді марапаттау, өз құндылығыңызды сезіну қажет. Жаңа бизнесті бастағанда, бұрын сәтті әрекеттер болғанына сенімді болыңыз, күнделікті шағын жеңістерді тойлаңыз, бірақ олармен тоқтап қалмаңыз, жеңістердің тапсырмаларға қатынасын қадағалаңыз.

Жағымсыз тәжірибелерден құтылу, ойын-сауық арқылы өмірді мүмкіндігінше жеңілдетуге деген ұмтылыс ешбір жолмен ақталмайды және жағдайды тек ушықтырады. Тәжірибелерді адамның өзі осылай бағалағанда ғана жағымсыз болатындықтан, ол жұмыстан ләззат алуды үйренуі керек және оның сапасын бағалаудан ренжімеу керек.

«Қарама-қайшылық рухынан», сырттан міндеттер жүктеу сезімінен арылу үшін «мен міндеттімін» (жасауға) деген сөзді «мен таңдаймын» (жасаймын) – жақсы ниетпен міндеттемені субъективті түрде әрекетке айналдыру керек. Бұл әдістеменің нұсқасы жоспарлау болады, онда орталық орынды демалу үшін үзілістері бар бизнес емес, бизнеспен қиылысатын демалыс алады. Стэнфордтың философия профессоры Джон Перри «құрылымдық кешіктіру» түсінігін енгізді. Оның теориясы бойынша, кешіктіруді басу мүмкін емес, оны жұмысқа көмекке айналдыруға болады. Маңызды нәрселерден бас тартып, кейінге қалдырушылардың көпшілігі бәрібір бірдеңе жасайтындықтан, олардың әрекеттерін, мысалы, Интернетті шолудан гөрі маңыздырақ бағытқа бағыттау керек. Профессор Перри, әрине, маңызды және шұғыл істер тізімнің басында тұруы үшін тапсырмалар құрылымын құруды ұсынады, бірақ олардан кейін маңыздылығы азырақ, бірақ соған қарамастан, жұмысты талап етеді. Амалсыз кейінге қалдырушы ең маңызды тапсырманы орындамайды,

бірақ оның орнына екінші орында болатын пайдалы нәрсені жасайды. Перри құрылымдық кейінге қалдыру белгілі бір мөлшерде өзін-өзі алдауды талап ететінін атап өтті, өйткені мәні бойынша бұл бір тапсырманы екіншісіне ауыстыру болып табылады. Алайда, егер бұл адам қыңыр және үнемі кейінге қалдыратын тапсырмалардың санаты болса, онда бұл жағдайларда ненің жағымсыз және мүмкін емес екенін анықтау керек. Бұл тапсырмаларды басқа біреуге беру немесе оларды орындаудан толығымен бас тартудың жолын табу мүмкін. Мүмкін, себебін түсіне отырып, адам проблемадан өзі құтыла алады. Кейінге қалдыратын адамдарды жіктеудің бірнеше жолы бар. 2005 жылы жарияланған зерттеуде Чу кейінге қалдыруды екі негізгі түрге бөлуді ұсынды: «пассивті» және «белсенді»:

–«пассивті» жағымсыз тәжірибелердің әсерінен тапсырмаларды орындауды кейінге қалдырады, олар бәрін уақытында жасағысы келетін шығар, бірақ олар мұны істей алмайды;

–«Белсенді» – стресс жағдайында жұмыс істеуге ыңғайлы, белгіленген мерзімге жақындау қысымымен жұмыс істейтіндер, сондықтан олар өздеріне ыңғайлы жағдай жасау үшін тапсырмаларды орындауды әдейі кейінге қалдырады.

• Құрылымдау. Тапсырманы орындау үшін оның орындалу барысы мен нәтижелерін бақылау жолын түсіну керек.

Уақытты басқару әдістерінің көпшілігі құрылымдауға және басымдыққа сүйенеді және тек шағын бөлігі барлық үш принциптің күрделі комбинациясы болып табылады.

Мерзімдері:

Жұмысты жеткізудің нақты мерзімдерін белгілеңіз. Белгіленген мерзімдер сізді тезірек жұмыс істеуге шақырады және кешіктірумен күресуге көмектеседі. Массачусетс технологиялық институтының зерттеушілері тіпті өз бетінше белгіленген мерзімдер де нәрселерді жерден алуға көмектесетінін анықтады. Сонымен қатар, мұндай мерзімдер менеджер немесе конкурстық комиссия белгілеген сыртқы мерзімдерге қарағанда нашар жұмыс істейді. Жеке жағдайларда сыртқы куратор досы, әріптесі немесе туысы болуы мүмкін. Адам бір уақытта бірнеше интеллектуалды әрекеттерді жасағанда, мысалы, телефонда оқып, сөйлескенде, ол әңгіменің мазмұнын да, оқығанын да нашар есте сақтайды. Сонымен бірге ол қандай ақпарат маңызды екенін және қайсысын өткізіп жіберуге болатынын анықтай алмайды. Егер адам бір уақытта тек бір нәрсемен жұмыс істесе, ол тапсырманы жақсы орындайды және ақпаратты жақсы есте сақтайды.

Белгіленген уақыт әдістері

Бұған таймер әдістері кіреді. Егер сіз таймерде жұмыс істеуді әдетке айналдырсаңыз, уақытыңыздың қадірін білетін боласыз, өнімдірек жұмыс жасайсыз, үміттерді басқаруды үйренесіз, ерік-жігеріңізді жаттықтырасыз және шаршаудың алдын аласыз[2, 224-б.].

Прокрастинациядан құтылудың 10 әдісі

1. Уақытты дұрыс бөлу.

Егер сізге бір күнде бірнеше тапсырманы үйіп-төксе, не істеріңізді білмей қаласыз. Қайсысынан бастарыңызды білмей ештеңе бітірмеуіңіз де мүмкін. Сол үшін маңыздылығына қарай істі бөліп қойыңыз. Осылайша сол іске зейін қоясыз.

2. Жоспар құру

Мынаны істеу керек деп ойлап қою жеткіліксіз. Орындалу керек тапсырмаларды күнделікке тізіп қойыңыз. Орындаған нәрсеге + қойып отырыңыз. Осы кезде ішкі мотивация оянады.

3. Мотивация

Мақсатыңыз кұр арман болып қалмас үшін оны жиі еске алу керек. Стикерге, күнделікке мақсатыңызды жазып қойыңыз. Әр орындаған ісіңіз үшін өзіңізге сыйлық жасаңыз. Мысалы кітаптың әр 50-ші бетіне сағыз салып қойыңыз. Ал орындамай қойсаңыз жаза қолданыңыз. Сол күні бір нәрседен бас тартыңыз.

4. Қателесуден қорықпау

Прокрастинацияның бір себебі – қателесуден қорқымыз. Қателесудің жаман емес екенін ұғыну керек. Мінсіз ештеңе болмайды. Ал қателесудің арқасында тәжірибе жинаймыз.

5. Жұмыс орнын ретке келтіру

Жұмыс істейтін орныңызда артық нәрсе болмасын. Шашыраңқылық сізді алаңдатады. Зейін қойып, ләззатпен іске кірісе алмайсыз. Сол үшін жұмыс орнын ретке келтіріп болғасын іске кірісіңіз.

6. Қатаң күн тәртібінен бас тарту

Күн тәртібіңізге расымен маңызды істерді жазыңыз. Бірақ әр минут, секундтың жоспарлау қажет емес. Жоспарланбаған істерге де уақыт қалдырыңыз. Тым қатаң күн тәртібімен жүру жалықтырады.

7. Тамақтану және үзіліс уақыты

Үзіліс уақыты болмаса, шаршап қалуыңыз мүмкін. Сол үшін аз-аздан демалып тұрған жөн. Тамақтану уақытын да ұстану керек. Әйтпесе қарныңыз ашып, жұмыс уақытында асханаға қарай жүгіре беретін боласыз.

8. Қызықты ету

Жұмыс қалай қызық болуы мүмкін деп ойладыңыз ба? Оны ойын ретінде, әріптесіңізбен жарысу арқылы қызықты ете аласыз.

9. Бос қиял

Нәтижені ғана ойлаудың қажеті жоқ. Одан да шешу жолын ойластырған жөн. Қиялдай берсеңіз, энергияны соған жұмсайсыз әрі іске жеңіл-желпі қарайсыз.

10. Есеп беру

Кешке өзіңізге есеп беріңіз: не істедіңіз, не бітірмедіңіз? Өзіне есеп бермейтін адам шаруаны ертеңге қалдырып, істі қиындататынын түсінбейді. Есеп беру арқылы қалай жеңгеніңізді байқайсыз. Ертерек бітіру арқылы бос уақыт пайда болғанына қуанасыз.

«Ертең» деп аталатын пойыз «Ешқашан» деп аталатын станцияға апарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Scott S.J. How to Stop Procrastinating: A Simple Guide to Mastering Difficult Tasks. – California: Oldtown Publishing LLC, 2017. – 158 p.
2. Jane B. Burka ‘Procrastination: Why You Do It, What to Do about It Now’. – Boston: Da Capo Lifelong Books, 2007. – 338 p.
3. Damon Zahariades ‘The Procrastination Cure: 21 Proven Tactics For Conquering Your Inner Procrastinator, Mastering Your Time, And Boosting Your Productivity! – 2017. – 166 p.

М. БЕРДИБЕКҰЛЫ

ЗХҚ-111 тобының студенті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы А. Тұрсын

САЯСИ КӨШБАСШЫЛЫҚ

Аңдатпа. Мақалада «саяси көшбасшылық» ұғымына анықтама беріле отырып, оның әдіснамалық аспектісі мен тұжырымдамасы қарастырылған. Сонымен қатар, қоғамдық саяси көшбасшылық теориясы зерттеліп, қоғамның жаңғыруындағы қазақтың саяси көшбасшысының қалыптасу мәселесі талқыланды. Қорытындылай келе, «саяси көшбасшылық – бұл көшбасшылықтың жаңа стилі емес, оның әлеуметтік топтарының барлығының немесе көпшілігінің дамыған саяси санасы бар азаматтық қоғамда билікті ұйымдастыру тәсілі», - деген шешімге келеміз.

Кілт сөздер: көшбасшылық, саяси көшбасшылық, концепция, теория, қоғам, билік, ұлт, тұлға.

Abstract. The article describes the concept of «political leadership», its methodological aspect and concept. In addition, the theory of public and political leadership was studied, and the issue of the formation of a Kazakh political leader in the conditions of modernization of society was discussed. In conclusion, «political leadership is not a new style of leadership, but a way of organizing power in a civil society with a developed political consciousness of all or many of its social groups».

Keywords: leadership, political leadership, concept, theory, society, government, nation, personality.

Özet. Makalede «politik liderlik» kavramı, metodolojik yönü ve kavramı açıklanmaktadır. Buna ek olarak, kamusal-politik liderlik teorisi incelenmiş ve toplumun modernizasyonu koşullarında Kazakistan'ın siyasi liderinin oluşumu konusu tartışılmıştır. Sonuç olarak, «siyasi liderlik yeni bir liderlik tarzı değil, toplumsal grupların birçoğunun gelişmiş bir siyasi bilincine sahip bir sivil toplumda iktidarı örgütlemenin bir yoludur».

Anahtar kelimeler: liderlik, politik liderlik, kavram, teori, toplum, güç, ulus, kişilik.

Аннотация. В статье описывается понятие «политическое лидерство», его методологический аспект и концепция. Кроме того, изучена теория публично-политического лидерства, а также обсужден вопрос формирования казахстанского политического лидера в условиях модернизации общества. В заключение, «политическое лидерство-это не новый стиль лидерства, а способ организации власти в гражданском обществе с развитым политическим сознанием всех или многих его социальных групп».

Ключевые слова: лидерство, политическое лидерство, концепция, теория, общество, власть, нация, личность.

Біздің заманымызға дейінгі 430 жылдың өзінде Ежелгі Грекияның белгілі саяси қайраткері Перикл: саясатты аз ғана адамдар жасайды, алайда ол жөнінде бәрі де пікір айтады, - деген екен. Қоғамда көптеген адамдар мен әлеуметтік топтардың әдетте саяси өмірге күнделікті тікелей қатынаса алмайтыны белгілі жайт. Мұнымен саяси көшбасшылық деп ғылыми анықтама алған және өз арасынан дайындығы әрі беделі бар көшбасшылар ұсынатын кәсіби саясаткерлер, адамдардың ерекше жігі шұғылданады. Осымен байланысты саяси көшбасшылыққа және саяси көшбасшыға қызығушылық таныту, осы күрделі де маңызды әлеуметтік құбылысты пайдалануға талпыныс жасау көнеден тамыр тартады.

Саяси шешімдерді қабылдауға тікелей әсер жасайтын, саяси билік жүргізуге қатысатын немесе оған ықпалы бар айрықша топты - саяси көшбасшылық деп айтады.

Билік саяси қызметтің объектісі ретінде белгілі бір операцияларға ұшырайды, олардың арасында:

- жаулап алу – билікті алу немесе басып алу қызметі;
- иелік ету – яғни белгілі бір адамда биліктің болуы;
- ұстап қалу – осы адамның билігін сақтау жөніндегі қызмет;
- пайдалану – осы адамға тиісті өкілеттіктерді берген осы адамның немесе топтың мүддесі үшін билікті қолдану жөніндегі қызмет;
- трансформация-яғни билікті ресурс ретінде ресурстардың басқа түрлеріне (қаржылық, ақпараттық және т.б.) айналдыру.

Саяси көшбасшы – саяси биліктің тасымалдаушысы [1, 416-б.].

Контркөшбасшылық – бұл билеуші көшбасшылыққа қатысты оппозиция ролін сол сәтте атқаратын саяси көшбасшылықтың бөлігі. Кейде оның да билеуші топқа кейбір басқару және кадрлық шешімдер қабылдауға жеткізетін қысым жасау ресурстары болады. Дәрежесі кіші, орташа және жоғары қызметтегі шенеуніктер билеуші көшбасшылыққа тән белгілерді иеленбеген. Олар салыстырмалы түрде қосымша рөл атқарып, билеуші көшбасшылық қабылдаған саяси бағыт пен шешімдерді өмірде жүзеге асырушылар ғана.

Саяси көшбасшылық – бұл қоғамды басқаруда билеуші қызметін атқаратын және мемлекеттік билікті қолына шоғырландырған, маңызды саяси шешімдер қабылдауға қатысатын мамандандырылған әлеуметтік жеңілдігі бар топ. Қоғамның саяси көшбасшылығының құрамына биліктік функцияны және уәкілдік құқты иеленген жоғарғы дәрежелі қызметтегі кәсіби саясаткерлер кіреді. Саяси көшбасшылықтың құрамына сонымен бірге, қоғам дамуының стратегиясын дайындауға, саяси бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатынасуға кәсіби дайындығы бар жоғарғы мемлекеттік қызметкерлерді жатқызуға болады.

Ғылыми жобаның методологиялық және теориялық негізіне еліміздегі және алыс-жақын шет елдегі саясаттану теориясы саласындағы кейінгі жылдардағы соңғы зерттеулер құрады. Саяси көшбасшылықтың төменгі жігін жергілікті жердегі саяси қайраткерлер-басшылар, жергілікті билік органдарының депутаттары және аймақтық деңгейдегі партия қайраткерлері қалыптастырады. Сонымен қатар, саяси көшбасшылықтың төменгі жігі өзіне қызметші-басқарушыларды, мемлекеттік орталық және аймақтық деңгейдегі шенеуніктерді қосқан. Негізінде ол әкімшілік -бюрократиялық аппараттың көптеп саналатын өкілдерін қамтиды.

Әкімшілік көшбасшылық жеке құрамында – ол министрліктер, департаменттер және мемлекеттік басқарудың басқа да органдарына жоғары орын алған мемлекеттік қызметшілердің жоғарғы жігі. Әкімшілік көшбасшылық саяси көшбасшылықты жалғастырушы, ұйымдық белгісі бойынша оны өз алдына жеке топқа бөлуге де болар еді. Әлеуметтану зерттеулері бюрократияны салыстырмалы түрде өздерінің мүдделері мен мүмкіндіктеріне орай іштей біріккен дербес әлеуметтік жік екенін көрсетеді.

Экономикалық көшбасшылық – бұл меншік ресурстарының негізінде билік құрылымына өзінің қатынасуын іске асыратын билеуші көшбасшылықтың бөлігі. Экономикалық көшбасшылыққа өз қолдарында материалдық және қаржы ресурстарын шоғырландырған: ірі корпорациялар, банктердің иелері және олардың менеджерлері, бизнесмендер және т.б. адамдар кіреді [2, 520-б.].

Саяси қызметтегі басқару стилі-бұл басшылардың және саяси ұйымдағы көшбасшылардың персоналға қатысты басқару қызметін жүзеге асыруының ерекшелігі, осы ұйымның белсенділерінің жақтаушылары. Басқарудың үш негізгі стилі ерекшеленеді: авторитарлық, демократиялық және рұқсат етуші.

Белгіленген басқару стильдерін қолдануды саяси ұйымның көшбасшысы белгілі бір жағдайға, сондай-ақ оның жеке сипаттамаларына байланысты анықтайды. Сонымен,

көшбасшылардың әртүрлі түрлерін олардың саяси қызметтегі басқару рөлдері тұрғысынан ажыратуға болады, мысалы:

- көшбасшы – ұйымда шешім қабылдау кезінде проблемалық жағдайдан шығудың мүмкіндіктері мен тәсілдерін арттыру функциясын жүзеге асыратын идеялар генераторы;
- көшбасшы – мотиватор, оның қызметі жұмылдыру және белсенділікке шақыру;
- ұйымды қабылданған шешімді іске асыру тәсілдерімен қамтамасыз ету және ортақ мақсатқа қол жеткізу процесінде реттеуші өзара іс-қимыл функциясын жүзеге асыратын көшбасшы-ұйымдастырушы;
- ұйымның қызметкерлері арасында функцияларды бөлетін және олардың қызметі мен өзара іс-қимылын үйлестіретін көшбасшы-диспетчер;
- қабылданғандардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыратын көшбасшы-бақылаушы.

Саяси қызметте әрқашан белгілі бір партияның жетекшісі әрқашан мемлекеттегі маңызды лауазымдардың біріне үміткер екенін есте ұстауыңыз керек. Тиісінше, белгілі бір көшбасшыны алға жылжыту саяси ұйымға қоғам алдында қосымша жауапкершілік жүктейді. Партиядағы көшбасшылық пен мемлекеттегі көшбасшылықтың арасында тек ең барабар саяси қайраткер ғана толтыра алатын үлкен кеңістік бар екенін ұмытпауымыз керек. Осыған байланысты Саяси көшбасшылықтың қажетті шарттарын тұжырымдау өте маңызды. Оларға келесі аспектілерді жатқызуға болады:

- саяси көшбасшы – бұл стратегиялық деңгейдегі көшбасшы, оның міндеттеріне саяси болжау және саяси жағдайдың өзгеруіне жауап беруге дайын болу кіреді;
- саяси көшбасшы өз командасын құруға міндетті, ол, жоғарыда айтқанымыздай, саяси ұйымды, ал болашақта мемлекетті дамытудың Кадрлық негізі болуға тиіс;
- саяси көшбасшы ұйымдағы және ықтимал мемлекеттегі ағымдағы міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін күнделікті әкімшілік жұмысты ұйымдастыра білуі керек;
- саяси көшбасшы ұйымның ішінде және сыртында позитивті ұсыну үшін қолайлы тәсілге ие болуы керек;
- саяси көшбасшы саяси жағдайдағы өзгерістерді сезінетін барабар және заманауи адам болуға арналған [3, 44-б.].


Көшбасшылық теориясын көзқарастар жүйесі ретінде XX ғасыр басында Италия ғалымдары Г. Моска, В. Парето, неміс ғалымы Р. Михельс және т.б. қалыптастырды. Моска мен Парето көшбасшылықтың өзі бірегей мүдделері бар біртұтас топ ретінде қарастырылмайтындығын айтып, көшбасшылықтың ішінде де өзара бәсекеге түскен әрқилы топтардың барын көрсетеді [4, 26–35-бб.].

Франция саясаттанушысы Р.Ж. Шварценбергер «Абсолюттік құқық» деген еңбегінде қазіргі көшбасшылықты жабық каста ретінде сипаттайды. Францияда ол саясаткерлерден, жоғары әкімшіліктен және іскер адамдардан тұратын биліктің үшбұрышын құрайды. Олар үкіметті қалыптастырады, мемлекетті билейді, ірі корпорациялар мен банктерді басқарады. Сонда қоғамда саяси көшбасшылықты тудыратын факторлар 1-суретте берілген.

Қазақ тарихында жете көңіл аударып, арнайы зерттеуге лайық мәселелердің бірі басқарушы көшбасшылықтың түрлі кезеңдерде ұстанған позициясы, оның ішіндегі түрлі топтардың, көрнекті өкілдерінің қоғамдық-саяси қызметі. Бұл тақырыптың өзектілігі айқын, өйткені барлық тарихи кезеңдердегі қазіргі уақыттарда да басқарушы топтың еліміздің бүгінгі және ертеңгі тағдырына тигізер ықпалы аса үлкен [5, 79-б.].

XX ғасырдан бертін келе елімізде саяси көшбасшылықтың қалыптасу процесіне көптеген кедергілер кездесуде. Саяси көшбасшылықтың қалыптасуының бірнеше жолдары бар. Соның бірі Парламентке сайлаудың демократиялық жүйесі, яғни әр түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің саяси көшбасшылық тобына өтуіне мүмкіндік берілуі. Пропорционалды сайлау жүйесі, саяси партиялардың өз өкілдерін парламентке партиялық тізім бойынша ұсыну ерекшеліктері саяси көшбасшылық құрамын өзгертуге жол ашады. Елдің саяси көшбасшылық бейнесі болашағы, білім беру жүйесінің хал-жағдай мен өлшемі пікірталас тудыратыны шындық.

Сондықтан білім беру жүйесіне ерекше көңіл аудару саяси қабілеттің артуына сенім білдіреді.



1-сурет – Қоғамда саяси көшбасшылықты тудыратын факторлар

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев қазақ елінің дамуына және өсіп өркендеуіне жол ашқанын бәріміз білеміз. Оның жазған еңбектері мен қиын уақытта ұстанған саяси іс-әрекеттері арқылы біз оны саяси көшбасшы ретінде танимыз. Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстанда 2003 жылдан бері табысты жүзеге асырылып келе жатқан осындай асыл және маңызды міндет — тамырға оралуға арналған.

Бұл идеяны негіздей отырып, Н. Назарбаев: «Мәдениет – бұл ұлттың, оның жанының, ақыл-ойының және тектілігінің көрінісі. Өркениетті халық өз тарихының барысын, мәдениеттің дамуын, елді дәріптеген және ой мен өнердің әлемдік жетістіктерінің алтын қорына зор үлес қосқан ұлы адамдарды мақтан тұтады. Мәдениет, ұлт дәстүрлері арқылы белгілі болады». Бағдарламаны орындауға үздік отандық ғалымдар мен мамандар тартылды [6, 124–125-бб.].

Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекетті ойлауының тағы бір айғағы – оның Ұлттық қор құруы. Ол тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап құлшынысты қожайын ретінде: Батыстың бірқатар озық елдерінің үлгісі бойынша Қазақстанда пайдалы қазбаларды сатудан түсетін ақшалай түсімдерді жинақтау міндеті болып табылатын отандық «болашақ ұрпақ қорын» құру идеясын көтерді. Сонымен бірге, егер ел қаржылық қиындықтарға тап болса, Қор «сақтандыру сомасына» айналуы керек еді. 90-жылдардың ортасында мұндай қор құрыла алды. Президенттің бұл ісінің дұрыстығы 2000-шы жылдардың соңында, Ұлттық қордың қаражаты Қазақстанға әлемдік қаржы дағдарысының жойқын әсерін көрсетуге көмектескен кезде расталды [7, 92-б.].

Тәуелсіз Қазақстанның құрылыс тарихында Н.Ә. Назарбаев әзірлеген, содан кейін қоғам мақұлдаған және «ресурс үнемдеу және нарыққа көшу стратегиясы» және «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен Даму стратегиясы» іс-әрекетіне басшылық ретінде қабылданған осындай іргелі құжаттар болды. Олардың логикалық жалғасы оның «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы және «Қазақстан-2050» Стратегиялық бағдарламасы болды.

Н.Ә. Назарбаевтың шынайы туындысы болып табылатын және теория сатысынан практикалық іске асыруға дейін көтерілген интеграциялық бастамалардың бірі туралы толығырақ айтып берудің мәні бар.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында, Кеңес Одағы ыдыраған кезде, Нұрсұлтан Әбішұлы келе жатқан ХХІ ғасыр жалғыздықтың уақыты емес екенін және дамудың жалғыз дұрыс жолы интеграция арқылы жатқанын түсінді. Ол бұл жол туралы өзінің көзқарасын 1994 жылдың көктемінде М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің қабырғасында оқыған ашық дәрісінде тұжырымдады. Егер кейбір адамдар оның идеясын сенімсіздікпен қабылдаса, онда ең көрегендер сенімді дамудың қандай сарқылмас әлеуеті ол үшін ашылатынын мойындай алмады [8, 45–51-бб.].

Қорытындылай келе, саяси көшбасшы – бұл саяси ұйымның басшысы ғана емес, сонымен бірге оның саяси кеңістіктегі құндылықтарының тасымалдаушысы болуға және саяси ұйымның белсенділері, жақтаушылары мен сайлаушыларының кристаллизаторы рөлін атқаруға мүмкіндік беретін ерекше қасиеттерге ие саясаткер.

Саяси қызметтегі басқару стилі-бұл ұйымның қызметкерлеріне, жақтаушылары мен белсенділеріне қатысты саяси ұйымдағы басшылар мен көшбасшылардың басқару қызметін жүзеге асырудың ерекшелігі.

Қоғам өз қызметін дербес реттей алмайтындығына, яғни көшбасшысыз жасай алмайтындығына сүйене отырып, ол көшбасшыны даярлау үшін барлық жағдайларды жасауы керек, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары, биліктің бөлінуі, заңнама тарапынан көшбасшыны бақылау жүйесін құруы керек. Мұндай бақылаудың мақсаты - көшбасшының жеке өміріне қызығушылық тудыру емес, қарапайым азаматтардан және тіпті оның жақын ортасынан гөрі азғырулардан аулақ болу. Көшбасшы мен оның жақтастарының қоғамның бақылауына ашық билігі билікті де, халықты да сауықтырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Политология: Учебное пособие. – М.: ФАИР-ПРЕСС, 2000. – 416 с.
2. Политология: Учебное пособие. – М.: РАГС, 2002. – 520 с.
3. Тұхмарова Ш. Саяси көшбасшылық және оның қоғамдағы рөлі // Адам әлемі. – 2002.
4. Сыздықов Ұ. Саясаттану: Оқулық. – Алматы: ҚазҰТУ, 2006.
5. Саяси ілімдер тарихы. – Алматы: Білім, 2008. – 79 б.
6. Нұрман Ш.Т. Қазақ саяси көшбасшылығының кеңестік жер және қоныс аудару саясатына көзқарасы // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2004. – Б. 124–125.
7. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Жібек жолы, 1999. – 232 б.
8. Байғұт М. Тұңғыш: ҚР Президенті Н. Назарбаев туралы // Егемен Қазақстан. 2005.
9. <https://dodiplom.ru/ready/108376>
10. [Электронды ресурc]. URL: https://el.kz/ru/initiatiivi_nazarbaeva__ot_lokal_nih_do_global_nih___25842/ (қаралған күні 15.10.2022)

А. БАҚТЫБАЙҚЫЗЫ

ӘЖК-111 тобының студенті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор С. Садықов

**ҚАЗАҚТЫҢ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАҒЫТТАҒЫ
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРЫ**

Аңдатпа. Мақалада 1917 жылы 2 қарашада (ескі стиль бойынша) қабылданған «Ресей халықтарының құқығы Декларациясында» Кеңес билігі ұлттық саясатында төмендегідей принципті ұстанатынын жеткізді: Ресей халықтарының теңдігі мен бостандығы. Ресей халықтарының өзін-өзі ерікті айқындау, бөліну және дербес мемлекет құруға дейінгі құқығы. Барлық және түрлі ұлттық және ұлттық-діни артықшылықтар мен шектеулерді болдырмау. Ресей аймағында тұратын аз ұлттар мен этнографиялық топтардың ерікті дамуы. Бастапқы кезеңде большевиктер MOST BEHO партиясының көсемі В.И. Ленин әлеуметтік процестерді басқарудың теориялық негіздерін жасап, ғылыми түрде негіздеді, әрі көзі тірісінде дәйектілікпен іс жүзіне асыра бастады.

Кілт сөздер: 1917–1918 жылдар, жалпыұлттық бағыт, демократиялық басылымдар, «Қазақ» газеті, «Сарыарқа» газеті, «Бірлік туы» газеті.

Abstract. In the article, the «Declaration of the Rights of the Russian Peoples» adopted on November 2, 1917 (in the old style) stated that the Soviet government adheres to the following principle in its national policy: equality and freedom of the Russian peoples. The right of the people of Russia to self-determination, self-determination and the creation of an independent state. Avoid all and sundry national and national-religious privileges and restrictions. Voluntary development of minorities and ethnographic groups living in the territory of Russia. In the initial period, the leader of the Bolshevik MOST BEHO party, V.I. Lenin, created the theoretical foundations of the management of social processes, scientifically based them, and during his lifetime began to consistently put them into practice.

Key words: 1917–1918, nationwide direction, democratic publications, «Kazakh» newspaper, «Saryarka» newspaper, «Birlik Tuy» newspaper.

Özet. Makalede, 2 Kasım 1917'de (eski usulde) kabul edilen «Rus Halklarının Hakları Bildirgesi», Sovyet hükümetinin ulusal politikasında şu ilkeye bağlı kaldığını belirtiyordu: Rus halklarının eşitliği ve özgürlüğü. Rusya halkının kendi kaderini tayin etme, kendi kaderini tayin etme ve bağımsız bir devlet kurma hakkı. Bütün ve muhtelif millî ve millî-dinî imtiyaz ve kısıtlamalardan kaçınan. Rusya topraklarında yaşayan azınlıkların ve etnografik grupların gönüllü gelişimi. İlk dönemde, Bolşevik MOST BEHO partisinin lideri V.I. Lenin, sosyal süreçlerin yönetiminin teorik temellerini oluşturdu, bilimsel olarak temellendirdi ve yaşamı boyunca bunları tutarlı bir şekilde uygulamaya başladı.

Anahtar kelimeler: 1917-1918 yıllar, ülke çapında yön, demokratik yayınlar, «Kazak» gazetesi, «Saryarka» gazetesi, «Birlik Tuy» gazetesi.

Аннотация. В статье «Декларация прав народов России», принятая 2 ноября 1917 г. (по старому стилю), констатировалось, что Советская власть в своей национальной политике придерживается следующего принципа: равноправия и свободы народов России. Право народа России на самоопределение, самоопределение и создание независимого государства. Избегайте всяких и всяких национальных и национально-религиозных

привилегий и ограничений. Добровольное развитие малочисленных народов и этнографических групп, проживающих на территории России. Вначале лидер большевистской партии МОСТЬ БЕХО В.И. Ленин создал теоретические основы управления общественными процессами, научно их обосновал и еще при жизни начал последовательно претворять в жизнь.

Ключевые слова: 1917–1918 гг., общенародное направление, демократические издания, газета «Казах», газета «Сарыарка», газета «Бирлик туы».

«ҚАЗАҚ» газеті

XVIII–XIX ғасырлардағыдай қолға қару алып, көтеріліс жасаудың халық үшін тек зиян әкелетіні көзі қарақты әр азамат үшін анық еді. Ұлт тағдырына өздерін жауапты сезінген Алаш қайраткерлері қазақ халқының мүддесін қорғауда білектің күшімен емес, ақыл-ойдың қарымымен есе қайтарудың жолын таңдады. Бұл жол ұлттың мүддесін қорғауда ұлттық-саяси мінберге айналған «Қазақ» газетін өмірге әкелді.

1913 жылдың 2 ақпанынан бастап халыққа жол тартқан «Қазақ» газеті 1918 жылға дейін 266 саны шығып үлгеріпті. Халықтың көзі, құлағы һәм тіліне айналған «Қазақ» газетіне биыл 110 толды.

1913 жылы 2 ақпаннан бастап «Каримов, Хусаиновтар баспаханасынан» шығып тұрған басылымның неліктен «Қазақ» аталғанына тоқталайық. Бұл туралы алаштанушы-ғалым М. Қойгелдиев: «Қазақ» газеті, белгілі дәрежеде, сол кезеңдегі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ең белсенді қайраткерлері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және М. Дулатовтың үлкен еңбегінің ортақ жемісі еді» [1, 27-б.] деп объективті бағасын берді.

Басылымның «Қазақ» аталуында екі түрлі мағына барлығы аңғарылады. Біріншіден, газет жалпыұлттық газет болғандықтан, мақсаты жері бөлшектеніп, елі бытырап жүрген қазақ халқын топтастырып, бір ортаға біріктіру болғандықтан да ұлт атын иемденіп «Қазақ» аталды. Екіншіден, кітәби, әдеби, ғылыми айналымда қазақ атының өз аты аталмай, қырғыз аталып келгендігі белгілі, сондықтан, туған халқының төл атын қайта оралту мақсатында, қазақ зиялылары өз баспасөзін осылай атауды мақұл көрген. Ахмет Байтұрсыновтың бұл жайында: «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетамыздың есімін «Қазақ» қойдық» [2, 89-б.] - дейді. Осыдан аңғаратынымыздай, ұлт зиялалары газетті шығаруда ұлттың мүддесін басты орынға қойды. Бұл азаттық қозғалыстың XX ғасырдағы өркениетті түрі болатын.

Ал басылымның қара жүгін арқалау міндеті – Әлихан, Ахмет, Міржақыптардың мойнына түсті.

«Газетті жұрт керек қылмаса, миллиондап капитал ол үшін жұмсамас еді. Осылардың бәрі де газет керек нәрсе екендігін көрсетеді. 1907 жылғы санаққа қарасақ, Россияда сол жылы екі мың бір жүз жетпіс үш есімді газет һәм журнал шыққан екен. Оның бір мың үш жүз тоқсан алтысы орыс тілінде, сегіз жүз алпыс жетісі басқа тілде басылыпты. Сол сегіз жүз алпыс жетінің ішінде біздің татар қандастарымыздың отыз шамалы газеті-журналдары болды. Бізде біреуі де болмады. Онан бері бес жыл өтті. Бұл бес жыл ішінде газет журналдардың саны бұрынғыдан да өсті. Біз де құр қалғанымыз жоқ. «Айқап» журналы шықты. Бұл бұрынғыдан гөрі, бір адым болса да ілгері басқанымыздың белгісі. Бірақ бір адым ілгері басып, сол күйімен тұрып қалсақ, онымен алысқа ұзай алмаймыз. Ілгері басқанның үстіне ілгері басуымыз керек. Озғандарға жету керек, жеткендерден озу керек. Дүниенің төріне қызыққандар төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр. Есікте қалмай, төрге тырмысалық, басқалар төрге қарай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік. Басқалардың заманға қарай өтіп жатқан амалын көруімізге газет-журнал керек» [3, 41-б.]. Бұл «Қазақ» газетінің №1 санында шыққан Ахмет Байтұрсыновтың «Құрметті оқушылар» атты кіріспе мақаласындағы қазақ үшін баспасөздің айрықша қажеттілігін баса айтқан өткір ойлары еді.

Басылымның таралымы қазақ мекендеген барлық аймаққа жетіп жатты. Тіпті Ресей, Қытай қазақтары да тапсырыс беріп, алдыртып оқыған. Бұған төмендегі мәлімет айқын дәлел болады.

«Қазақ» газетасын 10 облысқа қараған киіз туырлықты қазақ байдың баласынан 1913 жылдың ішінде алдырып тұрғандардың есебі мынау: 1) Торғай облысы – 694, 2) Семей – 612, 3) Ақмола – 584, 4) Сырдария – 327, 5) Орал – 301, 6) Жетісу – 157, 7) Ішкі оралдық – 136, 8) Ферғана – 30, 9) Самарқан – 8, 10) Закаспий – 5.

Өзге жерлерден:

Оренбург шаһары – 37, 2) Уфа – 14, 3) Қазан – 13, 4) Қытай қазағы – 10, 5) Петербург, 6) Түркия – 5, 7) Мәскеу – 3, 8) Томск – 3, 9) һәм басқа шаһарлар – 57. Бәрі – 3007.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы санында жарияланған Қытай қазақтарының қазақ баспасөзіне көмек қолын созып, ниеттерін білдіріп жолдаған «Баспахана туралы» хаттарының мәтіні мынадай:

«Қазақ» басқармасының баспахана туралы жазған сөзіне ішіміз еріп, Қытай қол астындағы Күнес елінің қазақтары «Азамат» серіктестігіне 600 сом жібердік. Алаш ұранды қазақ баласы «аһ» десіп қолға алған ісінен бізде құр қалмалық дедік. Алаш туының астына біз де қосылдық! Қараңғы бір шет жерден біздер қосылғанда басқа көзі ашық, көңілі сергек қай қазақ қарап қалар дейміз. Бүтін Алты Алаш болып бір баспаханаға ие бола алмаса, қанша ноғайға күлкі болмаймыз ба? Баяғыдан бергі телміргеніміз аз ба? Шөміштен қағылып жүргеніміз бе? [4, 13-б.].

Егер қазақтың бір баспаханасы болса, әр түрлі газета, журнал басылып, қазақша мектеп кітаптары көбейіп, көзіміз ашылар еді.

«САРЫАРҚА» газеті

Кезінде «ұлт қамын ойлап, шарқ ұрған» «Сарыарқа» газеті әлі де болса толық зерттеліп, бағасын ала қойған жоқ. Бодан елдің санасына тәуелсіздік рухын сіңіріп, жұртты оятқан «Қазақ» гезетімен бағыттас бұл басылым 1917–1918 жылдары Семей қаласында шығып тұрған. Газеттің жауапты шығарушысы – алаштың ардақты азаматы, соңынан кеңестік саясаттың құрбаны болған Халел Ғаббасұлы.

«Сарыарқаның» көтерген мәселесі: Алашорда өкіметін құру, қазақ мемлекетін жасау, жоғалған елдікті қайта орнықтыру болды. Сондай-ақ, Алашорданың Семей тобының саяси бағдарламасы да осында басылған-ды. Ең бастысы сол кездегі қазақ қайраткерлерінің іс-қимылдарымен де осы газеттен танысуға болатын еді.

«Сарыарқа» газетінде кезінде негізінен ел, жер, халық қамын ойлаған Ә. Бөкейхан, Х. Ғаббасұлы, Ж. Аймауытұлы, Т. Құнанбайұлы, М. Тұрғанбайұлы сияқты арыстардың жүрекжарды еңбектері жарияланып тұрған.

Бұл басылымға басқаларға қарағанда көбірек дүниелерін (өлең, әңгіме, мақалалар) бастырып, белсенді түрде қатысқан Ж. Аймауытұлы ма деген ойға келесіз. Себебі, оның «Сарыарқаның» бірінші нөмірінде «Тұр, бұқара, жиыл кедей, ұмтыл жастар!», үшінші нөмірінде «Партия» деген мақалалары мен «Ғашықтық» (Абайша), «Жынды», «Айна» атты шағын әңгімелері мен оқшау сөздері жарияланған.

Жалпы, Ж. Аймауытұлы тамаша ақын, талантты жазушылығымен қатар ойлы публицист те бола білген жан. Олай дейтініміз, 1917 жылы ақпан төңкерісі болып, патша тақтан түскенде ол алғашқылардың бірі болып «Сарыарқа» газетінің бетіне «Тұр, бұқара, жиыл кедей, ұмтыл жастар!» деген мақала жазып, «Жасыратын қылық жоқ – бостандық, теңдік күштіге, жемқорға келген теңдік емес, бұл өзі қара бұқараға, кедейге келген теңдік, қолы жете алмай жүргендерге берілген бостандық», [5, 11-б.] - деп жар салған болатын. Бұл жерде Жүсіпбек Аймауытовтың да өз туыстары сияқты ақпан төңкерісі деп түсінгені жасырын емес. Әрине, алдында төңкерістер мектебі жоқ, ұлт азаттық қозғалысынан тәжірибе жинақтай қоймаған. Қазақ жастары, қазақ зиялылары үшін солай көрінуі заңды да еді.

Жалпы төңкеріс атаулы азаттықтан гөрі бір партияның, бір ұлттың үстемдігін әкелетінін әлі де жете түсінбей жүргеніміз аз емес.

Бұл жерде Ж. Аймауытұлының ұлтжанды, күрескер, алымды сөз шебері екендігін, Ақпан төңкерісін ілгері айтылғандай түсінген Аймауытов жетекші, халықты соңына ертетін партия қандай болуы керек дегенде зор сауаттылық танытқан, оны «Партия» деп аталатын мақаласынан толық сезінуге болады. Автор сөз басында «партия» деген ұғымға жан-жақты анықтама бере келіп, «басқа жұрттың партиясының негізгі мақсұды қай жолмен болсын, тұрмысын ондауға тырысу», ал «біздің қазақтың партиясы бұл партияларға ұқсамайды, өйткені қазақ тұрмысын түзеуге, партия болмайды, – бұл бір; байлар, күштілер бірыңғай, жұмысы кедейлер бірыңғай – одақтаса алмайды, бұл – үш. Ендеше қазақтың партиясы өзге жұрттан оғаш, мақсұды, шегі, тілеуі қиғаш, теріс партия», - деп тұжырым жасайды.

Жүсіпбек бұл мақаласында қазақтардың іштей тоз-тоз болып партияға бөлінушіліктерінің соңы ешқашан да жақсылыққа апарып соқпағаны, қайта ел ішін бүлдіріп, сүттей ұйып отырған ағайындарды бас жарыстырып қоюын мынадай себептерден деп түсіндіреді:

1. Ескі хукімет партияны өсірмесе, өшіруге қарқ қылған жоқ; зәлім ұлықтарға құл керек болды; болысты сүйеді, болыс – дәуірлі, ел ішінде шәкене «хан» сықылды болды. Мұндай зор дәрежеге бектік, атақ көксеген қазақ қызықпай тұрмады, малды төге берді.

2. Халықтың надандығы себеп болды. Қара халық көзі жұмулы болып, ас бергенді «мырза» деп, мал шашқанның соңынан ерді де отырды. Кеше көрген қиянатты бүгін тойса ұмыту, өз пайдасын, келешегін болжамау – қазақтың ой-көзінің тарлығынан, надандығынан.

3. Партияға көмек берген нәрсе – қазақтың тұрмысы, кәсіпсіз қолының бостығы. Сарнайын десе, жыны жоқ; ыңкылдайын десе, ауруы жоқ, жаны тыныш отырған қазаққа әңгіме керек; әңгіменің аяғы тамаққа соғады, партия болмай, мол тамақ қайда? Бір күн де болса қожандап, «мырзаның» үйінде шіреніп, шалқиып отырып ішкен қымыз, жеген ет көкейдегі қайдан кетсін?

Бұдан біздер автордың халық арасын былғаған партиядан бас тартып, бақытты болашақ үшін күресу қажет деген ниетін ұғамыз. Бұған оның «Партия басыларға баяғыдан бергілері де жетер; енді партия шығарып елдің шырқын бұзбау, жақсылық заманның тілеуінде болып, елге береке келтірер деп сенеміз» – деген сөзі дәлел.

«Сарыарқаның» бетінде Ж. Аймауытұлы сияқты, елдің қамын ойлаушылардың мақалалары аз болмаған. Солардың бірі – Абай атамыздың бел баласы Тұрағұл Құнанбайұлы деп білеміз. Өз әкесінің ақындық өнерін болмаса да адамгершілік, азаматтық рухын одан әрі жалғастырған Тұрағұл қиын-қыстау бұлыңғыр заманда туған халқының қажетіне жарауға, демеп отыруға күш салған. Оны Тұрағұлдың «Ел қамы» деген мақаласынан айқын аңғарамыз.

Ол бұл шағын болса да мәнді де мазмұнды еңбегінде: «Әкем Абай марқұмның:

«Бірінді қазақ бірін дос

Көрмесең істің бәрі бос», – деп айтқаны бірсыпыра халықтың ойында бар шығар. Аталарымыздың елдікті бірлік пен ерліктің арқасында сақтап, ел болып жүргені артына қараған алаштың ұлына мәлім.

“БІРЛІК ТУЫ” газеті

Алдымен «Бірлік туы» газетінің шығу тарихына арналған бірнеше деректерге назар аударарлық. Бірінші, 1917 жылдың ақпан төңкерісінен соң Ресейде қос өкімет орнап, өмір мен өлім үшін шайқас жүріп жатқан кезде большевиктер Ресей мен Шығыстың Мұсылман еңбекшілеріне: Уақытты өткізіп алмаңдар, ғасырлар бойы жерлерімізді жаулап алып келгендерді серпіп тастаңыздар! Ендігі жерде күлге айналған жерлеріңізді олардың тонауына жол бермеңіздер! Өз елдеріңіздің қожайыны өздеріңіз болуға тиістісіздер! Тұрмыс-тіршіліктеріңізді сіздер өздеріңіздің салт-дәстүрлеріңізге сай, өз қалау-ықтиярларыңызға орай құруға тиіссіздер, деп ұран тастайды.

Міне, осындай «Большевиктер ұранымен көңіл демдеген мұсылман орталығы енді шыға бастаған газеттері «Ұлы Түркістан» мен «Бірлік туында» автономия құруға» әзірлік жасай бастағаны тарихтан мәлім». «Ұлы Түркістан» газеті Орталықтың Мұстафа Шоқайұлы бастаған мүшелерінің қанатының астында шығып тұрса, «Бірлік туы» «Алашорда» қазақ ұлттық партиясының органына айналып, оған осы партия басшыларының бірі Міржақып Дулатов редакторлық етті. Орыс, бұрынғы патша әкімшілігіне және жер-жердегі оның сойылын соғысушыларға қарсылықтың күшеюіне байланысты Түркістан ұлттық саяси партиялары тегіс біріге бастады, деп жазды кезінде өзінің «Мұстафа Шоқай! Ол кім?» атты саяси сыпаттамасында белгілі жазушы Әнуар Әлімжанов.

Екінші, Мұстафа көтерген «Бірлік туы» деген жарияланымның алғы сөзінде: «Негізін Шоқайұлы Мұстафа қалаған бұл газет Ташкент шаһарында 1917 жылдың 24 маусымынан 1918 жылдың сәуір айының ортасына дейін жарық көріп тұрған. Мұны да кеңес өкіметі жапқан. «Бірлік туының» мәдениеті, танымдық, тез ақпар жеткізушілік деңгейі – жалпы сапасы өте жоғары. Салыстыра қарағанда, 1920–1925 жылдары шыққан басылымдардан көш ілгері. Газетке Шоқайұлы М., Болғанбайұлы Қ., Қожанұлы С., Дулатұлы М., Басығараұлы Ж., Шәрменұлы Е., Майлыұлы Б. сынды арыстар атсалысқан», деген деректер келтіріледі.

Үшінші, осы тақырыпқа қалам тартқан шетелдік қандасымыз Дениз Балғаным өзінің «Газет неге «Қазақ» аталады?» атты мақаласында: «1918 жылы 4 наурызда «Қазақ» газеті «Қызыл цензурадан» өтпейтін ой-пікірлер жариялайтындығы үшін большевиктер тарапынан тыйым салынып, Орынбор қаласындағы редакция жабылды. Бұдан кейін «Қазақ» газетінің негізгі бағытына қосылмайтын басылым қызметкерлері «Үш жүз» деген социалистік саяси партия құрып, Ташкент қаласында осы аттас газет шығарды. Бұл газеттің редакторы Көлбай Тоғысов болды. Ал, «Үш жүзге» қосылмаған «Қазақтың» қызметкерлері бұрынғы бағыттарын жалғастыру үшін «Бірлік туы» газетін шығарып, соның маңына топтасты. Бұл газеттің редакторлары болып Қожан Сұлтанбек, Шоқай Мұстафа, Балғынбай Хайретдин қызмет етті» деп, қысқа қайырады.

Қорыта айтқанда, бірін-бірі мән-мазмұны жағынан толықтырып тұрған осы деректердің түпкі негізі бір, оқушысын шындыққа апаратын материалдар деп есептейміз. Енді, тікелей осы басылым бетінде жарияланған маңызды-маңызды деген қандай мәселелер көтерілді десек, Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңінде қазақ жерінде саяси жағдай қандай дәрежеде өрістеді деген сауалға келіп тірелерміз хақ. Оған аздап та болса да «Басқармаға тілігірам» атты мына материал жауап береді.

Жоғарыда аталған және өзге де басылымдар ұлттық сана-сезімінің өсе түсуіне мүмкіндік туғызды, қазақ этносының өзіндік идентификациялануында үлкен рөл атқарды. Олар этностың ежелгі қазақ атауын одан бергі уақытта орныға түсуіне, мемлекеттік құрылымда атаудың сақталып қалуына қажетті алғышарттар жасады, сондай-ақ бұл басылымдардың ұлттық журналистиканың қалыптасуы жолындағы қызметі орасан зор.

Сонымен қатар, қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігінің қалыптаса бастауы ең басты да өзекті мәселе – ежелгі «қазақ» атауының бекітілуін шеше алмады. XX ғасырдың екінші жартысында қазақ ағартушылары мен XX ғасыр басындағы қазақ журналистикасының жанайғайы мен бітіспес күресі қайтадан жалғасын таба бастады. Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарындағы қазақ ұлттық журналистикасының өзекті міндеті саналған осы кезеңде биліктің жергілікті тұрғындарға қатынастағы іс-әрекеті патшалақ Ресей саясатының тікелей жалғасы болып табылатынын айқын таныта бастады.

Бұл жерде баспасөз саны өсуінің негізгі қазақ тілді басылымдардың есебінен жүзеге асырылғанын айтуымыз керек. Тұрғындардың сауаттылық деңгейінің арта түсуі мен кітапханалар санының көбеюіне байланысты газеттер мен журналдардың жаңа типтері пайда болды, олардың таралымы өсті, оларға сұраныс артты, ал бұл өз кезегінде ұдайы жазылып келгендей, ғасырлар бойы артта қалып келген қазақ халқының шат-шадымен өмір сүруіне жағдай жасап отырған кеңестік жүйені насихаттаудың күшейе түсуіне кең жол ашты.

Социалистік идеологияның маңызды органикалық элементі саналған баспасөз Кеңестер елінің, оның ұлттық республикасының жеткен жетістіктері мен табыстарын көрсетіп отыруға белсене араласты, осы тұрғыдан келгенде ол көптеген қиял-ғажайыптарды дүниеге әкелген ең басты жаратушыға айналды.

Қазақ халқының басынан талай қиын нәубеттің, зұлматтың қайғылы күндердің өткені тарихтан белгілі. Ғасырлар қойнауынан сыр іздесең небір ұлылықтың қайнарына қанып шығасың. Ұлы болу, ұлылыққа қол жеткізу жанкешті еңбекпен, азапты күндер мен түндерден тұратынын пайымдайсың. Десек те, Қазақстандағы жалпыұлттық бағыттағы демократиялық басылымдардың тарихы қатты бір толқынды өмірдің ағысымен дамыды. Толқынды өмірдің ағысын қыл қаламмен, ақ парақпен ұштастырған ұлыларымыз деп білеміз. Сол тұлғалардың жан кешті еңбектерінің жемісі бүгінгі – Тәуелсіздік!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Печать Советского Казахстана. См.: Многоноциональная советская журналистика. – 1975. – С. 157. [Электронды ресурс]. URL: http://old.unesco.kz/massmedia/pages/1_2.htm. (қаралған күні 12.10.2022)
2. Қожакеев Т. Таңдамалы шығармалар. Көптомдық. 6-том. – Алматы: Қазақпарат, 2007. – 286 б.
3. Чокайоглы М. Туркестан под властью Советов. К характеристике диктатуры пролетариата. Главы из книги // Простор. – 1992. – №9–10. – С. 101–112.
4. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразайұлы Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – А.: Білім, 1996. – 400 б.
5. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж. Алты алаштың ардақтылары. 1-кітап. – А.: Рауан, 1994. – 112 б.

Қ. ҚОЙШЫҒАРА

ААЖ-011 тобының студенті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: магистр оқытушы Е. Сердалиев

СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ БАҒЫТЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Аңдатпа. Бұл мақала студенттер үшін арнайы әлеуметтік желі құру тұжырымдамасын зерттейді. Онда мұндай платформаның артықшылықтары, соның ішінде жақсартылған «тең-теңімен» байланысы мен ынтымақтастық, білім беру ресурстары мен желілік мүмкіндіктерге оңай қол жеткізу және жас пайдаланушылар үшін қауіпсіз желілік орта талқыланады. Мақалада сондай-ақ құпиялылық пен қауіпсіздік мәселелерін қоса алғанда, осындай желіні дамыту және қолдаудағы ықтимал қиындықтар, сондай-ақ тиісті қаржыландыру мен қолдау қажеттілігі қарастырылады. Жалпы, мақалада студенттерге арналған әлеуметтік желі білім беру тәжірибесін айтарлықтай жақсартып, кейінгі ұрпақтың өсіп-өркендеуіне ықпал ете алатыны айтылады.

Кілт сөздер: әлеуметтік желі, студенттер, қарым-қатынас, ынтымақтастық, білім.

Abstract. This article explores the concept of creating a social network specifically for students. It discusses the benefits of such a platform, including improved communication and collaboration among peers, easier access to educational resources and networking opportunities, and a safer online environment for young users. The article also considers the potential challenges in developing and maintaining such a network, including issues of privacy and security, as well as the need for adequate funding and support. Overall, the article argues that a social network for students has the potential to greatly enhance the educational experience and facilitate the growth and development of the next generation.

Keywords: social network, students, communication, collaboration, education.

Özet. Bu makale, özellikle öğrenciler için bir sosyal ağ oluşturma kavramını araştırıyor. Meslektaşlar arasında geliştirilmiş iletişim ve işbirliği, eğitim kaynaklarına ve ağ oluşturma fırsatlarına daha kolay erişim ve genç kullanıcılar için daha güvenli bir çevrimiçi ortam dahil olmak üzere böyle bir platformun faydalarını tartışıyor. Makale ayrıca, mahremiyet ve güvenlik sorunlarının yanı sıra yeterli finansman ve destek ihtiyacı da dahil olmak üzere, böyle bir ağı geliştirme ve sürdürme konusundaki potansiyel zorlukları ele almaktadır. Genel olarak makale, öğrenciler için bir sosyal ağın eğitim deneyimini büyük ölçüde geliştirme ve gelecek neslin büyümesini ve gelişmesini kolaylaştırma potansiyeline sahip olduğunu savunuyor.

Anahtar kelimeler: sosyal ağ, öğrenciler, iletişim, işbirliği, eğitim.

Аннотация. В данной статье исследуется концепция создания социальной сети специально для студентов. В нем обсуждаются преимущества такой платформы, в том числе улучшенное общение и сотрудничество между сверстниками, более легкий доступ к образовательным ресурсам и сетевым возможностям, а также более безопасная онлайн-среда для молодых пользователей. В статье также рассматриваются потенциальные проблемы при разработке и обслуживании такой сети, в том числе вопросы конфиденциальности и безопасности, а также необходимость адекватного финансирования и поддержки. В целом в статье утверждается, что социальная сеть для

студентов может значительно улучшить образовательный опыт и способствовать росту и развитию следующего поколения.

Ключевые слова: *социальная сеть, студенты, общение, сотрудничество, образование.*

Қазақстанда қазіргі кезде ең көп қолданыстағы әлеуметтік желілердің бірі nur.kz сайты болып есептеледі. Одан басқа да Birge.kz, Ilike.kz, on.kz, www.kazlife.com, Zhelide.kz сайттары жұмыс істеуде. Солардың ішінде Zhelide.kz сайтына келетін болсақ, Желіде.кз сайты 2011 жылдың тамыз айында ашылды, сондай аз уақыт ішінде 10000-нан аса қолданушы жинап үлгерді. Бұл КАЗНЕТ үшін өте жоғары көрсеткіш болып есептеледі.

Әлеуметтік желілер бүгінде адам өмірінде елеулі орынға ие болды және сол өмірде ұзағынан қалуды ұйғарған секілді. Адамдар арасында бөгетті бұзған әлеуметтік желілер біздің қарым-қатынас құруымыз үшін шексіз мүмкіндік беруде. Дегенмен, әлеуметтік желілер феноменінің басқа жағы да бар.

Өткен ғасырда Интернеттің пайда болуы әлем мен оның болашағы туралы көзқарасымызды өзгертті. Интернеттің бірінші толқыны онлайн әлемді құру болды. Екінші толқын алпауыт компанияларды тудырды: Facebook, Google, Amazon, eBay, олар бағдарламалық жасақтаманы әзірлеуді сервиске бағыттады. Бүгінгі таңда екінші толқын қоғамды үшінші, «интернеттену дәуіріне» қарқынды түрде беруде. Уақыттың сын-қатерлеріне төтеп беру үшін бизнес қайта құрылымдауға және жаңа шындықтарда өз орнын табуға мәжбүр болады [1, 80-б.].

Әлеуметтік желілер – ермектері бірдей адамдардың Интернетте бірігетін қоғамдастық сайттары. Осы сайттарда адамдар жедел түрде мәліметтер алмасады және достар табады. Бірақ осы сайттар арқылы тек қатынасып қана қоймай, адамдар музыка, видео іздеуі де мүмкін. Әлеуметтік желілерде адамдар өзі жайлы мәлімет тастап қалдыра алады (туған күні, оқыған мектебі, университеті, ермектері және т.б.), басқа қатынасушылар осы мәліметтерді пайдаланып сол адамды таба алады. Әлеуметтік желілер Интернетте 1995 ж. бастап кең тараған, осы жылы бірінші әлеуметтік желі – Classmates.com (Сыныптастар) сайты ашылды. 2003–2004 жж. MySpace, Facebook жобалары шықты. Сауда ұжымдары әлеуметтік желілерге үлкен қызығушылық көрсетті. Осындай жобалар бірнеше миллиондық аудиторияны тартты әрі олардың жарнамасы қатты әсер жасады. Электронды есептегіш машиналардың маңызды ерекшеліктерінің бірі – ақпараттың мол көлемін сақтау және өңдеу, сонымен бірге мәтіндік және графикалық құжаттар (суреттер, сызулар, фотосуреттер, географиялық карталар) ғана емес, жаһандық жүйе, дыбыстық және бейнефайлдардың беттері де жинақталады. Бұл мүмкіндіктер мәліметтер базасының көмегімен іске асады.

Студенттерге білім алу және білім алмасу үшін арнайы әзірленген әлеуметтік желілер бар кең ауқымды алып келуде. Кейбір танымал мысалдарға мыналар жатады:

- Quora: Студенттерге әртүрлі тақырыптар бойынша сұрақтар қоюға және оларға жауап беруге мүмкіндік беретін сұрақ-жауап алаңы.

- StudyBlue: студенттерге оқу материалдарын жасауға және бөлісуге, сондай-ақ сыныптастарымен байланысуға және жобаларда бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретін платформа.

- Coursera: студенттерге жаңа дағдыларды меңгеруге және білімдерін кеңейтуге мүмкіндік беретін үздік университеттер мен мекемелердің онлайн курстары мен бағдарламаларын ұсынатын платформа.

- Khan Academy: кез келген жерде кез келген адамға тегін онлайн білім беретін коммерциялық емес ұйым. Ол математика, жаратылыстану, тарих және т.б. сияқты көптеген пәндерді ұсынады.

- Edmodo: мұғалімдер мен студенттерді байланыстыратын платформа, оларға ресурстармен бөлісуге, қарым-қатынас жасауға және жобаларда бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

• Бұл студенттерге білім алу үшін қолжетімді көптеген әлеуметтік желілердің бірнеше мысалдары ғана. Платформаны таңдаған кезде студенттің немесе оқу орнының нақты қажеттіліктері мен талаптарын бағалау маңызды.

РНР әлеуметтік желіні құрудың жақсы нұсқасы болып табылады. Осы мақсатта РНР пайдаланудың кейбір артықшылықтарын айта кету керек:

1. Кеңінен қолданылады: РНР ең көп қолданылатын бағдарламалау тілдерінің бірі болып табылады, бұл тілде тәжірибесі бар әзірлеушілерді табуды жеңілдетеді.

2. Ашық бастапқы код: РНР – бұл әлеуметтік желіні құрудың үнемді нұсқасына айналдыратын ашық бастапқы бағдарламалау тілі.

3. Үлкен қауымдастық: РНР-де оның дамуына үлес қосатын және кез келген туындауы мүмкін мәселелердің шешімін табуды жеңілдететін, қолдауды ұсынатын әзірлеушілердің үлкен қауымдастығы бар.

4. Масштабтау: РНР масштабталады және үлкен және өсіп келе жатқан әлеуметтік желінің талаптарын орындай алады, бұл реттелетін және бейімделген шешімді жасауға мүмкіндік береді.

5. Қол жетімді құралдар мен фреймворктардың үлкен саны: РНР-де әлеуметтік желіні құру үшін пайдалануға болатын, әзірлеу уақыты мен күш-жігерін қысқартуға болатын көптеген құралдар мен фреймворктар бар.

Мәліметтер базасы (МБ) – белгілі бір арқаулы ауқымға қатысты мәліметтерді баяндау, сақтау мен амал-тәсілдермен ұқсата білудің жалпы принциптерін қарастыратын белгілі бір ережелер бойынша ұйымдастырылған мәліметтердің жиынтығы. Электронды МБ-сының басты қасиеті – ақпаратты тез іздестіру мен сұрыптау (іріктеу), сондай-ақ берілген форма бойынша есепті қарапайым түрлендіру (жасау) мүмкіндігі. Мысалы, сынақ кітапшаларының нөмірлері бойынша студенттердің аты-жөндерін оңай айыруға болады немесе жазушының аты-жөні бойынша шығармаларының тізімін жасауға болады. Мәліметтер базасын басқару теориясы дербес пән ретінде шамамен алғанда XX ғасырдың 50-жылдарының басынан бері дами бастады. Осы уақыт ішінде белгілі бір іргелі ұғымдар жүйесі қалыптасты [2, 128-б.].

MySQL деректер қорын басқару жүйесінің студенттерге арналған әлеуметтік желіге қолайлы жақтары:

1. Масштабтылық: MySQL — жоғары масштабталатын дерекқорды басқару жүйесі, бұл оны жылдам өсуге ұшырауы мүмкін әлеуметтік желілер үшін өте қолайлы етеді.

2. Сенімділік: MySQL дерекқорда сақталған деректердің қауіпсіз және қауіпсіз болуын қамтамасыз ететін сенімділігімен, тұрақтылығымен танымал.

3. Икемділік: MySQL бірегей және бейімделген шешімдерді жасауға мүмкіндік беретін әлеуметтік желінің нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін теңеуге болады.

4. Пайдаланудың қарапайымдылығы: MySQL-де ыңғайлы интерфейс және әзірлеушілердің үлкен қауымдастығы бар, бұл пайдаланушылардың жұмысын бастауды және қажет кезде қолдау табуды жеңілдетеді.

5. Кеңінен қолданылады: MySQL ең көп қолданылатын дерекқорды басқару жүйелерінің бірі болып табылады, бұл оны әлеуметтік желілер үшін жақсы қалыптасқан және сенімді опция етеді.

6. Үнемді: MySQL – ашық бастапқы дерекқорды басқару жүйесі, бұл оны деректердің үлкен көлемін басқаруды қажет ететін әлеуметтік желілер үшін үнемді опция етеді.

CSS-ті веб-беттерді жасаушылар түстерді, қаріптерді, стильдерді, жеке блоктардың орналасуын және сол веб-беттердің сыртқы көрінісін көрсетудің басқа аспектілерін анықтау үшін пайдаланады. CSS-тің негізгі дизайн мақсаты – веб-беттің логикалық құрылымының сипаттамасын (ол HTML немесе басқа белгілеу тілдері арқылы жасалады) осы веб-беттің сыртқы түрін сипаттаудан (қазір ол ресми CSS көмегімен жасалады) қоршау және бөлу тілі болып табылады). Бұл бөлу құжаттың қолжетімділігін арттырып, оның көрсетілуіне икемділік пен бақылауды қамтамасыз етеді және құрылымдық мазмұндағы күрделілік пен

кайталануды азайтады. Сонымен қатар, CSS бір құжатты экрандық көрсетілім, басып шығарылған презентация, дауысты оқу (арнайы дауыстық шолғыш немесе экранды оқу құралы арқылы) немесе Брайль құрылғылары арқылы көрсетілген сияқты әртүрлі стильдерде немесе шығару әдістерінде көрсетуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желінің деректер қорын сақтап, жұмыс жасау үшін біз MySQL деректер қорын басқару жүйесін таңдадық. MySQL – дүние жүзінде ең көп қолданылатын, қайнары тегін және ашық, реляцияланған мәліметтер қоры жүйесі (RDBMS). Серверлік бағдарлама ретінде, бірнеше қолданушыларға бірнеше мәліметтер қорын қолдануды қамтамасыз етеді. MySQL сөзіндегі «My» сөзі, бағдарлама жасаушысы Майкл Видньюс-тың (Michael Widenius) қызының аты – «My» сөзінен алынған. Ал SQL фразасы – Құрылымдасқан Тапсырыс Тілі (Structured Query Language) дегенді білдіреді.

MySQL, жоба қайнарын GNU General Public License (GPL) және әр түрлі жеке меншік лицензияларында шығарды. MySQL-ды кезінде MySQL AP атты шведтық фирма демеу еткен, ал қазір оны толығымен Oracle корпорациясы сатып алды. Толық функционалды мәліметтер қорын қажет ететін, қайнары тегін жобалар жиі MySQL-ды қолданады. Серверді коммерциялық жобаларда қолдану үшін, қосымша функциялармен ұсынылатын бірнеше нұсқалары бар. MySQL-ді қолданатын бағдарламаларға TYPO3, Joomla, WordPress, phpBB, MyBB, Drupal және де басқа LAMP бағдарламаларын жатқызуға болады. MySQL, сонымен қатар Google, Wikipedia, Facebook және Twitter сияқты дүниежүзілік және кең ауқымды web-бағдарламаларында қолданылады [3, 56-б.].

Бұл әлеуметтік жүйенің негізгі мақсаты белгілі бір оқу орнындағы, тек сол оқу орнының студенттеріне арналған локальды ұйым құру. Әлеуметтік жүйенің келесідей мүмкіндіктері бар және болашақта болады:

- ✓ Тандалған мамандыққа байланысты түрлі курстарға ашық қол жетімділік;
- ✓ Білмеген немесе түсінбеген сұраққа немесе мәселеге байланысты сұхбат жасау мүмкіндігі;
- ✓ Оқуды бітірген түлектердің дипломдық жұмыстарына ашық қол жетімділік;
- ✓ Арнайы бір тақырыпты ашатын посттар шығару мүмкіндігі;
- ✓ Ең үздік студенттердің байланыс мәліметтері.

Қауіпсіздік пен құпиялылық студенттерге арналған әлеуметтік желілер үшін маңызды мәселелер болып табылады, өйткені олар көбінесе құпия жеке және білім беру ақпаратын қамтиды. Оқушылардың қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік желілерде сенімді қауіпсіздік шаралары болуы маңызды. Әлеуметтік тәуекелдердің бірі – рұқсат етілмеген тұлғалар әлеуметтік желінің дерекқорына қол жеткізген кезде орын алуы мүмкін деректердің бұзылуы. Бұл аттар, мекенжайлар және бағалар сияқты құпия ақпараттың ашылуына әкелуі мүмкін. Бұл тәуекелді азайту үшін әлеуметтік желілер шифрлау және екі факторлы аутентификация сияқты күшті қауіпсіздік шараларын енгізуі және рұқсат етілмеген кіру белгілерінің бар-жоғын жүйелі түрде бақылауы керек.

Тағы бір алаңдататын жайт - әлеуметтік желілерде кең таралған желідегі қудалау және кибербуллинг. Бұл мәселені шешу үшін әлеуметтік желілерде қорқыту оқиғаларымен күресудің нақты саясаты болуы және қудалауға ұшыраған студенттерге ресурстармен қамтамасыз етілуі керек. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер студенттерге қорқыту жағдайларын анықтауға және хабарлауға көмектесу үшін сүзгілер мен есеп беру механизмдері сияқты құралдарды қолдана алады. Ақырында, әлеуметтік желілер студенттің келісімінсіз жеке ақпаратты коммерциялық мақсатта, мысалы, мақсатты жарнама ретінде жинап, пайдалана алады. Студенттердің жеке өмірін қорғау үшін әлеуметтік желілер олардың деректер жинау тәжірибесі туралы ашық болуы керек және студенттерге жеке ақпараттарын коммерциялық мақсаттарда пайдаланудан бас тарту мүмкіндігін беруі керек.

Студенттер платформаны пайдалану кезінде өздерін қауіпсіз және қорғалған сезінуін қамтамасыз ету үшін студенттер үшін әлеуметтік желілерде қауіпсіздік пен құпиялылыққа басымдық беру маңызды. Күшті қауіпсіздік шараларын енгізу және деректерді жинау

тәжірибесі туралы мөлдір болу арқылы әлеуметтік желілер студенттердің бір-бірімен оқуы және байланысуы үшін қауіпсіз және қауіпсіз ортаны қамтамасыз ете алады. PHP және MySQL тілдеріне келетін болсақ, әлемдегі ең мықты әлеуметтік желі Facebook осы тілдерде жазылған. Бұл тілдер уақыты жағынан ертерек шыққан тілдер болғанымен, уақыт-уақытымен кітапханалары жаңарып келеді.

Жұмыстың ғылыми бағытына келсек, мұнда біз барлық әлеуметтік желілерді зерттеп, олардың білім бағытына пайдалы жақтарын көптеп алдық. Жұмысымызда алдағы уақытта істелетін мақсаттары өте көп.

Қаржыландыру студенттерге арналған әлеуметтік желіні ашудың маңызды аспектісі болып табылады. Тиісті қаржыландыру болмаса, стартап өз платформасын дамыту, пайдаланушыларды алу және кірістілікке қол жеткізу үшін күресуі мүмкін.

Студенттерге арналған әлеуметтік желі жағдайында мақсатты нарықты және кіріс үлгісін, сондай-ақ өсу мен пайдаланушыларды сатып алудың нақты анықталған жоспарын нақты түсіну маңызды. Бұл ақпарат қаржыландыруды қамтамасыз етуде және инвесторларды табысқа жету әлеуетіне сендіруде маңызды болады. Бұған қоса, технология мен білім беру секторларында тәжірибесі бар мықты команданың болуы да қаржыландыруды қамтамасыз ету факторы болуы мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кейс С. Третья волна интернета. Какими качествами должен обладать предприниматель будущего. – М.: Эксмо, 2017. – 192 с.
2. Никсон Р. Создаем динамические веб-сайты с помощью PHP, MySQL, JavaScript, CSS и HTML5. – СПб.: Питер, 2019. – 816 с.
3. Скляр Д. Изучаем PHP 7. Руководство по созданию интерактивных веб-сайтов. – СПб.: Питер, 2017. – 464 с.

3. БЕРІКҚЫЗЫ

ЖБТ-911 тобның студенті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: техн.ғ.к., доцент м.а. Э. Ибрагимова

ИТМҰРЫН ШАРАБЫН ДАЙЫНДАУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа. Зерттеу жұмысы итмұрын шарабын дайындаудың технологиялық ерекшелігіне негізделген. Бұл жұмыста итмұрын шарабы үй жағдайында дайындалды. Жұмыста технологиялық ерекшеліктер айтылған. Процесс әлі толығымен аяқталмады. Итмұрын шарабы елімізде өндірілмейді, сол себепті осы технологияны пайдаланып, үй жағдайында шарап жасауды үйрену.

Кілт сөздер: итмұрын, шарап, қант, су, ашу, градус.

Abstract. The research work is based on the technological specifics of the preparation of rosehip wine. In this work, rosehip wine was prepared at home. The paper outlines the technological features. The process is not fully completed yet. Rosehip wine is not produced in our country, so learn how to make wine at home using this technology.

Keywords: rosehip, wine, sugar, water, anger, degrees.

Özet. Araştırma çalışması, kuşburnu şarabının hazırlanmasının teknolojik özelliklerine dayanmaktadır. Bu çalışmada, kuşburnu şarabı evde pişirildi. Çalışma teknolojik özellikleri özetlemektedir. Süreç henüz tam olarak tamamlanmadı. Ülkemizde kuşburnu şarabı üretilmemektedir, bu nedenle bu teknolojiyle evde şarap yapmayı öğrenmek.

Anahtar kelimeler: meyve, şarap, şeker, su, öfke, derece.

Аннотация. Исследовательская работа основана на технологической специфике приготовления вина из шиповника. В этой работе вино из шиповника готовили в домашних условиях. В работе изложены технологические особенности. Процесс еще не завершен полностью. Вино из шиповника не производится в нашей стране, поэтому научиться делать вино в домашних условиях по этой технологии.

Ключевые слова: плоды, вино, сахар, вода, гнев, градусы.


Қазақстан өлкесінде кең дамыған таулы аймақтарда кездесетін раушан гүлділер тұқымдасына жататын өсімдік – итмұрын. Итмұрын – бағалы дәрумендерге бай. Жемісінен дайындалған дәрі-дәрмектер, шәй, сусындар, тосаптар асқазан және бауыр ауруларын емдеуге қолданылады. Пайдасы көп болғандықтан итмұрынды шарап жасауда қолданып жатырмыз. Неге шарап? Себебі шарап ұзақ уақыт тұрған сайын пайдасы еселенеді және Қазақстанда өндірісте жоқтың қасы. Итмұрын – раушан гүлдер тұқымдасына жатады. Түрлерінің жалпы саны 800-дей, олар жер шарының қоңыржай және субтропикалық аймақтарының барлық жерлерінде өседі. Халық арасында итмұрынның «жабайы раушан» деген атауы кеңінен қолданылады. Мамыр, маусым айларында гүлдейді. Жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Итмұрын өзінің тағамдық, емдік және эстетикалық қасиеттеріне байланысты бүкіл әлемге таралған. Итмұрынның 100 гр жемісінде 500-1700 миллиграм арасында С витамині болады. Және де итмұрында А, В1, В2, К, Р витаминдерімен протеин, минералдар, калий, натрий, кальций, магний, фосфор және шекер бар. Сүйегінде ванилин бар. Итмұрын С витаминінің мөлшері бойынша рекордшы болып табылады. 100 г құрғақ жемісте шамамен 18мг тәуліктік доза бар, бұл лимоннан 50 есе көп [1, 62-6.].



1-сурет – Итмұрын ағашы мен жемісі

Үй жағдайындағы итмұрын шарабын жасау технологиясы интернет желісінен алынды. Шарап жасау үшін қара қызыл түске ие үлкен піскен жемістер ғана жарамды. Алдымен жидектерді мұқият сұрыптап, шіріген және көгерген жерлерді алып тастау керек. Тіпті бір бүлінген жидек, шараптың бүкіл партиясын бұзуы мүмкін. Контейнерлер өте таза және құрғақ болуы керек, әйтпесе сусланы патогендік бактериялар мен зеңмен жұқтыруға болады. Белгілі бір мақсатта алынған итмұрынды, алдымен жемісін ерітеді және кептіреді, содан кейін – рецепт бойынша жасалады [2].

Итмұрын шарабын дайындаудың технологиялық сызба нұсқасы



2-сурет – Итмұрын шарабын дайындаудың технологиялық сызба нұсқасы

2.2. Қажетті шикізаттар

Итмұрын – 1 кг

Шекер – 1,5 кг

Ашытқы (Кишмиш қара жүзімі) – 83 гр.

Су – 3,3 л. (15.10.2022 ж.)



3-сурет – Шикізаттар

2.3. Дайындау сатылары

Қаңтар айының 15-не жиналып алынған итмұрынды жақсылап сумен жуамыз. Бірінші жуылған итмұрыннан езбе дайындау.



4-сурет – Итмұрыннан езбе дайындау процесі

Екінші ашытқыдан езбе дайындау. Ашытқы жуылмайды, себебі сыртындағы ашытқы саңырауқұлақтары сақталу үшін.



5-сурет – Ашытқыдан езбе дайындау процесі

Үшінші 1 килограмм шекер мен 1 литр суды араластырып, сироп жасаймыз. Сиропты бөлме температурасына дейін суытамыз.



6-сурет – Сироп дайындау процесі

Төртінші дайын болған шикізаттардың бәрін қосып, араластырамыз.



7-сурет – Шикізаттарды араластыру

Келесі бізде араластырылған шикізаттарды бетін сүлгімен жауып, бірінші ашу сатысына жібереміз. Бұл процесс 3 күндік уақытты алады және ең бастысы шарапты қоятын бөлменің температурасы 20–25°C-та болуы қажет. Күніне бір рет араластырып тұруымыз қажет. Төмендегі суретте бірінші сатыдағы ашу процесінің нәтижесі көрсетілген.



8-сурет – Бірінші ашу сатысының нәтижесі

Енді біз екінші ашу процесіне көшеміз, ол үшін бізге шыны ыдыс пен медициналық қолғап керек. Бірінші саты нәтижесінде ашыған өнімімізді алып, жақсылап араластырып, шыны ыдысымызға құямыз және қалған шекерді қосып араластырамыз. Шыны ыдыстың бетін медициналық қолғаппен жауып, 20–25°C градустағы бөлмеге қараңғы жерге қоямыз. Бұл процесс 19.10.2022 ж. жасалды. Бұл сатыда, мен қарапайым технологияны өзгерттім, негізінен екінші ашу сатысында ашу мерзімі 7 күн болуы керек еді. Мен оның мерзімін 1–1,5 айға ұзарттым, себебі итмұрын жемісінің ішіндегі дәнімен орналасқан түктері адам организмінде белгілі бір ауруларды туғызады екен. Осы өзгерісте жаңағы түктері шарап бетіне қаймақ болып шығады, соны алып тастап, үшінші ашу сатысына көшіреміз.



9-сурет – Екінші ашу процесіне көшу (19.10.2022 ж.)



10-сурет – Екінші ашу процесінің өрінісі (30.10.2022 ж. - 24.11.2022 ж.)

Үшінші ашу сатысына көшу үшін өнімімізді үй жағдайында фильтрациядан өткіземіз. Ол үшін бізге асханалық екі сүзгі және шыны ыдысқа арналған воронка қолданылды. Және де ең бастысы таза ыдыс және таза медициналық қолғап қолданылады. Алдымен өнім бетіндегі қаймақты алып сүземіз, түбіндегі езбені келесі шарапты ашытуға қолдансақ болады

және малға азық ретінде де қолдансақ болады. Бетіндегі қаймақ, яғни түктер зиянды болған соң оны тастаймыз.



11-сурет – Итмұрын жемісінің ішіндегі түктің екінші ашу сатысындағы бейнесі, шараптың бетіне қаймақ ретінде шыққан көрінісі

Қараңғы және температурасы 20-25 градустағы бөлмеге, тыныштық фазасына қоямыз.



12-сурет – 26.11.2022 ж. Үшінші ашу сатысына көшіру

Бұл жұмыспен әлі зерттеуіміз аяқталмады, әлі жалғасы бар.

Итмұрын жемісінің құрамындағы құнды заттар иммунитетті және организмдегі қабынудың вирустары күреседі. Итмұрын шарабын дайындаудың технологиялық ерекшелігі итмұрын жемісінде бағалы заттар өте көп, итмұрынды ашыту арқылы шарап жасап ұзақ мерзімде сақтап, кез келген уақытта тұтынуға болады. Итмұрын шарабы ірімшіктермен, ақ және қызыл етпен және десертпен, сондай-ақ шоколадпен тамаша үйлеседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Өметов Ә.Ә. Ботаника: Оқулық. – Алматы: Дәуір, 2017. – 512 б.
2. [Электронды ресурс]. URL: <https://fitomarket.com.ua/fitoblog/shipovnik-chto-jeto-i-javljaetsja-li-on-poleznim-n1> (қаралған күні 25.10.2022)
3. [Электронды ресурс]. URL: <https://kk.drink-drink.ru/sok-shipovnika-i-otvar/> (қаралған күні 25.10.2022)

Б. АБДИРОВА, З. БУРХАНОВА

ЖМК-911 тобының студенттері

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.д., профессор Б. Турметов

ДАНКЛ ОПЕРАТОРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ҚОЛДАНЫСТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада функцияның бірінші ретті туындысының жалпыламасы болған, Данкл операторы деп аталатын оператордың анықтамасы және қолданыстары туралы мәліметтер келтіріледі. Бұл жұмыста осы оператордың бірінші ретті туындыға ие болған функциялар класында анықталған, келесі түрдегі

$$D_a f(t) = \frac{d}{dt} f(t) + \frac{a}{2} [f(t) - f(-t)]$$

қарапайым жағдайы қарастырылады. Бұл оператордың қолданыстары есебінде бірінші және жоғары ретті дифференциалдық теңдеулердің жаңа кластары қарастырылды. Осы теңдеулердің шешімін құру нәтижесінде арнайы функциялардың жаңа кластары айқындалады. Жұмыстың негізгі мақсаты дифференциалдық теңдеулердің және эллиптік тектес теңдеулер үшін шеттік есептердің жаңа кластарын қарастыру болып табылады.

Кілт сөздер: Данкл операторы, дифференциалдық теңдеулер, арнайы функция, жалпыланған тригонометриялық функциялар.

Abstract. The article describes the definition and application of the Dunkl operator, which is a generalization of the first order derivative of a function. In this paper, we consider the following simple case of this operator, defined in the class of functions that have derivatives of the first and higher orders

$$D_a f(t) = \frac{d}{dt} f(t) + \frac{a}{2} [f(t) - f(-t)].$$

As a result of solving these equations, new classes of special functions are determined. The main purpose of the work is to consider new classes of differential equations and boundary value problems for elliptic equations.

Keywords: Dunkl operator, differential equations, special function, generalized trigonometric functions.

Özet. Makale, fonksiyonun birinci dereceden türevinin genelleştirilmesi olan Dankl operatörünün tanımını ve uygulamalarını açıklamaktadır. Bu çalışmada, bu operatör, aşağıdaki türden birinci dereceden türevi olan fonksiyonlar sınıfında tanımlanmış bir durum olarak kabul edilir

$$D_a f(t) = \frac{d}{dt} f(t) + \frac{a}{2} [f(t) - f(-t)].$$

Bu operatörün uygulamalarının hesabında yeni birinci mertebeden ve daha yüksek mertebeden diferansiyel denklem sınıfları dikkate alınır. Bu denklemlerin çözülmesi sonucunda yeni özel fonksiyon sınıfları belirlenir. Çalışmanın temel amacı, yeni diferansiyel denklem sınıflarını ve eliptik denklem için sınır değer problemlerini ele almaktır.

Анаhtar кelimeler: Dankl operatörü, diferansiyel denklemler, özel fonksiyon, genelleştirilmiş тригонометрик функциялар.

Аннотация. В статье приведены определение и применения оператора Данкла, являющегося обобщением производной функции первого порядка. В данной работе рассматривается следующий простой случай этого оператора

$$D_a f(t) = \frac{d}{dt} f(t) + \frac{a}{2} [f(t) - f(-t)],$$

определенного в классе функций, имеющих производную первого и высших порядков. В результате решения этих уравнений определяются новые классы специальных функций. Основной целью работы является рассмотрение новых классов дифференциальных уравнений и краевых задач для эллиптических уравнений.

Ключевые слова: Оператор Данкла, дифференциальные уравнения, специальная функция, обобщенные тригонометрические функции.

1. Данкл операторы автордың 1998 жылы C.F. “Transactions of the American Mathematical Society” журналында жарияланған “Differential-difference operators associated to reflection groups” тақырыбындағы [1] мақаласында енгізілген.

a - нақты сан, $f(t)$ $(-\infty, \infty)$ аралығында анықталған функция болсын.

Келесі

$$D_a f(t) = \frac{df(t)}{dt} + a \frac{f(t) - f(-t)}{2t}$$

өрнекті Данкл операторы деп атаймыз.

Данкл операторының қарапайым функцияларға әсерін зерттеп көрейік.

1-Мысал. $f(t) = t^k, k \in \mathbb{N}$ болсын. Анықтама бойынша

$$D_a[t^k] = \frac{dt^k}{dt} + a \frac{t^k - (-t)^k}{2t} = kt^{k-1} + a \frac{1 - (-1)^k}{2t} t^k = \left[k + \frac{a}{2} (1 - (-1)^k) \right] t^{k-1}.$$

Егер кез-келген k натурал саны үшін

$$[k]_a = k + (1 - (-1)^k) \frac{a}{2} \quad (1.1)$$

белгілеуін енгізсек, онда

$$D_a t^k = [k]_a t^{k-1} \quad (1.2)$$

теңдікке ие боламыз.

Егер

$$1 - (-1)^k = \begin{cases} 0, & k = 2m \\ 2, & k = 2m - 1, m = 1, 2, \dots \end{cases}$$

болатынын ескерсек, онда

$$[k]_a = \begin{cases} 2m, & k = 2m \\ 2m - 1 + a, & k = 2m - 1 \end{cases},$$

және

$$D_a[t^k] = \begin{cases} (2m - 1 + a)t^{2m-1}, & k = 2m - 1 \\ 2mt^{2m}, & k = 2m \end{cases}.$$

Тұжырым. Егер $f(t)$ жұп функция болса, онда кез-келген a - нақты саны үшін

$$D_a f(t) = \frac{df(t)}{dt} \text{ теңдік орынды.}$$

2. Данкл операторы қатысқан дифференциалдық теңдеулердің шешімін құру

Бұл бөлімде біз келесі

$$D_a y(t) = \lambda y(t) \quad (2.1)$$

теңдеуді қарастырамыз. Бұл теңдеу жай дифференциалдық теңдеулер курсына үйренетін қарапайым

$$y'(t) = \lambda y(t)$$

теңдеуінің жалпыламасы болып табылады.

Осы теңдеудің кейбір дербес шешімдерін құрамыз. Оның үшін [2] жұмыста қарастырылған операторлық әдісті қолданамыз. Алдымен

$$C(a, i) = \prod_{k=1}^i (t^{-k+1} D_a t^k)$$

коэффициенттерді қарастырайық. (1.2) – теңдік бойынша $D_a t^k = [k]_a t^{k-1}$. Онда

$$C(a, i) = \prod_{k=1}^i [k]_a = [1]_a \cdot [2]_a \cdot \dots \cdot [i]_a.$$

Егер $a = 0$ болса, онда кез – келген m натурал саны үшін $[m]_0 = m$ теңдік орынды және

$$C(0, i) = \prod_{k=1}^i [k]_0 = [1]_0 \cdot [2]_0 \cdot \dots \cdot [i]_0 = 1 \cdot 2 \cdot \dots \cdot i = i!.$$

Осы жағдайды ескеріп $[1]_a \cdot [2]_a \cdot \dots \cdot [i]_a$ көбейтінді үшін $[i]_a! = [1]_a \cdot [2]_a \cdot \dots \cdot [i]_a$ белгілеуін қабылдаймыз. Сонымен

$$C(a, i) = \prod_{k=1}^i [k]_a = [i]_a!. \quad (2.2)$$

2.1-Лемма. (2.2) – формуламен анықталған $C(a, i)$ коэффициенттер үшін

$$\frac{C(a, i+1)}{C(a, i)} = [i+1]_a$$

теңдік орынды.

Осы әдіс негізінде (2.1) – теңдеудің шешімін құрамыз.

1-Теорема. Егер $a \in R, a \neq -(2m-1), m=1, 2, \dots$ болса, онда

$$y_a(\lambda t) = \sum_{i=0}^{\infty} \lambda^i \frac{t^i}{C(a, i)} \equiv \sum_{i=0}^{\infty} \lambda^i \frac{t^i}{[i]_a!} \quad (2.3)$$

түріндегі функция (2.1) – теңдеудің шешімі болады.

2-Теорема. Айталық $a \in R, a \neq -(2m-1), m=1, 2, \dots$ болсын. Онда кез-келген $p=0, 1, \dots, n$ сандары үшін

$$y_{a,p}(\lambda t) = \sum_{i=p}^{\infty} \lambda^{i-p} \frac{i!}{p!(i-p)! [i]_a!} t^i \quad (2.4)$$

формуламен анықталған функциялар

$$(D_a - \lambda)^{n+1} y(t) = 0 \quad (2.5)$$

түріндегі теңдеудің шешімдері болады.

3. Жалпыланған тригонометриялық функциялар туралы

Егер (2.3) – формулада $a = 0$ болса, онда $[i]_0! = i!$ және

$$y_0(\lambda t) = \sum_{i=0}^{\infty} \lambda^i \frac{t^i}{i!} = e^{\lambda t}$$

теңдік орынды. Осы жағдайды есепке алып, (2.3) -формуламен анықталған $y_a(t)$ функциясын жалпыланған экспонента деп атаймыз және e_a^t символымен белгілейміз, яғни

$$e_a^t = \sum_{i=0}^{\infty} \frac{t^i}{[i]_a!}.$$

Тригонометриялық функциялар үшін орынды болған

$$\cos t = \frac{e^{it} + e^{-it}}{2}, \sin t = \frac{e^{it} - e^{-it}}{2i}$$

Эйлердің формулаларын ескерсек, онда

$$\cos_a t = \frac{e_a^{it} + e_a^{-it}}{2}$$

жалпыланған косинус және

$$\sin_a t = \frac{e_a^{it} - e_a^{-it}}{2i}$$

жалпыланған синус функцияларын енгізуге болады.

4. Лаплас теңдеуі үшін жалпыланған Нейман есебі

Бұл бөлімде біз Данкл операторының шекаралық оператор ретінде қолданысын зерттейміз.

Айталық $\Omega = \{(r, \varphi) : 0 \leq r < 1, -\pi < \varphi \leq \pi\}$ - бірлік дөңгелек. Егер жазықтықтың $x = (x_1, x_2)$ нүктесі Ω дөңгелекке тиісті болса, онда $-x = (-x_1, -x_2)$ нүктесіде сол аймақта жатады. Бұған қосымша, $x = (x_1, x_2)$ нүктесі бірлік шеңберге тиісті болса, онда $-x = (-x_1, -x_2)$ нүктесіде сол шеңберге тиісті болатыны айқын.

$\Delta u(x) = 0, x \in \Omega$ Лаплас теңдеуі үшін Нейман шеттік шарты нормаль бағыттағы туынды арқылы

$$\left. \frac{\partial u(x)}{\partial \nu} \right|_{\partial \Omega} = g(x)$$

түрде беріледі (мысал үшін, қараңыз [3]). Егер $D = \frac{\partial}{\partial \nu}$ белгілеуін енгізсек, онда $u(x)$ функциясы үшін кез-келген $a \in \mathbb{R}$ нақты санына сәйкес келетін

$$D_a u(x) = Du(x) + \frac{a}{2r} [u(x) - u(-x)], r = |x|$$

Данкл операторын қарастыруға болады. Егер (r, φ) - полярлық координаталар жүйесіне көшсек, бірлік дөңгелек үшін нормаль бағыттағы туынды $\frac{\partial}{\partial r}$ түрінде беріледі. Осыған орай, жоғарыда енгізілген D_a операторы

$$D_a u(r, \varphi) = \frac{\partial u(r, \varphi)}{\partial r} + \frac{a}{2r} [u(r, \varphi) - u(r, \pi + \varphi)]$$

түрінде жазылады.

Ω бірлік дөңгелекте келесі шеттік есепті қарастырамыз.

N-есебі. Ω бірлік дөңгелекте $u(r, \varphi) \in C(\bar{\Omega})$, $D_a u(r, \varphi) \in C(\bar{\Omega})$ тегістікке ие болған және

$$\Delta u(r, \varphi) = 0, (r, \varphi) \in \Omega, (4.1)$$

$$D_a u(1, \varphi) = f(\varphi), -\pi \leq \varphi < \pi (4.2)$$

шарттарды қанағаттандыратын $u(r, \varphi)$ функциясын табу қажет.

Егер $a = 0$ болса, онда

$$D_a u(r, \varphi) \Big|_{r=1} = \frac{\partial u(1, \varphi)}{\partial r} \Big|_{r=1} = \frac{\partial u(x)}{\partial \nu} \Big|_{\partial \Omega},$$

яғни бұл жағдайда біз классикалық Нейман есебін аламыз. Сол себептен N-есебін жалпыланған Нейман есебі деп атауға болады.

Ары қарай зерттеу жүргізу үшін бірлік дөңгелекте кез-келген $u(r, \varphi)$ гармониялық функцияның

$$u(r, \varphi) = \sum_{k=1}^{\infty} r^k (a_k \cos k\varphi + b_k \sin k\varphi) + \frac{a_0}{2}. (4.3)$$

қатар түрінде өрнектелуінен пайдаланамыз (мысалы үшін [4] әдебиеттің - бетіне қараңыз). Бұл жерде a_0, a_k, b_k - кез-келген нақты сандар.

(4.1)-(4.2) есебі үшін негізгі нәтиже келесі теоремада баяндалған.

Теорема. Айталық N-есебінде $a > 0$ және $f(\theta)$ жеткілікті тегіс функция болсын.

Егер

$$\int_{-\pi}^{\pi} f(\theta) d\theta = 0,$$

шарт орындалса N-есебінің шешімі бар және

$$u(r, \varphi) = C + \frac{1}{\pi} \int_{-\pi}^{\pi} P_0(r, \theta - \varphi) f(\theta) d\theta + \frac{1}{\pi} \int_{-\pi}^{\pi} P_a(r, \theta - \varphi) f(\theta) d\theta =$$

түрінде өрнектеледі. Бұл жерде C кез-келген тұрақты,

$$P_0(r, \theta - \varphi) = \int_0^1 \tau^{-1} \frac{\tau^2 r^2 \cos 2\gamma - \tau^2 r^3}{1 - \tau^2 r^2 \cos 2\gamma + \tau^4 r^4} d\tau,$$

$$P_a(r, \theta - \varphi) = \int_0^1 \tau^a \frac{(1 - \tau^2 r^2) r \cos \gamma}{1 - \tau^2 r^2 \cos 2\gamma + \tau^4 r^4} d\tau.$$

Қорытынды

Бұл жұмыста Данкл операторының қасиеттері және қолданыстары қарастырылды.

Жұмыста келесі негізгі нәтижелері алынды:

Данкл операторының қасиеттері зерттелінеді;

Данкл операторы қатысқан дифференциалдық теңдеулердің шешімі құрылды;

Жалпыланған экспонента және синус, косинус функциялары енгізілді;

Лаплас теңдеуі үшін шекаралық шартында Данкл операторы қатысқан жалпыланған Нейман есебі зерттелінді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Dunkl C.F. Differential-difference operators associated to reflection groups // Transactions of the American Mathematical Society. – 1989. – Vol. 311. – P. 167–183.

2. Turmetov B.Kh. On Certain Operator Method for Solving Differential Equations // Filomat. – 2017. – V. 31, No. 13. – P. 4275–4286.
3. Бицадзе А.В. Уравнения математической физики. – М.: Наука, 1982. – 336 с.
4. Тихонов А.Н., Самарский А.А. Уравнения математической физики. – М.: Изд-во МГУ, 1999. – 735 с.
5. Айдос Е.Ж. Жоғары Математика - 1. – Алматы: Бастау, 2013. – 246 б.

А. СЕЙЛХАН

ЖФЗ-911 тобының студенті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к, доцент Ә. Сарыбаева

**«ГАЗДАРДЫҢ КИНЕТИКАЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ТЕРМОДИНАМИКА
НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІНЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТЫ ӘЗІРЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Аңдатпа. Мақалада оқу орындарында электрондық оқулықты қолдану мәселесі қарастырылады. Қазіргі кезде елімізде электрондық оқулықтарды құрастыру және оны тиімді қолдану мәселелерін шешу кеңінен қолға алынуда. Осыған байланысты оқыту барысында көмекші құрал ретінде қолданылатын электрондық оқулықтарда курстың бағдарламасы, лекция мәтіндері, пән практикумы, бақылау сұрақтары мен тапсырмалары қамталған және ол білім берудің ақпараттық ортасын құрай отырып серверге орналастырылады. Сонда серверге тиелген электронды оқулықтардан студент қажет материалды алып, өзбетінше дайындалады. Қоғамның ақпараттандырылуы әртүрлі салаға есептеуіш техника құралдарының, жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың қарқынды енгізуімен тікелей байланысты. Компьютерлік оқыту құралдарын қолданудың басты міндеттерінің бірі – қиын тараулар мен тақырыптарды оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын жасау, оқытуды бағдарламалық қамтамасыз ету. Ұсынылып отырған электронды оқулықпен жұмыс жасағанда оқушылар компьютердің мультимедиялық құралдарын барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік алады, ал экранда теориялық материалдармен қатар иллюстрациялық бейнелер, диаграммалар мен құбылыстың динамикасын көреді.

Кілт сөздер: электрондық оқулық, мультимедиа, оқытуда ақпараттандыру, анимациялық модельдер.

Abstract. The article deals with the issue of using electronic textbooks in educational institutions. Currently, solving the problems of creating electronic textbooks and using them effectively is being widely undertaken in the country. In this regard, the electronic textbooks used as an auxiliary tool during training contain the program of the course, lecture texts, subject practicum, control questions and tasks, and they are placed on the server, creating an information environment for education. Then the student takes the necessary material from the electronic textbooks uploaded to the server and prepares himself. Informing the society is directly related to the rapid introduction of computer equipment, new information and communication technologies in various fields. One of the main tasks of using computer teaching tools is the creation of new information technology for teaching difficult chapters and topics, training software. When working with the presented e-textbook, the student will be able to use the computer's multimedia capabilities effectively, and in addition to the theopic material, the illustrated image is a powerful diagnostic tool.

Key words: electronic textbook, multimedia, educational information, animation models.

Özet. Makale, elektronik ders kitaplarının eğitim kurumlarında kullanılması konusunu ele almaktadır. Halihazırda elektronik ders kitaplarının oluşturulması ve etkin bir şekilde kullanılmasına ilişkin sorunların çözümü ülkede yaygın olarak yürütülmektedir. Bu bağlamda eğitim sürecinde yardımcı araç olarak kullanılan elektronik ders kitapları, dersin programını, ders metinlerini, konu uygulamalarını, kontrol sorularını ve görevleri içermekte ve sunucuya

yerleştirilerek eğitim için bilgi ortamı oluşturmaktadır. Daha sonra öğrenci sunucuya yüklenen elektronik ders kitaplarından gerekli materyali alır ve kendisi hazırlar. Toplumun bilgilendirilmesi, bilgisayar donanımının, çeşitli alanlarda yeni bilgi ve iletişim teknolojilerinin hızla kullanılmaya başlanmasıyla doğrudan ilişkilidir. Bilgisayar öğretim araçlarını kullanmanın ana görevlerinden biri, zor bölümleri ve konuları öğretmek için yeni bilgi teknolojisi, eğitim yazılımı oluşturmaktır. Sunulan e-ders kitabı ile çalışırken, öğrenci bilgisayarın multimedya özelliklerini etkili bir şekilde kullanabilecektir ve teopik materyale ek olarak, resimli görüntü güçlü bir teşhis aracıdır.

Anahtar kelimeler: elektronik ders kitabı, multimedya, eğitim bilgisi, animasyon modelleri.

Аннотация. В статье рассматривается вопрос использования электронных учебников в образовательных учреждениях. В настоящее время в стране широко ведется решение проблем создания электронных учебников и их эффективного использования. В связи с этим электронные учебники, используемые в качестве вспомогательного средства при обучении, содержат программу курса, тексты лекций, предметный практикум, контрольные вопросы и задания и размещаются на сервере, создавая информационную среду обучения. Затем студент берет необходимый материал из загруженных на сервер электронных учебников и готовит сам. Информирование общества напрямую связано с быстрым внедрением компьютерной техники, новых информационных и коммуникационных технологий в различные сферы. Одной из основных задач использования компьютерных средств обучения является создание новых информационных технологий обучения трудным главам и темам, обучающих программ. При работе с представленным электронным учебником учащийся сможет эффективно использовать мультимедийные возможности компьютера, а иллюстрированное изображение помимо теоретического материала является мощным диагностическим средством.

Ключевые слова: электронный учебник, мультимедиа, учебная информация, анимационные модели.

XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры болғандықтан, елімізде «Қазақстандағы мектептерді ақпараттандыру – XXI ғасырға жасалған қадам» деп аталатын үлкен ғылыми форум болып өтті. Мұнда әрбір пән мұғалімі жаңа сабақта электрондық оқулықтарды тиімді қолдана алуы тиіс деген мәселе қаралды. Қазіргі кезде елімізде электрондық оқулықтарды құрастыру және оны тиімді қолдану мәселелерін шешу кеңінен қолға алынуда. Осыған байланысты оқыту барысында көмекші құрал ретінде қолданылатын электрондық оқулықтарда курстың бағдарламасы, лекция мәтіндері, пән практикумы, бақылау сұрақтары мен тапсырмалары қамталған және ол білім берудің ақпараттық ортасын құрай отырып серверге орналастырылады. Сонда серверге тиелген электронды оқулықтардан студент қажет материалды алып, өзбетінше дайындалады.

Қазіргі уақыттағы білімді ақпараттандырудың мүмкіншіліктері мол, олар:

- әрбір жеке тұлғаға өз бетінше білім алудың ашық жүйесін құрайды;
- жүйелі ойлау арқылы таным үдерісін ұйымдастыруды түбегейлі өзгертеді;
- білім алудың ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етілуін басқарудың жүйесін тиімді жасайды;
- оқыту үдерісінің барысында білім алушының танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастырады;
- компьютердің ерекше мүмкіншіліктерін оқыту үдерісінде қолданады;
- электрондық оқулықпен оқыту, қашықтан оқыту жүйесін жасайды, дамытады және жетілдіреді;
- электрондық оқулық арқылы теориялық материалды өз бетімен оқып-үйренуге, зерттеуге мүмкіндік береді;
- электрондық оқулықты оқушының білімін тексеруде, бағалауда қолданады.

Білім беруді ақпараттандыру оқыту үдерісінде көптеген дидактикалық міндеттерді айқындауға көмектеседі:

- микро және макроәлемнің процестері мен құбылыстарын меңгеруде күрделі техниканың және жүйелерде компьютерлік графика мен компьютерлік модельдеуді қолдануда;

- өте үлкен және өте аз жылдамдықтармен өтетін нақты әртүрлі физикалық, химиялық және биологияның элеуметтік процестерді уақыт масштабында ыңғайлы көрсетумен қатар білім беруді ақпараттандыруды ұсынуда;

- оқыту үдерісінде жаңа ақпараттық техникалар арқылы компьютерлік даярлық деңгейін көтеруде;

- оқу жүйесінде, ғылыми зерттеулерде ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды жүйелеп ендіруде;

- бірыңғай білім берудің ақпараттандыру кеңістігін құру және дамытуда [1, 9-б.].

Қазіргі кезеңде ақпараттық технологиялардың дамуының негізгі даму бағыты «мультимедиа» жүйесі болып табылады. Мультимедиялық технология компьютерлік жүйедегі мәтінді, дыбысты, видеобейнелерді, графикалық бейнелерді және анимациялар біріктіреді.

Мультимедиялық технологияның басты сипаттайтын белгілерін ажыратып көрсетсек:

- үлкен көлемдегі ақпаратты шағын түрде сақтауы;

- ақпараттар ағынын бағдарламалық құралдармен өңдеуі;

- кез келген ақпаратқа қажетті анықтаманы алудың интерактивті жолын ұйымдастыруы;

- ақпараттық мәліметтер қорын пайдаланып «слайд-шоу» ұстанымы негізінде көп деңгейлі презентациялар жасауы;

- Интернет және локальдық желілермен байланысы.

Мультимедиялық өнімдерді тасымалдаушылар қызметін атқаратындар CD-ROM, DVD-ROM дискілері және локальдық желілер [2, 136-б.].

Біздің зерттеуіміздегі электрондық оқулықпен оқытудың ерекшеліктері өте көп, оларға төмендегілерді жатқызуға болады:

- білім алушының талабына сай қолдану интерфейсін бейімдеу және тиімділігін арттыру мүмкіндіктері басым. Мұнда электрондық оқулықты өлшемдері өзгере алатын мәтіндік, гипермәтіндік құрылымдағы оқулық ретінде пайдаланып және оқушының қалауы бойынша қажетті анықтамалар мен суреттердің мазмұнының кез келген уақытта қолдана алуы.

- оқу материалын тез қабылдау мен меңгеру үшін қосымша құралдардың әсерін қолдану мүмкіндігі. Анимациялық модельдердің мәтінге қосылуы, дыбыстық сүйемелдеу көмегінің тиімділігі.

- электрондық оқулықтың көмегімен баспа оқулықтарындай беттерді парақтамай, қажетті бөлімге тез ауысу мен қайтудың мүмкіндігі мол.

- электрондық оқулық арқылы керек материалды тез іздеп табу мүмкіндігі ерекше.

- оқушылардың білімін деңгейін бақылаудың автоматтандырылған жүйесін қолдану мүмкіндігі оқулықтағы тиісті білім деңгейін жылдам таңдайды.

- ақпаратты есте сақтау мен қабылдауды жақсарту мақсатында меңгерілетін материалдың оқушының білім деңгейіне тез бейімделеді.

- электрондық оқытуда «оқушы-мұғалім» қарым-қатынасының «субъект-субъект» болып өзгеріп, мұғалім ұйымдастырушылық және қосалқы рөл атқарады;

- электрондық оқулықтың негізгі ерекшелігі оқушы мен оқулық элементтерінің интерактивтік байланыста болу мүмкіндігін атап айту қажет.

Біздің зерттеуіміздегі электронды оқулықтың негізгі компонентіне жататындар:

- физикалық және астрономиялық процестердің өтуін демонстрациялық көрнекілік ретінде қолдануы,

- табиғат құбылыстары, зертханалық эксперименттер,
- техникалық құрылғылардың жұмыстары, т.б.

Электронды оқулықты, ақпараттық-техникалық құралдарды пайдаланатын әртүрлі сабақтарда қолдануға болады. Біздің талдауымызша, электрондық оқулық жасаудың негізгі талаптарына мыналар жататын сияқты:

- электрондық оқулық үшін қажетті барлық материалдарды алдын-ала талдап алу;
- белгілі бір пәнге байланысты дайындалған электронды оқулықтың сол пәннің оқушыларға оқытылуға тиіс бағдарламасына сәйкес болуы;
- электронды оқулықтар оқытылатын тараулар мен тақырыптарды толық қамтуы тиіс және мәтіндік видео-лекциямен үндесуі;
- электронды оқулықтың дәстүрлі оқулықтар мазмұнын қайталамауы, яғни берілетін тақырыпқа қатысты ақпараттың нақты әрі қысқа болуға;
- физика пәндеріне қатысты анимациялап көрсету үдерісінің оқулықтың көркемдік, әдістемелік деңгейін арттыруға әсері;
- электрондық оқулыққа көптерезелі интерфейс қолданылып, әр терезеде ақпараттар бір-біріне сілтемелермен байланыста болуы, жай көріністе қиынға түсетін бөлімдер бейне көріністер мен анимация арқылы толықтырылуы [3, 145-б.].

Қоғамның ақпараттандырылуы әртүрлі салаға есептеуіш техника құралдарының, жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың қарқынды енгізуімен тікелей байланысты.

Компьютерлік оқыту құралдарын қолданудың басты міндеттерінің бірі – қиын тараулар мен тақырыптарды оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын жасау, оқытуды бағдарламалық қамтамасыз ету.

Осыған байланысты, «Газдардың кинетикалық теориясы және термодинамика негіздері» пәнінен қажетті деген тақырыптарын оқыту үшін электрондық оқулығын жасақтадық.

Ұсынылып отырған электронды оқулықпен жұмыс жасағанда оқушылар компьютердің мультимедиялық құралдарын барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік алады, ал экранда теориялық материалдармен қатар иллюстрациялық бейнелер, диаграммалар мен құбылыстың динамикасын көреді. Оқулықтың анимациясы әр түрлі бағдарламаларда жасалуы мүмкін. Бірақ тиімді бағдарлама таңдау кезінде аз орын алатын, қарапайым анимация тудыратын Delphi_7 бағдарламасын қолдандық.

«Газдардың кинетикалық теориясы және термодинамика негіздері» пәнінен жаңа теориялық материалды түсіндіру барысында қолданылатын электрондық оқулықтардың оқыту әдістемесіне толығырақ тоқталайық.

Осыған байланысты, «Газдардың кинетикалық теориясы және термодинамика негіздері» пәнінен қажетті деген электр заряды, электрлену, электр зарядының сақталу заңы, тақырыптарын оқыту үшін молекулалық-кинетикалық теорияның негізгі ұғымдары, молекулалар массасы мен өлшемі, салыстырмалы молярлық және молекулалық масса, Авогадро саны, молекулалар арасындағы өзара әсерлесу күштері, сұйық, газ тәріздес және қатты денелердің құрылымы, газдың молекулалық-кинетикалық теориясының негізгі тендеуі, газдың макропараметрлері, температура және оны өлшеу, температура - идеал газ молекуласының орташа кинетикалық энергиясының өлшемі, газ молекуласының жылдамдығы, Штерн тәжірибесі, Больцман тұрақтысы, Клайперон-Менделеевтің күй тендеуі, газдардағы изопроцесстер және олардың графиктері тақырыптарына электрондық оқулығын жасақтадық.

Ұсынылып отырған электронды оқулықпен жұмыс жасағанда оқушылар компьютердің мультимедиялық құралдарын барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік алады, ал экранда теориялық материалдармен қатар иллюстрациялық бейнелер, диаграммалар мен құбылыстың динамикасын көреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нұрғалиева Г.К. Электронды оқулықтар – мұғалім мен оқушылар қызметін ізгілендіру құралы // Компьютер әлемі. – 2002. – №2. – Б. 20–21.
2. Жантелі Х. Оқытудың компьютерлік программаларын құру технологиясын жетілдіру // Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның еңбектері. – Шымкент, 2004. – Б. 446–449.
3. Халыкова Г. және т.б. Электрондық оқулықты дайындаудың талаптары // Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының еңбектері. – Шымкент, 2004. – Б. 469–472.

М. ЕРАЛИЕВА

ӨМБ-911 тобының студенті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: ө.ғ.д., профессор Т. Қоңыратбай

**«МУЗЫКА» ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА БЕРІЛЕТІН БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН
САРАЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІ
(3-сынып оқулығы негізінде)**

Аңдатпа. Мақалада жалпы білім беретін мектептерге арналған «Атамұра» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан 3-сыныпқа арналған «Музыка» оқулығының мазмұны мәселесі қарастырылды. Әрине, бұл өте күрделі мәселе, сондықтан бұл мәселені Студенттердің ғылыми-теориялық конференциясы аясында түбегейлі шешу өте қиын. Біз бұл тақырыпты өзіміздің педагогикалық практика кезіндегі тәжірибемізге сүйеніп сөз етуге тырыстық және өз пікірімізді, өзіміздің ұғым-түсініктерімізді ортаға салып отырмыз. Мәселе өзекті болғандықтан оны бір ғана сынып оқулығы негізінде қарастырдық.

Әрине, оқулық жазу – оңай іс емес. Алдағы кезде мектеп оқулықтарының мазмұнын жетілдіру мәселесіне арнайы ой бөліп отырмаса, музыка мамандықтарына музыкалық білімі жоқ талапкерлердің келе берері анық.

Кілт сөздер: оқулықтар, білім беру бағдарламасы, құрылымдық жүйе, музыкалық репертуар, тыңдау және талдау, зерттеу және талдау, зерттеу және ақпарат іздеу, тыңдау және талдау.

Abstract. The article considered the content of the textbook «music» for the 3rd grade, published in 2018 by the publishing house «Atamura» for general education schools. Of course, this is a very complex problem, so it is very difficult to solve this problem radically within the framework of a scientific and theoretical Conference of students. We tried to talk about this topic based on our experience in pedagogical practice and Share our opinions, our concepts. Since the problem is relevant, we considered it on the basis of only one class textbook.

Of course, writing a textbook is not an easy task. It is obvious that in the future, applicants who do not have a musical education will come to music specialties, if they do not devote special attention to improving the content of school textbooks.

Keywords: textbooks, educational program, structural system, musical repertoire, listening and analysis, research and analysis, research and information search, listening and analysis.

Özet. Makale, 2018 yılında genel eğitim okulları için «Atamura» yayınevi tarafından yayınlanan 3. sınıf için «Müzik» ders kitabının içeriğini incelemektedir. Elbette bu çok zor bir sorudur, bu nedenle bu soruyu öğrencilerin bilimsel ve teorik konferansında temel olarak çözmek çok zordur. Bu konuyu pedagojik uygulama deneyimlerimize dayanarak ifade etmeye çalıştık ve düşüncelerimizi, kavramlarımızı paylaşacağız. Sorun güncel olduğundan, bunu sadece bir sınıf ders kitabına dayanarak ele aldık.

Elbette bir ders kitabı yazmak kolay bir iş değildir. Açıkçası, gelecekte okul ders kitaplarının içeriğinin iyileştirilmesi konusuna müzik eğitimi almayan adaylar gelecektir.

Anahtar Kelimeler: ders kitapları, eğitim programı, yapısal sistem, müzik repertuarı, dinleme ve analiz, araştırma ve analiz, araştırma ve bilgi arama, dinleme ve analiz.

Аннотация. В статье рассмотрен вопрос содержания учебника «Музыка» для 3 класса, изданного в 2018 году издательством «Атамұра» для общеобразовательных школ. Конечно, это очень сложный вопрос, поэтому принципиально решить этот вопрос в рамках научно-теоретической конференции студентов очень сложно. Мы постарались высказаться на данную тему, опираясь на свой опыт в педагогической практике, и делимся

своим мнением, своими понятиями. Поскольку проблема актуальна, мы рассмотрели ее только на основе одного классного учебника.

Конечно, написание учебника – непростая задача. Очевидно, что в дальнейшем к вопросу совершенствования содержания школьных учебников придут абитуриенты, не имеющие музыкального образования.

Ключевые слова: учебники, образовательная программа, структурная система, музыкальный репертуар, аудирование и анализ, исследования и анализ, исследования и поиск информации, аудирование и анализ.

Егемендік алғаннан бері қазақ мектептеріне арналған музыка оқулықтарын жазу ісі қолға алынып келеді. Соңғы жылдары музыка оқулықтары конкурстық негізде жазыла бастады. Оқу министрлігі тендер жариялап, Кэмбридж білім беру бағдарламасына негізделген оқулықтарды оқу үдерісіне енгізіп келеді. Ш. Құлманова бастаған авторлар құрамы «Атамұра» және «Алматыкітап» баспалары арқылы осы оқулықтарды жарыққа шығарып келе жатыр [1, 26-б.]. Соңғы кездері оқулық жазу ісіне НЗМ жүйесіндегі мектептер де қатысып отыр. Олар жаңа бағдарлама жасап та көрді. Жаңа авторларды тауып, жаңа әндер жаздырып, музыка оқулығының мазмұнын біраз жаңғыртуға күш салды. Бірақ оқу министрлігі олардың барлығын бір-ақ жүйеге қосып, жалпы конкурстық негізде оқулықтарды қабылдауды жолға қойып отыр.

Міне, осындай талап тұрғысынан жазылған оқулықтардың бірі – Ш. Құлманова бастаған авторлардың 3-сыныпқа арналған «Музыка» оқулығы [2, 87-б.].

Әдетте біз музыка бағдарламасының күрделі мәселелерін сөз етіп жатамыз. Бірақ соны жете түсіне бермей, кейде өзге кітаптардағы пікірлерді қайта баяндап шығатынымыз да бар. Бұл жолы олай болмады. Жетекшіміз ірі тақырыпты жалпы шолып өтудің пайдасы болмайтынын айтып, шағын тақырыпты тарқатып үйрену кертігін алға тартты. Сол негізде бүгінде қолданыста жүрген «Музыка» оқулығының білім мазмұнын ашуды негізгі нысана етіп алдық.

Тақырыптың өзектілігі бүгінде қолданылып жүрген «Музыка» оқулықтары арқылы оқушылардың қандай білім алатындығын саралаумен анықталады. 1–6-сынып аралығындағы «Музыка» оқулықтары болса, солардың аясында әр сынып оқушысы қандай білім мазмұнын игеріп шығады? – деген мәселе осы кезге дейін арнайы сөз болған емес. Мұны герменевтикалық пайым десек те болады.

Зерттеудің мақсатына орай мынадай мәселелерді қамтуға тырыстық:

1. 3-сыныпқа арналған «Музыка» оқулығы оқушыларға қандай білім береді?

2. Оқулық қандай тақырыптарды қамтыған? Құрылымдық жүйесі, музыкалық репертуары несімен дараланады?

3. 3-сыныпты бітірген оқушы музыка пәні бойынша қандай білім алып шығуы керек?

Бұл мәселелерді күн тәртібіне шығарудың басты себебі – осы кезге дейін жалпы білім беретін орта мектепті бітіріп, жоғары оқу орнына келетін талапкерлер өздерінің музыкалық сауаты жоқ екенін айтады.

Мұның себебі неде? Оқушылар жалпы білім беретін мектеп қабырғасында 6 жыл бойы, яғни 1–6-сынып аралығында «Музыка» пәнін оқиды емес пе? Солай бола тұрып музыкалық білім алғанымыз жоқ дейді. Осыдан келіп мектептегі 6 жыл бойы оқытылатын «Музыка» пәні оқушыларға қандай білім береді? – деген сұрақ туындайды.

Зерттеудің міндеттері. Пән – білімнің жеке бір саласына тән теориялық мәселелерді қамтып, олардың практикалық шешімін қамтуға тиіс. Әр пәннің оқушыға үйрететін материалы болуы шарт. Сол негізде олардың ой-өрісі дамып, жетіліп отырады. Осы белгілері жоқ жерде оны пәнге жатқызу қиын. Егер 6 жыл бойы музыка пәнін оқыған оқушы ешнәрсені игермесе, біздің пән санатына жатқызып жүрген «Музыка» оқулықтарымыздың берері не?

Рас, музыка сабағында оқушылар ән салып, күй тыңдайды. Ол да қажет. Бірақ музыка сабағының мазмұны мұнымен ғана шектелмеуге тиіс. Кез келген пәннің оқушылар игеруге тиіс теориялық материалы болуы шарт. Бұл тұста біз музыка теориясын ғана айтып тұрған жоқпыз. Жалпы игерілуге тиіс теориялық материалы жоқ пән – пән емес. Мамандар пәнге талапты осылай қояды [3, 245-б.].

Талдау. Біз қарастырғалы отырған 3-сыныпқа арналған «Музыка» оқулығы «Атамұра» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан. Оқулық Кэмбридж бағдарламасына негізделіп жазылып, «Жанды табиғат», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Уақыт», «Сәулет өнері», «Өнер», «Атақты тұлғалар», «Су – тіршілік көзі», «Демалыс мәдениеті» және «Мерекелер» деп аталатын 8 тараудан тұрады. Бұл тараулардың әрқайсысы 4-5 сабақтан құралатын, жалпы көлемі 34 сабақты құрайды.

Әр тарау соңында оқушылардың үйренгенін пысықтайтын «Білімді тексер» деген сұрақтар мен тапсырмалар бар. Бұл барлық оқулықтарға тән жүйе. Мектептегі музыка пәніне арналған 4-5-6-сынып оқулықтары да осы жүйеге құрылған. Оларда табиғат, өнер, туған жер сынды әр түрлі танымдық тақырыптар қамтылады. Авторлар сол тақырыптарға байланысты музыкалық шығармаларды тауып, оқулыққа қосқан. Арасында музыкалық-теориялық мәліметтерді де беріп отырған.

Бірінші тараудың алғашқы сабағы «Табиғат және музыка» деп аталады. Авторлар бұл сабақта оқушыларға арнап 7 тапсырма дайындаған.

1-тапсырма – *тыңдау және талдау*. Мұнда табиғат және оны қоршаған ортаның бейнесі мен айналадағы дыбыстар туралы қысқаша дерек келтірілген және талдау үшін сұрақтар берілген. Бір қызығы, «тыңдау» деген тұста ештеңе берілмеген, оның есесіне шартты белгісінде «оқу» деген кітаптың суреті көрсетіліпті. Тапсырманың атауы тыңдау және талдау болса да, оқулық материалдары оған толық сай келмейді.

2-тапсырма – *зерттеу және талдау*. Мұнда «табиғат әуені» деп аталатын ойын берілген (сөзжұмбақ). Авторлар табиғатты «жанды» және «жансыз» деп қажетті кілт сөздерді көрсеткен. Ойын шарты бойынша оқушылар сөзжұмбақты шешуі тиіс. Бірақ сөзжұмбақ – музыканың өзі емес. Сонда оқушылар нені зерттеп, нені талдаған? Бұл жағы да бұлдыр.

3-тапсырма – *зерттеу және ақпарат іздеу*. Мұнда да «Табиғат пен музыка» деп аталатын ойын қамтылған. Ойын шарты бойынша оқушылар «жанды табиғат өкілдері», «жансыз табиғат өкілдері» және «музыканттар» деп үш топқа бөлініп, берілген сұрақтарға мәлімет іздейді және мысалдар келтіреді. Одан кейінгі бетінде суреттерге қарап табиғат құбылыстары мен музыкалық аспаптарды ажыратады. Ойынның жалпы мақсаты – табиғат пен музыканың бір-бірімен байланысын түсіндіру. Бірақ зерттеу элементі қайда?

4-тапсырма – *тыңдау және талдау*. Шартты белгісіне сай бұл тапсырмада «Қазақ жері» деп аталатын «Тұран» фольклорлық ансамблінің орындауынан үзінді тыңдауға берілген. Тыңдалымнан кейін оқушылар сұрақтарға жауап беруі керек.

Мысалы, «Шығарма орындалғанда көз алдына нені елестеттің?» – деген сауал қойылады. Үшінші сынып оқушыларына бұл сұрақтың ауыр болары анық. Олар абстракциялық түсінігін айтып та берер. Бірақ ансамбль құрамындағы аспаптармен жеке танысып, көзбен көріп, құлағымен естімей тұрып олар туралы ой сабақтау қиын. Сонда, тарау атауында көрсетілгендей, оқушылар нені талдамақ? Мұндай сұрақтар оқушыларға қандай білім береді? Қандай жауап алмақпыз олардан? Үшінші сынып оқушыларына «Тұран» ансамблін мұғалімнің өзі таныстырғаны дұрыс болар еді.

Одан әрі оқушыларға: «Қандай аспаптардың дыбысын естідің? Суреттерден тауып ал» - деген сұрақ қойылған. Яғни, суреттер арқылы естіген аспаптарын іздейді. Ойын арқылы оқыту тәсілін қолданғаны көрініп тұр. Бірақ бұрын көрмеген аспаптарын оқушылар есіту арқылы ажырата қояр ма екен?

Тапсырмадан кейін музыкалық терминдерге анықтама берілген. *Регистр* мен *тембр* сөздеріне түсінік беріп, оларды жасылмен ерекшелеп қойған. Музыкалық сөздік материалдары үшінші сынып үшін өте ауыр. Авторлар музыкалық-теориялық білімді

сөздіктер арқылы беруді көздеген. Бұл қаншалықты дұрыс? Әрбір терминнің мән-мағынасын жете түсінбей жатып, оларды механикалық жолмен жаттап алған білім бола қояр ма екен?

5-тапсырма – *әнді үйрену*. Шартты белгісінде микрофон бейнеленген. А. Асылбектің сөзіне жазылған Ә. Бүшікованың әні – «Кемпірқосақ». Сабақтың тақырыбына сай табиғат құбылысы туралы балалар әні:

Жаңбыр жауып, басылды,
Күннің көзі ашылды.
Өзен, көлдің үстіне
Кемпірқосақ асылды, - деп басталады.

6-тапсырма – *суырыпсалма*. Мағынасы біздерге түсінікті болғанмен бір ғана «суырыпсалма» деген сөз тақырыптың мазмұнын ашып тұрған жоқ. Бұл тапсырмада топтық жұмыс ретінде «Көңілді кемпірқосақ» ойыны берілген. Ойынның шарты бойынша оқушылар кітапта берілген 1-шумақ тақпаққа *до, ми, соль* ноталарын пайдаланып, қарапайым бір жол әуен құрастыруы керек, әрі мазмұнына қарай көркемдеуіш құралдарды (екпін, ырғақ, дыбыс биіктігі, форте, пиано сияқты динамикалық белгілерді) пайдалануы тиіс. Содан соң оны орындап, шулы аспаптармен сүйемелдеуі қажет.

Бұл тапсырма да оқушылардың жас ерекшеліктерінен асып жатқандай көрінді. Біріншіден, «ән құрастыру» мен «суырыпсалма» ұғымдары бір емес. Біріншісі – әуен шығару, екіншісі – импровизация, яғни бір әуенге жасалатын көркем өңдеу. Мұның ізі тапсырмадан байқалмайды.

Екіншіден, тапсырма анық емес. Педагогикалық практика кезінде дәл осы тапсырманы оқушыларға жеткізе алмадық. Олар дыбыс биіктігі, ырғақ, екпін дегендерді білмеді.

Олай болса мұндай тапсырмаларды орындау мүмкін бе? Олардың 3-сынып оқушыларына қиындық тудырамы анық.

7-тапсырма – *бағалау*. Яғни, 6-тапсырмадағы ойын шарты бойынша оқушылардың әнді орындауын бағалау және сабақты қорытындылау. Бағалау демекші, қазіргі мектептерде музыка пәні бойынша баға қойылмайды. Авторлар мұны да ескере бермеген секілді.

Міне, 3-сыныпқа арналған «Музыка» оқулығында қамтылған танымдық материалдардың дені осындай болып отырады. Авторлар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, сабақ барысында ойын тәсілдерін қолдануды мақсат еткен. Түрлі кроссвордтардың берілуі соны байқатады. Дұрыс та шығар. Бірақ бір жыл бойы музыка сабағын оқыған оқушылардың басында қандай білім қалады? Ән салу, күй тыңдау сияқты үдерістердің білімі сипаты қайсы?

Мектептегі «Музыка» сабағының мақсаты - ән салу немесе күй тыңдау ғана болмаса керек. Әдебиет сабағында оқушылар тек қана өлең жаттау немесе тыңдаумен айналыспайды ғой. Сол өлеңнің авторы кім, құрылысы қандай, ассонанс, аллитерация сияқты көркемдік құралдары қайсы? - деген мәселелерге тоқталмай ма. Осы бағыт 3-сыныпқа арналған «Музыка» оқулығында жоқ. Бір ғана ән салу, күй тыңдау, кроссворд шешу – білімнің өзі емес, соған апаратын жол, материалды игерудің тәсілдері ғана. Сонда музыкалық білімнің өзі қайда?

Біз 3-сынып оқулығынан бөлек басқа сыныптардың оқулықтарына да көз жүгіртіп шықтық. Барлығындағы жағдай осы. Осыны 4 салдарынан 1 – 6-сыныптар бойы «Музыка» пәнін оқыған мектеп оқушылары сол пәнге қатысты ешқандай білім алып шықпайды.

Түйін. Әрине, бұл өте күрделі мәселе. Студенттердің ғылыми-теориялық конференциясы аясында оны түбегейлі шешу өте қиын. Сондықтан біз бұл тақырыпты өзіміздің педагогикалық практика кезіндегі тәжірибемізге сүйеніп сөз етуге тырыстық. Мәселе өзекті болғандықтан оны бір ғана сынып оқулығы негізінде қарастырдық.

Тақырыпты ашудың тағы бір қиыншылығы болды. Осы кезге дейін орта мектептерге арналған «Музыка» оқулықтарының мазмұны арнайы сөз болып, мерзімді баспасөз беттерінде пікір алмасулар жүргізілмеген. Сол себепті біз өзге авторлар емес, өз пікірімізді, өзіміздің ұғым-түсініктерімізді ортаға салып отырмыз.

Мәселені түйіндеп айтар болсақ, орта мектептегі 3-сыныпқа арналған «Музыка» сабағында өтілетін 34 сабақтың мазмұны, қамтыған танымдық материалдары әлі де жетілдіре түсуді қажет етеді. Оқулықтағы бөлім атаулары бар, сөздік, ойын үлгілері қамтылған, бірақ оқушыларға берілетін нақты музыкалық білім мазмұны бұлдыр. 3-сынып оқулығын аяқтаған оқушының музыкалық білім деңгейі қандай болып, нені игеріп шығуы керек? - деген сауалдың жауабын табу қиын.

Алты жыл бойы мектепте «Музыка» пәнін оқып, жоғары оқу орындарының музыкалық білім мамандығын таңдаған талапкерлердің «дайындықсыз келдім» деуінің себебін осы мәселелерде жатқаны анық.

Әрине, оқулық жазу – оңай іс емес. Алдағы кезде мектеп оқулықтарының мазмұнын жетілдіру мәселесіне арнайы ой бөліп отырмаса, музыка мамандықтарына музыкалық білімі жоқ талапкерлердің келе берері анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Оразалиева М. Музыка. 4 класс. – Алматы: Атамұра, 1994. – 146 б.
2. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Тоқжанов Т., Махамбетова Ж. Музыка. 3-сынып. – Алматы: Атамұра, 2018. – 160 б.
3. Васильев П.В. Некоторые вопросы музыкального образования в национальных школах. – Бишкек, 2017. – 228 с.

А. ҚАЙЛАРБЕК

ЖХМ-111 тобының студенті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: техн.ғ.к., ХҚТУ профессоры Г.Н. Жылысбаева

«ТҰЗДАР ГИДРОЛИЗІ» ТАҚЫРЫБЫНДА LESSON STUDY ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа. Мақалада Lesson Study әдіс тәсілі бойынша білімгерлердің білім деңгейін көтеру мақсаты, оқыту технологиясының әдістемесін жетілдіру барысы келтірілді. Қазіргі таңда оқытудың жаңа технологиялары кеңінен қолданылып, білімгердің шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуы мен дағдыларының қалыптасуына үлкен үлес қосуда. Сондықтан мақала Lesson Study технологиясының мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту мүмкіндіктерін талдауға және оны педагогикалық практикада қолдану ерекшеліктерін анықтауға арналған. Зерттеу нәтижелері бойынша «А» тобында Lesson Study әдісімен оқу үлгерімі 85% құрап, прогресс 45%-ға, ал «В» тобында прогресс 72%-ды құрап, оның 38%-ға артқаны анықталды.

Кілт сөздер: педагог, оқытушы, білім беру бағдарламасы, технология, Lesson Study, зерттеу жұмысы.

Abstract. The article presents the goals of increasing the level of knowledge of students using the Lesson Study methodology, the progress of improving the methodology of teaching technology.

Currently, new learning technologies are widely used, which make a great contribution to the development of creative, intellectual abilities and the formation of student skills. Therefore, the article is devoted to the analysis of the possibilities of the Lesson Study technology for the development of professional competence of teachers and the identification of features of its use in pedagogical practice. According to the results of the study, it was found that in group «A» the progress of learning by the Lesson Study method was 85% and the progress increased by 45% and in group «B» the progress was 72% and increased by 38%.

Key words: pedagogue, teacher, education program, technology, Lesson Study, research work.

Özet. Bu makale, öğrenme teknolojisinin metodolojisini geliştirmenin seyri olan Lesson Study metodolojisinde öğrencilerin bilgi düzeyini artırmanın amaçlarını göstermektedir. Günümüzde, yaratıcı, entelektüel yeteneklerin geliştirilmesine ve öğrencinin becerilerinin oluşumuna büyük katkıda bulunan yeni öğrenme teknolojileri yaygın olarak kullanılmaktadır. Bu nedenle makale, Lesson Study teknolojisinin öğretmenlerin mesleki yeterliliğini geliştirme ve pedagojik pratiğe uygulanmasının özelliklerini belirleme yeteneklerini analiz etmeye adanmıştır. Çalışmanın sonuçlarına göre, » A «grubunda Lesson Study ile akademik başarı oranı% 85, ilerleme oranı% 45, » B "grubunda ise ilerleme oranı % 72, bu oran% 38 arttı.

Anahtar Kelimeler: öğretmen, öğretmen, eğitim programı, teknoloji, Lesson Çalışması, araştırma çalışması.

Аннотация. В статье приводятся цели повышения уровня знаний обучающихся по методике Lesson Study, ход совершенствования методики технологии обучения. В настоящее время широко используются новые технологии обучения, которые вносят большой вклад в развитие творческих, интеллектуальных способностей и формирование навыков обучающегося. Поэтому статья посвящена анализу возможностей технологии Lesson Study по развитию профессиональной компетентности педагогов и выявлению особенностей ее использования в педагогической практике. По результатам исследования установлено, что в группе «А» прогресс обучения методом Lesson Study составил 85% и

прогресс увеличился на 45%, а в группе «Б» прогресс был равен 72% и увеличился на 38%.

Ключевые слова: педагог, учитель, образовательная программа, технология, Lesson Study, исследовательская работа.

Оқыту процесінде жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдердің маңызы өте зор. Осы арқылы білімгер толыққанды білім алып, өзінің ойын дамытады, шығармашылық жұмысқа ынтасы артады. Алған білімін ұзаққа дейін есте сақтап, қажет болған кезде қолдана білуіне мүмкіндік алады. Оқыту процесін жүйелі түрде оқытушы, ал сәйкесінше оқу процесін оқушылар, яғни білімгерлер жүзеге асырады. Lesson study ең алғаш батыс елдерінде қалыптасып, Жапония елінде дамып, шетел тәжірибесінен алынған оқыту жүйесі [1, 2-б.]. Өзге тілден аударғанда «сабақты зерттеу» деген мағананы білдіреді. Яғни, Lesson study – тәжірибе саласында оқытушының білімін жетілдіруге бағытталған және сабақ барысындағы іс-әрекеттерді зерттеудің айрықша үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Бұл педагогикалық тәсілге сабақ жоспарын бірлесе жоспарлап, өткізу барысын қадағалайтын, оқыту мен оқуды талдай отырып, өз қорытындыларын толықтай айтатын оқытушылар тобы қатысады. Lesson study тәсілін сабақ барысында қолдану барысында оқытушылар оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді, не болмаса белгілі әдіс-тәсілдерді жетілдіреді [2, 45-б.].

Lesson study орта мектептерде негізгі пәндер бойынша оқытушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдіс-тәсілдерін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар жаңа тәжірибелік әдістерді даярлау мақсатында кеңінен қолданылады [3, 12-б.; 4, 250-б.; 5, 48-б.]. Lesson study тәсілі бойынша сабақ жүргізу барысында топта жұмыс орындайтын оқытушылар:

- Lesson study-ді бірлесіп жоспарлайды, сабақ барысында зерттелетін үш оқушыны үнемі назарға ала отырып, оқыту әдістемесін қолданады және оның нәтижелерін жақсылап талдайды;

- Назардаға алатын үш оқушыны анықтайды, олар сыныптағы белгілі бір топтың өкілі болуы шарт және оқу үлгерімінің деңгейі жоғары, орта, төмен оқушылардан тұрады;

- Назардағы оқушылардың дамуы мен оқуына басты назар аудара отырып, Lesson study өткізеді және оны қадағалайды;

- Назардағы оқушылардың Lesson study туралы пікірлерін білу үшін міндетті түрде сұқбаттасады;

- Қолданылатын әдіс-тәсілге назарға алынған оқушылардың ой-пікірін, олардың жеткен жетістіктерін, оқу барысында көрсететін жетістіктері мен кездесетін қиындықтарын білу керек;

- Тәжірибе нәтижесін келешекте оқыту мен оқу әдістемесін әзірлеу үшін қолдану мақсатында Lesson study-ге талдау жүргізеді.

Lesson study-ді топ болып біріккен оқытушылар қауымы бірігіп өтеді. Ашық сабақ оқушының қаншалықты тәжірибелі екендігін көрсетсе, ал Lesson study қолданатын әдіс-тәсілдердің қаншалықты тиімді екендігін анықтау үшін жасалады. Lesson study еңбек жолын жаңа бастаған жас мамандарға кәсіби тұрғыда жетілуге көмектеседі. Себебі бірлесіп жоспарлау, бірлесіп қадағалау, бірлесіп талдау арқылы біз оқыту туралы бірлескен пікір қалыптастырамыз [6, 110-б.]. Біз оқыту аспектілерін өзіміздің ұстанымымыз тұрғысынан емес, Lesson study дайындаған әріптестеріміздің көзімен де қарастырамыз, соның нәтижесінде біз Lesson study барысында бақылаған нақты сабақты өзіміздің жоспарлаған сабағымызбен салыстырамыз. Бұл біздерге өзіміз мән бермейтін, елемейтін немесе болжамды білім ретінде сақталып қалатын нәрселерді аңғармауымызға түрткі болады [7, 169-б.; 8, 250-б.].

Lesson study әдіс-тәсілін қолданатын оқытушылардың айтуынша, зерттелетін жекелеген оқушылардың оқудағы қажеттіліктері мен мінез-құлықтарына назар аударып, сол арқылы олар туралы көбірек біле отырып, біз өз оқушыларымыздың әрқайсысын анағұрлым жақсы тани бастаймыз [9, 53-б.].

Ғылыми зерттеу жұмысымыздың мақсаты: Lesson Study әдіс тәсілі бойынша білімгерлердің білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру, сонымен қатар оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу.

Осыған орай ғылыми зерттеу жұмысымыздың міндетері етіп мыналарды алдық: Бірлесіп жоспарлау, бірлесіп қадағалау, бірлесіп талдау арқылы оқыту туралы бірлескен пікір қалыптастыру; Зерттелетін жекелеген оқушылардың оқудағы қажеттіліктері мен мінез-құлықтарына назар аударып, сол арқылы оқушыларды анағұрлым жақсы тану.

Сабақты зерттеу -бұл оқушыларды оқытуға бағытталған кәсіби дамудың бірлескен тәсілі. Сабақты оқу циклі төрт кезеңнен тұрады. Әдетте, командалар әр оқу жылында бір немесе екі циклды аяқтайды. Үш сабақты өткізу тәжірибесіне назар аудару командаларға оқушылардың оқу процесін түсіну қабілетін арттыруға және олардың оқыту тәжірибесіне маңызды өзгерістер енгізуге көмектеседі.

Lesson Study тәсілі үш циклден құралады, ол сабақтарды мұғалімдер командалары бірлесіп жоспарлап, оқытып, қадағалап, талдайды:

Lesson Study-дің бірінші циклі

Тиісті өзгерістерді анықтау үшін мұғалімдер тобының бірінші жиыны

=> Бірінші сабақты бірлесіп жоспарлау => Бірінші сабақты өткізу/ қадағалау =>
Оқушылармен сұхбаттасу => Бірінші сабақты талқылау және Екінші сабақты жоспарлау=>

Lesson Study-дің екінші циклі

Екінші сабақты бірлесіп жоспарлау => Екінші сабақты өткізу/ қадағалау =>
Оқушылармен сұхбаттасу => Екінші сабақты талқылау және Үшінші сабақты жоспарлау=>

Lesson Study-дің үшінші циклі

Үшінші сабақты бірлесіп жоспарлау => Үшінші сабақты өткізу/ қадағалау =>
Оқушылармен сұхбаттасу => Үшінші сабақты талқылау және ортақ қорытынды жасау =>

Қорытындыларды жазып, ашық зерттеу жүргізу.

Түркістан қаласы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Lesson Study әдістерін зерттеу жұмысы өткізілді. 6B01512 химия білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 1-курс студенттеріне бейорганикалық химия II сабағында жүргізілді.

Зерттеу жұмысы үш кезеңнен тұрды:

- Негіздеуші кезең – зерттеудің өзектілігі Түркістан қаласы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6B01512 - химия мұғалімдерін даярлау мамандығында оқитын 1-курс студенттері үшін бейорганикалық химия II сабақтарында Lesson Study әдіс-тәсілінде оқытуды қолдану қажеттілігі негізделген.

- Қалыптастырушы кезең – 1-курс студенттерінің бейорганикалық химия II сабағында Lesson Study технологиясын қолдануды қамтитын эксперимент өткізілді.

- Бақылау кезіңі – 1-курс студенттерінің эксперимент тиімділігіне талдау жүргізілді.

Педагогикалық зерттеу объектісі ретінде 6B01512 - химия білім беру бағдарламасының 1-курс студенттерінің «А» және «Б» топтары таңдап алынды. «А» тобында 15 студент оның 8-і қыз және 7-еуі ер бала ал, «Б» тобында 14 білімгер оның 7-еуі қыз, 7-еуі ер бала оқиды. Бұл топ білімгерлері орташа даму деңгейінде дамыған. Топтардың оқуға қабілеті орташа

және өзара ұйымдасу қабілеттері де орташа. Сабақта білімгерлер өздерін белсенді көрсете білді, сондай-ақ, олар тәртіпті. Берілген тапсырмалар жақсы орындалды. Топтар біртұтас, ұйымшыл және өзара жақсы араласатын жеке топтардан тұрады.

Зерттеу шеңберінде оқытудың дәстүрлі және Lesson Study әдістерін қолданылған сабақтар өткізілді. Осы топтарда Lesson Study оқыту элементтерін пайдалана отырып, оқытудағы дәстүрлі тәсілмен 1 сабақ және оқытудағы Lesson Study тәсілмен 1 сабақ өткізілді.

«Тұздар гидролизі» тақырыбы бойынша Lesson Study білім беру әдісі бойынша сабақ өткізілді. Таным белсенділігінің деңгейінің сандық бағасын Е.В. Титованың [10, 120-б.] әдісі бойынша есептелінді.

$$A=K+L/N*100\%$$

Мұндағы,

A- танымдық белсенділігінің коэффициенті;

K- сабақтағы белсенділігі төмен оқушылардың саны;

L- сабақтағы белсенділігі жоғары оқушылардың саны;

N- жалпы оқушылар саны.

В.А. Крутецкий зерттеулері бойынша дәстүрлі және Lesson Study әдісі бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижесі, таным белсенділік коэффициенттерінің өзгерісі 1-ші және 3-диаграммада келтірілді, ал білімгерлердің білім көрсеткіштерінің нәтижесін 2-диаграммадан көруге болады. Зерттеу нәтижелері бойынша «А» тобында Lesson Study әдіс-тәсілімен білім беру үлгерімі 85% -ды көрсетсе, «Б» тобында үлгерім 72%-ға тең. Lesson Study технологиясы бойынша жүргізілген екі топта да білім көрсеткіштері айтарлықтаң жоғары.




Диаграмма 1 – Дәстүрлі және Lesson Study әдіс тәсілі бойынша білім беру кезіндегі (В.А. Крутецкий зерттеулері бойынша) таным белсенділік коэффициенттерінің өзгерісі




Диаграмма 2 – Дәстүрлі және Lesson Study әдіс тәсілі бойынша білімгерлердің білім көрсеткіштері




Диаграмма 3 – Дәстүрлі және Lesson Study әдіс тәсілі бойынша білім беру кезіндегі (В.А. Крутецкий зерттеулері бойынша) таным белсенділік коэффициенттерінің өзгерісі

«А» және «Б» топ білімгерлерінің үлгеріміне Lesson Study әдіс-тәсілдерімен білім берудің әсері үлгерімнің пайыздық көрсеткіші мен білім сапасының пайыздық көрсеткіші бойынша анықталды.

Үлгерім пайызы мынадай формула бойынша есептелді:

$$K_3 = \frac{n^5 + n^4 + n^3}{N} \times 100\%$$

Мұндағы K_3 – (білім коэффициенті) үлгерімнің жоғарылауының мәнінің коэффициенті, n^5 «5» бағасына қатысты білімгерлер саны, n^4 «4» бағасына қатысты білімгерлер саны, n^3 «3» бағасына қатысты білімгерлер саны, N – экспериментке қатысқан білімгерлердің жалпы саны. «5» бағасы пайыздық көрсеткіш бойынша 90-100% аралығынан есептелді, «4» бағасы пайыздық көрсеткіш бойынша 70–89% аралығынан есептелді, «3» бағасы пайыздық көрсеткіш бойынша 50-69% аралығынан есептелді.

Қорытынды кезеңде «А» тобында үлгерім 85% ал, «Б» тобында 72% құрады. Білім сапасы 68% ал, «Б» тобында 69% көрсетті (Диаграмма 4).




Диаграмма 4 – Lesson Study әдіс тәсілімен білім беру кезіндегі «А» және «Б» топтарының білім көрсеткіші

Қорытындылай келе ғылыми зерттеу жұмысымыздың зерттеу объектісі ретінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6B01512-Химия білім беру бағдарламасының 1-курс студенттері алынды. Зерттеу нәтижелері бойынша «А» тобында

Lesson Study әдіс-тәсілімен білім беру үлгерімі 85% -ды көрсетіп үлгерімнің 45%-ға артқанын дәлелдесе, ал «Б» тобында үлгерім 72%-ға тең болып 38%-ға артқаны анықталды.

Lesson Study негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу мақсатында табысты қолданылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Department for Children, Schools and Families. (2008). Improving practice and progression through lesson study: a handbook for head teachers, leading teachers and subject leaders. – London: DCSF. Lesson Study: нұсқаулық. Пит Дадли, 2008. – 17 p.
2. Dudley P. Lesson study in England: from school networks to national policy. Presented at the World Association of Lesson Studies Annual Conference, Hong Kong Institute of Education. Conference collection, 2008. – 225 p.
3. Dudley P. How Lesson Study orchestrates key features of teacher knowledge and teacher learning to create profound changes in professional practice. Presented at the World Association of Lesson Studies Annual Conference, Tokyo. Methodological guide, 2011. – 70 p.
4. Cerbin W., Kopp B. Lesson study as a model for building pedagogical knowledge and improving teaching. International Journal of Teaching and Learning in Higher Education. – 2006. – 18(3). – 412 p.
5. Михайловская Н.А. Деятельностный подход в обучении // Проблемы современной науки и образования. Публикация научной статьи. – 2015. – №2 (32). – С. 453.
6. Mathelisch L. Competenciesinscienceteaching // CEAPJournal. – 2013. – No3. 5(18). – P. 382.
7. Hiebert J.H., Stigler J.W. Teaching versus teachers as a lever for change: Comparing a Japanese and a U.S. perspective on improving instruction // Educational Researcher. – 2017. – №46(4). – P. 502.
8. Cerbin W., Kopp B. Lesson study as a model for building pedagogical knowledge and improving teaching // International Journal of Teaching and Learning in Higher Education. – 2006. – №18(3). – P. 428.
9. Шабельников В.К. Разгаданные и неразгаданные тайны формирования умственных действий // Вестник Московского университета. Серия 14. Психология. – 2012. – №4. – С. 372.
10. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. – М.: Педагогика, 2015. – 322 с.

Л. ҚҰДАЙБЕРГЕН

ФАТ-913 тобының студенті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: әлеум.ғ.к., доцент Б.Д. Тұрлыбеков

THE EFFECTIVENESS OF USING THE FLIPPED CLASSROOM IN IMPROVING ACADEMIC SKILLS

Abstract. The article is devoted to the study of the issue of the effectiveness of the use of the «Flipped classroom» method in teaching academic skills of the English language. The «Flipped classroom» is a pedagogical approach, which is a type of Blended Learning, in which the student independently studies the material at home, by a pre-trained teacher, and in the classroom at school the material is practically consolidated.

The author studied the factors influencing the process of teaching and the perception of data by students of secondary and higher schools. Based on the work of foreign teachers and trial and error, the following factors were studied: native language, country of residence, age of students, external environment, as well as the availability of access to innovative technologies.

Based on the data obtained, it was revealed how the factors described above affect the effectiveness of the use of the «Flipped Classroom» in teaching academic skills.

Keywords: Flipped Classroom, Blended Learning, LMS, ICT, Bloom's Taxonomy, Moodle.

Аңдатпа. Мақала ағылшын тілінің академиялық дағдыларын оқытуда «инверттелген сынып» әдісін қолданудың тиімділігі мәселесін зерттеуге арналған. Инверттелген сынып – педагогикалық тәсіл, ол аралас оқытудың бір түрі болып табылады, онда оқушы материалды үйде, алдын ала дайындалған мұғаліммен өз бетінше оқиды, ал мектептегі сыныпта материал іс жүзінде бекітіледі.

Автор орта және жоғары мектеп оқушыларының мәліметтерді қабылдауына және оқыту үдерісіне әсер ететін факторларды зерттеген. Шетелдік оқытушылардың жұмысы мен сынақтар мен қателер негізінде келесі факторлар зерттелді: ана тілі, тұратын елі, студенттердің жасы, сыртқы орта, сонымен қатар инновациялық технологияларға қолжетімділіктің болуы.

Алынған мәліметтер негізінде жоғарыда сипатталған факторлардың академиялық дағдыларды оқытуда «Инверттелген сыныпты» пайдалану тиімділігіне қалай әсер ететіні анықталды.

Кілт сөздер: инверттелген сынып, Blended Learning, LMS, АКТ, Блум таксаномиясы, Moodle.

Özet. Makale İngilizce akademik becerilerin öğretilmesinde "ters sınıf" yönteminin kullanım etkinliğini araştırılmasını ele almıştır. Ters yüz sınıfı, öğrencinin materyali evde önceden bağımsız olarak çalıştığı ve materyalin okul sınıfında uygulamalı olarak pekiştirildiği, harmanlanmış öğrenmenin bir türü olan pedagojik bir yaklaşımdır.

Araştırmacı, ortaokul ve lise öğrencilerinin bilgi algısını ve öğrenme sürecini etkileyen faktörleri incelemiştir. Ayrıca yabancı kaynaklardan dil öğretmenlerin denemelerine dayalı yanımları ana dil, ikamet edilen ülke, öğrencilerin yaşı, dış çevre ve yenilikçi teknolojilere erişim gibi faktörleri de ele alarak incelemiştir.

Elde edilen verilerden yola çıkarak, yukarıda açıklanan faktörlerin akademik becerilerin öğretiminde “Ters Sınıf” kullanımının etkililiğini belirlenmiştir.

Anahtar Kelimeler: Ters yüz sınıf, Harmanlanmış Öğrenme, LMS, ICT, Bloom taksonomisi, Moodle.

3. Балалар мен жеткіншектердің ауытқыған мінез-құлқы салдарынан өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері: үйден қашу, мектептен қашу, ерте темекі шегу, ұсақ құқық бұзушылықпен, ата-аналармен конфликт, алкоголизация, наркотизация және т.б. Бұл ретте балалар мен жасөспірім суицидтік мінез-құлықтың пайда болуына ересектерге қарағанда басқаша пайда болатын күйзеліс түрі ықпал етеді. [4, 5-6-бб.]. Жеткіншектердің суицидтік

мінез-құлқы белсенді іс әрекеттерінен көрінеді. Оған суицидтік ойлар, мәлімдемелер мен әрекеттер кіреді. Ересектердің суицидтік мінез-құлық түрі шынында да өмірден кетуге бел буса, жалпы жастарда суицид демонстративті болады. [5, 5-6-бб.]. Міне, мұндай жағдайда туындағанда ең бірінші мектептегі педагог-психолог хабардар болуы әрі ауытқыған мінез-құлықты жөндеуге ат салысуы қажет. Суицидті алдын алуда педагог-психологтың жұмысы бірнеше бағытқа бөлінеді:

1. Диагностикалық әдістерді қолдану;
2. Тұлғаға бағытталған психотехнологиялық терапиялар;
3. Ұйымдастырушылық әдістер (Педагогикалық кеңестер, консилиумдар, топтық семинарлар, пікірталастар, дөңгелек үстел);
4. Ақпараттық әдістер (Меморандумдар, стендтік ақпарат, ақпараттық парақтар, буклеттер).

Бірінші, диагностикалық бағыт бойынша дер кезінде қолданылған, дұрыс ұйымдастырылған диагностикалық әдістерді пайдалану. Ол үшін педагог-психологтың кәсіптік жарамдылық деңгейі, жалпы білімі жоғары болуға тиіс. Қолданылатын әдістерге келетін болсақ, мысалы, Г. Мюррейдің апперцептивті тесті; Б.И. Хасанның орныққан дау-дамайды (конфликтіні) зерттеу әдістемесі; А.М. Прихожанның уайым шкаласы; Ю.Я. Киселева «градусник» әдістемесі; т.б. [6, 9-10-бб.]. Диагностика нәтижесінде:

- Оқушылардағы психоздар мен психикалық ауытқулардың болуы;
- Суицидтік ойлар айту, суицидтік әрекеттердің қайталануы;
- Әлеуметтік жағдайының нашар болуы;
- Жанжалдық немесе психикалық жарақат алатындай жағдаяттың болуы;
- Жаман әдеттерде байқалып, оларға бейім болуы;
- Мінез-құлқында өзгерістер болуы (тұйықталу, шаршаңқылық, қызығушылығының жоқтығы, т.с.с.);
- Стрестің белгілері болуы;
- Суицидке бейімділігі жоғары болуы – жеткіншектің үстінен бақылауды күшейіп, түзету жұмыстары жүргізіледі [6, 11-б.].

Екінші, жеткіншекпен коррекциялық жұмыс, педагог-психолог жеткіншектің ата-анасымен, сынып жетекшісімен, медицина қызметкерімен бірге жүргізіледі. Коррекциялық жұмыстың мақсаты эмоционалды мінез-құлықты қалыпқа келтіру, агрессивті мінез-құлықты түзету, қоршаған әлемді дұрыс қабылдауды қалыптастыру. Түзету жұмыстары нәтижелі болуы үшін: әлеуметтенуге және дамуға ынталандыратын ортамен қамтамасыз ету, жеткіншек өзін еркін сезінетін кеңістік құру, өзіне және басқаларға деген дұрыс көзқарас қалыптастыру. Коррекциялық жұмыста педагог-психолог арт-терапевтік әдістер, психогимнастикалық жаттығулар, әңгімелер, коррекциялық жаттығулар, тестілеу, құм терапиясы, релаксация жаттығулары және ойын әдістерін қолданады [7, 14-б.].

Үшінші кезекте, педагог-психологтар ата-аналармен жұмыс жасайды. Егерде жеткіншекте суицидтік белгілері анықталса, ата-аналармен балаларына қатысты кеңестер беріледі. Ата-ана жеткіншекпен бірге тренингтерге, түрлі түзету жұмыстарына қатысады, тек сонда ғана мектеп психологы керекті нәтижені алады. Ата-анаға берілетін кеңесте балаларының проблемасына салғырт қарауға болмайтыны жайлы, бала аутоагрессивті әрекетке бармай жатып, белгі беретіні жайлы айтылады. Белгілер көбінесе былай көрінеді:

- Кәдімгі күйінен басқаша жүреді (мысалы сабырлыдан агрессиялық күйде жүру);
- Ұйқысыздық немесе тым көп ұйықтау;
- Тәбетінің көтерілуі немесе болмауы;
- Мазасыздануы;
- Үнемі шаршаңқы күйде жүру;
- Өзінің сыртқы келбетіне мән бермеу;
- Физиологиялық күйіне көп шағым айту (күтпеген жерде сырқаттануы);

- Жақын адамдардан алшақтануы;
- Ешқандай белсенділік танытпауы;
- Үйірмелер мен клубтарға қатысқысы келмеуі;
- Іс-әрекеттерінде шеттен тыс альтруизм мен тәуекелділік;
- Өлім және соған байланысты ұғымдар жайлы ойлануы;
- Өзіне тән емес шеттен тыс махаббатын немесе ашуын көрсету;
- Үмітсіздік;
- Темекі, есірткі сияқы заттарға құмарлық;
- Өзіне құнды заттарды оңайлықпен беру;
- Өзі өмірден кеткенде не болатыны жайлы болжауы [8, 42-44-б.].

Ата-аналар балаларын өз-өзіне қол салуын алдын ала алатын бірінші жандар. Жеткіншектің жанында ең қажетті адамдар суицидтік әрекетті алдын алу үшін қарапайым белгілерді білуі тиіс:

1. Суицидке баруы мүмкін балалар тобы: қиын отбасылық жағдай, достардың болмауы, оқудағы қиыншылық, тұрақты қызығушылығы мен хоббиі болмауы, жақын адамын жоғалтуы, отбасылық суицид оқиғасы, депрессияға бейімділігі, жаман әдеті болуы (нашақорлық, ішімдік, темекі), зорлы-зомбылықтың құрбаны болуы, дұрыс емес ағым мен субьмәдениетте болуы, т.б.

2. Ата-ана істеуі керек: балаңызға мұқият болыңыз, махаббатыңызды көрсете біліңіз, жеткіншекпен ашық әңгіме айтыңыз, баланы тыңдаңыз, суицид жайлы тіке айтуға қорықпаңыз, жеткіншекті проблемамен бір өзін қалдырмаңыз, мәселенің басқа шешімдерін айтыңыз, кез келген мәселенің шешімі барына сендіріңіз, балаға жақын адамдарға балаға қолдау керек екенін білдіріңіз, мамандардың көмегіне жүгініңіз.

3. Ата-ана нені істемеу керек: онымен салғыласуға, мән бермеуге, «мұның проблема ма?, сен басқалардан әлде қайда жақсы өмір сүресің!» деп сұрауға, жеткіншекпен ұрсысуға, оның үстінен күлуге болмайды [8, 60-61-б.]. Сонда, педагог-психологты ата-ана міндетті түрде ақпараттандыруы қажет.

Төртінші бағыт, сынып жетекшілер мен пән мұғалімдер педагог-психологпен бірге мектепте түрлі суицидтің алдын алуға байланысты іс-әрекеттер атқарады. Жеткіншектер суицидтік ойы жайлы басқаларға белгі береді, оны байқап, алдын алуға мұғалімдер де ат салысады. Бұл үлкен мәні бар стратегиялы жұмыс:

- Тұлғалық ауытқушылығы көрінген балаларға дер кезінде психологиялық көмек көрсету;

- Көмек көрсетуге деген шынайлықпен оқушылармен сенімді қарым-қатынас құру;

- Оқушылардың жан жарақатын жеңілдетуге тырысу;

- Суицидтік ниетінің белгілерін немесе мәлімдемесін, мінезіндегі өзгерістерді байқап, уақытылы тану;

- Үлгерімі төмен оқушыларға сабағына көмек беру;

- Сабаққа уақытылы қатысуын қадағалау, сабақтан қашпағанына көз жеткізу;

- Жаман әдеттерден аулақ болу;

- Психикалық ауруларды дестигматизациялау;

- Суицид құралдарына, яғни, улы заттар мен медикаменттер, пестицидтерге, суық қаруға, және т.б. қол жеткізбеу;

- Мұғалімдер мен басқа мектеп қызметкерлердің жұмыс орнында стресске берілмеуі [8, 27-б.].

Ал профилактикалық жұмыстардың деңгейі жоғары болуы үшін, жұмыс барысында бірнеше принциптарды ескеру керек:

• Психологиялық-педагогикалық этиканы әрбір тәрбиеші, педагог, психолог, әлеуметтік педагог т.б. күнделікті сақтау;

- Жас ерекшелік психологиясы, балалар суициді, жеке психокоррекциялық жұмысы мен психотерапия жайлы білімі болуы;

- Балалармен диагностикалар, коррекциялар жүргізуде жеткіншектердің жеке мінез ерекшеліктеріне мән беру;

- Суицидке, депрессияға бейім балалар тобындағы жеткіншектердің отбасыларымен бірге отбасылық психотерапия, педагогикалық-психологиялық консультацияны белсенді жүргізу керек;

- Суицидтік әрекеттерді жарияламау;

- Суицидогенді психологиялық факторларға аса көңіл бөлу;

- Жеткіншектерде «адам өмірінің құндылығы», «өмірдің мәні мен мақсаты» жайлы түсінік және қиын өмірлік жағдайда стресске төзімділікті қалыптастыру және т.с.с.

Содан, жеткіншектердің өз-өзіне қол жұмсаудың профилактикасы ретінде негізгі принцип – білімді, тәжірибелі мамандардың кешенді өзара әрекеттесуі [8, 41-42-б.].

Қорыта келгенде, жеткіншектерде суицидтік мінез-құлқы психологиялық дағдарыстар, отбасылық, жеке, әлеуметтік және шығармашылық жанжалдар нәтижесінде пайда болады. Жеткіншектердің суицидін алдын алу тікелей педагог-психологқа жүктеледі. Алайда, диагностикалық-коррекциялық жұмыстарды педагог-психолог ата-анамен, мұғалімдермен, медицина және полиция қызметкерлерімен кешенді түрде жұмыс істейді. Осындай, заманауи бірлескен жұмыс арқылы жеткіншектер арасындағы суицидті алдын алу жүзеге асырылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Афонасин Е.В. Основы латинского языка и юридической терминологии. – Новосибирск, 2006. – 165 с.

2. Попов Ю.В., Пичиков А.А. Особенности суицидального поведения у подростков (обзор литературы) // Обозрение психиатрии и медицинской психологии им. В.М. Бехтерева. – 2011. – №4. – С. 4-8.

3. McKinney L. Teens suicide. EAGHA. 2021. [Электронды ресурс]. URL: <https://kk.eagha.org/teen-suicide-1392> (қаралған күні 10.10.2022)

4. Амбрумова Г., Тихоненко В.А. Диагностика суицидального поведения: методические рекомендации. – М., 1980. – 58 б.

5. Стадухина Л.К., Петрова Н.В., Норкина Е.Л., Маркова О.А., Бондаренко М.Ю. Суицидальное поведение подростков: метод. рекомендации.– Йошкар-Ола, 2013. – 50 б.

6. Щербакова А.Э., Попова М.А. Диагностика и общие вопросы профилактики детского и подросткового суицида в образовательной среде: метод. рекомендации. – СурГПУ, 2020. – 28 б.

7. Фокеева А.О. Программа коррекции суицидального поведения подростков. 2021. 17 б. [Электронды ресурс]. URL: <https://infourok.ru/programma-korrekcii-suicidalnogo-povedeniya-podrostkov-5232365.html>

8. Алимова М.А. Суицидальное поведение подростков: диагностика, профилактика, коррекция. – Барнаул, 2014. – 100 б.

А. ЗҰЛЫПХАР

ППМ-012 тобының студенті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент А.А. Жумадуллаева

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ 2-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САБАҚҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

***Аңдатпа.** Жалпы білім беретін орта мектептерде пәндерді ойын технологиясы арқылы оқытып, оқушылардың шығармашыл ойлауын, қызығушылығын арттыру – бүгінгі өмір талабына сай азаматты тәрбиелеудің негізгі жолдарының бірі. Себебі оқыту процесінде ойын технологиясы арқылы оқушылардың сабаққа деген ынтыласы, қызығушылығын арттырады.*

Оқушылардың сабақтағы белсенділігі олардың сабаққа қызығушылықтарының артуымен тығыз байланысты. Әсіресе, ойын оқушыларының лидерлік қабілеттерін жетілдіріп, өз пікірін дәлелдеуге, сыныптастарымен еркін пікірлесуге ықпал етеді. Ойын технологиясын қолдану арқылы оқушылардың тілдік материалдарға қызықтырумен қатар тіл білімінен алған білімдерін бекіту, тереңдету үшін тиімді.

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген қызығушылығын арттыруда қазақ тілі сабағында ойын технологиясын қолданудың тиімділігі баяндалады.

***Кілт сөздер:** ойын технологиясы, оқыту мен тәрбиелеу, тіл білімінен алған білімдерін бекіту.*

***Abstract.** In secondary schools of general education, teaching subjects through game technology and increasing students' creative thinking and interest is one of the main ways to educate a citizen who meets the requirements of today's life. Because in the teaching process, the enthusiasm and interest of the students in the lesson increases with the help of game technology.*

The activity of students in the classroom is closely related to the increase of their interest in the lesson. In particular, the game improves the leadership abilities of students, helps them prove their opinion, and freely discuss with their classmates. By using game technology, it is effective for consolidating and deepening the knowledge gained in linguistics, as well as attracting students to language materials.

The article describes the effectiveness of using game technology in the Kazakh language lesson in increasing the interest of primary school students in learning.

***Key words:** game technology, education and training, consolidation of knowledge acquired in linguistics.*

***Özet.** Genel eğitim veren ortaöğretim kurumlarında konuların oyun teknolojisi ile öğretilmesi, öğrencilerin yaratıcı düşünme ve ilgilerinin arttırılması, günümüz yaşamının gereksinimlerini karşılayan bir vatandaş yetiştirmenin temel yollarından biridir. Çünkü öğretim sürecinde oyun teknolojisi yardımıyla öğrencilerin derse olan şevki ve ilgisi artmaktadır.*

Öğrencilerin sınıftaki etkinlikleri, derse olan ilgilerinin artmasıyla yakından ilişkilidir. Oyun özellikle öğrencilerin liderlik yeteneklerini geliştirir, fikirlerini kanıtlamalarına ve sınıf arkadaşlarıyla özgürce tartışmalarına yardımcı olur. Oyun teknolojisini kullanarak, dilbilim alanında edinilen bilgilerin pekiştirilmesi ve derinleştirilmesinin yanı sıra öğrencilerin dil materyallerine çekilmesinde etkilidir.

Makale, Kazakça dersinde oyun teknolojisinin kullanılmasının ilkökul öğrencilerinin öğrenmeye olan ilgisini arttırmadaki etkililiğini anlatmaktadır.

***Anahtar kelimeler:** oyun teknolojisi, eğitim ve öğretim, dilbilimde edinilen bilgilerin pekiştirilmesi.*

Аннотация. В средних общеобразовательных школах преподавание предметов с помощью игровых технологий и повышение творческого мышления и интереса учащихся является одним из основных способов воспитания гражданина, соответствующего требованиям современной жизни. Потому что в процессе обучения с помощью игровых технологий повышается энтузиазм и интерес учащихся к уроку.

Активность учащихся на уроке тесно связана с повышением их интереса к уроку. В частности, игра улучшает лидерские способности учащихся, помогает им доказывать свое мнение, свободно дискутировать с одноклассниками. Использование игровых технологий эффективно для закрепления и углубления знаний, полученных в лингвистике, а также для привлечения учащихся к языковым материалам.

В статье описывается эффективность использования игровых технологий на уроке казахского языка в повышении интереса учащихся начальных классов к обучению.

Ключевые слова: игровые технологии, воспитание и обучение, закрепление полученных знаний по языкознанию.

Бүгінгі таңда елімізде жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жалпыға бірдей білім орталарында әлемдік өркениеттің барлық талаптарына сай келетін, парасатты жастарды тәрбиелеп даярлауды талап етуде. Бұл еліміздің келешек дамуымен, әлемнің алдыңғы қатарлы елдер қатарына қосылуымен, қазіргі жас ұрпақты білім дәрежесі мен шығармашыл ойлай алу қабілеттерімен сабақтаса орайласады. Осыған орай білім беру салаларында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдану жұмыстары жедел қарқынмен жүруде.

«Білім туралы» Заңда: Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттың және азаматтың құндылықтары мен ғылым, тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдалуға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдай жасау делінген [1].

Осыған байланысты баланың оқуға деген қызығушылығын арттыру маңызды міндетке айналып отыр. Өйткені баланың алдында тұтқан мүддесі, қызығуы болмаса, ол оқу пәндеріне, ешбір қызықпаса, оқудың да жемісі болмас еді.

Қызығу – танымдық іс-әрекеттің қозғаушы күші. Оқушының қызығу жәрдемімен оқып, үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне, мүмкіндігіне сенім артып, дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды.

Қ. Жарықбаевтың «Жантану негіздері» атты зертеуінде былай делінген: «Қызығу – шындықтағы заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып, білуге бағытталған адамның біршама тұрақты жеке ерекшелігінің бір көрінісі. Адамды еліктіріп, өзіне тартқан нәрсенің бәрі – қызығудың объектісі болып болып табылады. Адамның қызығуы бір нәрселерге асыра зейін қоюдан, оған құмартудан, соны үнемі ойлаудан көрініп отырады» [2, 240-б.].

И.М. Подгаецкая қызығушылықты «оқушылардың пәннен берілетін білімге тілегін оятатын, пәнге құштарлығын қалыптастыратын эмоциялық қатынас» деп бағалайды. Білім беру формальдылықтан аулақ болғанда ғана оны оқушының саналылықпен игеруіне жол ашылады. Қызығушылық формальдылықпен үнемі күрес үстінде дамиды. Олай болса, бұл екі маңызды фактордың бір-бірімен табиғи тамырластығын танытады [3, 48-б.].

Бастауыш мектептің негізгі міндеті – баланың жеке басының алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілеттерін ашып дамыту, оқытуға деген қызығушылығын ояту.

Оқу – мектеп жасындағы балалардың негізгі таным әрекеті. Баланың жалпы психикалық дамуы мектептегі оқуға және өздігінен оқуға тығыз байланысты. Қазіргі заман талабы әр оқушы сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, соны көбіне өзі игеріп, ізденіп, талдап, пікір таластыру деңгейіне жетіп, үнемі даму үстінде болуын қалайды. Ал мұндай дәрежеге жету үшін оқушылардың іс-әрекетін бағыттау және реттеу керек, яғни іс-әрекетке, оқуға деген мұқтаждығын қалыптастыру қажет. Егер де оқушыда оқуға деген ынта,

ниет қалыптаспаса, мұғалімнің жұмсаған бар еңбегі бекерге кетеді. Егер оқушы іс-әрекетінде мотив болмаса, онда ол бейтарап процеске айналуы мүмкін. Мотив – адамның объективті мұқтаждығы мен ынтасын бейнелейтін ішкі талаптануы. Демек, мұқтаждық пен ынта мотивация болып табылады.

Оқушылардың білімге мұқтаждығын, олардың оқуға деген ынтасын көтереді. Л.С. Рубинштейн былай деген еді: «Оқушы жұмысқа шынымен-ақ беріле кірісу үшін қызметінің барысында оның алдына қойылатын міндеттердің түсінікті ғана емес, ол іштей қабылдайтындай болуы қажет. Олар оқушы үшін маңызға ие болып, осылайша оның толқулары жауап қататындай және іргетас табатындай болуы керек». Сонымен, оқуды тиімді ұйымдастыру «барлығын білгім келеді», «қызық нәрсені білгенді ұнатамын» деген қызығушылық тудыратындай болуы қажет. Қызығу адамның саналы әрекеті. Адам алдына мақсат қойып, өздерінің ерік-жігерін жұмсап, кейбір заттармен үнемі шұғылданып отырады. Мәселен, оқушылар оқуға қызығу үшін олар оқулықтың мазмұнын түсінулері керек. Егер олардың оқуға ешбір түсінігі болмаса, оларда қызығуда болмайды [4, 413-б.].

Бастауыш мектеп оқыту үрдісінде ойын технологиясының орны мен рөлі ерекше. Соның ішінде дидактикалық ойындар көп сатылы педагогикалық процесс. Ол балаларды жан-жақты тәрбиелейтін құралдардың бірі деп санауға болады. Педагогикалық процесте ойын арқылы оқушының білім мен бейімін жеке тұлғалық қасиеттерін арттыру мүмкіндіктері зерттелген. Ойын технологиясын жүйелі түрде, терең білім алудың бірден бір бүгінгі күні нәтижелі оқыту формасы болса, соның өзінде де тиімді ойындарды қолдану өз нәтижелерін көрсетеді. Технология жүйесінде ойындар бірнеше түрге бөлінеді:

- Еліктегіш;
- Проблемалық;
- Сюжеттік ситуациялық;
- Шығармашылық;
- Рөлдік;
- Шартты рөлдік;
- Іскерлік;
- Өндірістік;
- Формалдық;
- Ұжымдық;
- Сайыстық;
- Нәтижелік.

Ойын технологиясы әр топ мүмкіндіктерін ескереді, ал оның нәтижелігін арттыру үшін ойын әдісін тиімді қолданса оқушының сабақ барысында қызығушылығын оятады.

Ойынның педагогикада, оқу процесінде алатын орны Платон заманынан белгілі болған. Ойынның оқу процесіндегі маңыздылығы жөнінде Я.А. Коменский былай деген: «Мектепке ойынға асыққандай бар, ол сондай ғанибет». Ал XVIII ғасырда Жан Жак Руссо мен И.Г. Песталоций ойын арқылы балаларды болашақ өмірге бейімдеу керек деп түсіндірген. Ойынның теориясы мен маңыздылығына К.Д. Ушинский мен П.Ф. Лесгафт та өз үлестерін қосқан. Тәрбиеде және оқыту барысында ойынның өзінің алатын орынын қосқан. Тәрбиеде және оқыту барысында ойынның өзінің алатын орынын В.А. Сухомлинский, С.П. Шацкий және Н.К. Крупская да атап көрсеткен.

Педагогикалық ойындар қарапайым ойыннан мынадай айырмашылықтар бойынша ерекшеленеді:

- оқыту мақсаты мен педагогикалық нәтижеге қарай құрылуымен;
- оқу процесінде ойынның орны мен ролінің анықталуы;
- ойын элементі мен оқу элементінің сәйкестендірілуімен.

Бастауыш мектепте көбіне Б.П. Никитинның дамыту ойындар технологиясы қолданылады. Әрбір ойынның кубиктер, квадраттар, механикалық конструктор бөліктерін қолдану арқылы шешетін міндеттері болады. Міндеттер түрлі формада беріледі: модель,

сурет, сызба, жазбаша, не ауызша нұсқаулар. Сөйтіп оқушы ақпарат берудің түрлі тәсілдерімен танысады.

Ойын технологиясы оқу процесінің белгілі бір бөлігі болып саналуымен қатар білім берудің біртұтастығын құрайды. Әр түрлі ойындардан ойын технологиясын құрастыру бастауыш мектеп мұғалімінің міндеті. Ойынның бала өмірінде алатын орны ертеден дәлелденген. Тіпті XVIII ғасырда Руссо былай деп жазған: «Баланы жақсы тану және түсіну үшін оны ойын кезінде бақылау керек» [5, 9-6.].

Ойын арқылы оқушы өздігінен жұмыс істеуге үйренеді, ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры байиды. Ойынның негізгі мақсаты баланы қызықтыра отырып, лексико-фонетикалық материалдарды берік меңгерту. Сондай ойын үстінде балалардың ойлау қабілеті, назары, байқампаздық әрекеті, зейіні жетіледі. Оқушылардың тілін дамытып, ойын жүйелі айта білуге үйрету мұғалімнің басты парызы. Ойын үстінде оқушылардың түрлі қасиеттері дамып, қабілеті мен белсенділігі артатынын көрнекті педагог А.С. Макаренко кезінде атап көрсеткен.

Қазақ тіліндегі сөздерді оқушылардың есіне берік бекітіп, меңгерту мақсатында ойынды сайыс түрінде «Кім тез, шапшаң?» деген девизбен өткізуге болады. Бұндай ойындар сайыстарға шарт бойынша оқушының терең теориялық білімі және шапшаңдық, жігерлік қасиеттері болуын талап етеді.

Сабақ барысында алған білімдерін оқушылар практика жүзінде қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін грамматикалық ойындардың орны ерекше. Сабақта тиімді қолданылған ойын оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, сауатты жазу дағдысына мол мүмкіндік береді. Оқушыларды өз беттерімен жұмыс істеуге дағдыландырады, ойланғыштық, ізденімпаздық қабілеттерін дамытады. Грамматикалық өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ойын әр түрлі ситуациялар арқылы жүзеге асады.

Ғалымдардың пікірлерін негізге ала отырып, 2-сыныпта қазақ тіліне ойын технологиясын қолдану арқылы оқуға деген қызығушылығын арттыру жұмыстары үш кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезеңде қазақ тілінің ережелері мен заңдылықтарын, сөздің тура және ауыспалы мағыналарын меңгертуге назар аударылады. Бұл кезеңде оқушылар қазақ тілінен жинақтаған білімдерін еске түсіруге, негізгі білімдерін жүйелеуге, оқушылардың жады мен зейінін жетілдіруге арналған ойындар жүргізіледі.

Екінші кезеңде оқушылар өздігінен ізденуге, тапсырмаларды түрлі әдіс-тәсілдер арқылы шешуге үйренеді. Тілдік қатынаста сөздерді орынды қолдану дағдыларын игереді.

Үшінші кезеңде оқушылар өз ойын анық, дәлелді және сенімді жеткізуге үйренеді. Игерген білімдерін тілдік қарым-қатынаста орынды қолдану, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеттері жетіледі [6].

Сабақта мынадай ойын түрлерін қолдануға болады:

«Ойлан, тап!» ойыны. Мұғалім қима қағазға сөздің бірінші буынын жазып қояды, екінші буынын бала өзі тауып, суретін көрсетеді, мысалы, дәп (тер), пар(та), кі(тап).

«Сөйлемді жалғастыр» ойыны. Қима қағазда сөйлемнің басы немесе аяғы жазулы тұрады. Бала сөйлемді аяқтау керек. Мысалы: кітап (оқыды), картоп, пияз (көкөністер), көктемде күн (жылиды).

«Не жоқ» ойыны. Мұғалім үстелдің үстіне бірнеше ойыншықтарды қояды. Оқушы сол затты көріп, есінде сақтау керек. Содан мұғалімнің нұсқауымен көзін жұмады, сол кезде мұғалім екі затты тығып қояды. Оқушы жоқ затты атау керек [7, 19-6.].

Бастауыш сыныптардағы сабақтарда дидактикалық ойындарды кеңінен қолданудың маңызы зор. Әсіресе өткен материалды пысықтау қайталау кездерінде қолдану пайдалы.

Әдістемелік әдебиеттерде берілген және бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесінде пайдаланып жүрген дидактикалық ойындар өте көп. Алайда, олардың барлығы бірдей бүгінгі күннің талаптарына туындап отырған білім мазмұнының өзгерістеріне сәйкес келе бермейді. Сондықтан ғылыми тұрғыда негізделген дидактикалық

ойындар түрлерін сұрыптап ой елегінен өткізе отырып, ойындар жүйесін және оларды пайдалануды ұсыну қажет [8, 28-б.].

Қорыта келгенде, бастауыш сыныптың оқу үрдісінде ойын технологиясын пайдалану, біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады.

Білім негізі бастауышта қаланатыны баршаға мәлім. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдеріне қойылатын талап өте жоғары болуы заңдылық. Мұғалімнің оқушыға сапалы білім беру дәрежесі сабақты ұйымдастыру жолдарын білумен тікелей байланысты. Күнделікті бір сарынды, бір ғана әдіспен өтілген сабақтар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын кемітіп, білімді игеру қабілеттерін төмендетеді.

Сондықтан әрбір сабақта оқушыларды қызықтыратын, сабақта қызығушылығын оятатын түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану ұтымды. Әсіресе қазақ тілі сабағында ойын технологиясын пайдалану өте қажет. Ол оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын туғызады. Бұл жерде мұғалім әрбір сабақта ойынды жаттығуларға, тақырыпқа байланыстырып, кіріктіру, оларды өзара біріктіру сапалы тәрбие берудің негізгі бағыты.

Демек, қазақ тілі сабағында ойын түрлерін тиімді қолдана білсек, оқушыларды ізденімпаздыққа бағыттаймыз, сабаққа деген қызығушылығын арттырамыз. Ал ойындар кезінде оқушылар өздері еркін сезініп, ұжымды сыйлауға, өз ой-пікірін дәлелдеуге үйренеді.

Сабақты ойын түрінде жүргізу шәкірттердің білімге деген ынта-ықыласын арттырады. Ойын арқылы ұйымдастырылатын сабақ балаларға жеңіл ірң тартымды түсінікті болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 2007. [Электронды ресурс]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (қаралған күні 12.11.2022)
2. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Жалын, 1970. – 240 б.
3. Қазақстан Республикасының 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасы.
4. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб: Питер, 2006. – 413 б.
5. Оразбекова Л.Н. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. – Алматы, Республикалық баспа каб., 1999. – 160 б.
6. Рахметова С. Бастауыш класс оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. канд. ... авторефераты. – Алматы, АЛМУ, 1995. – 21 б.
7. Керімбаева Р., Керімбаева Т. Дидактикалық ойындардың түрлері // Бастауыш мектеп. – 2005. – №9.
8. Калимова Ж. Жаңа білім мазмұнының негізі – дамыта оқу // Қазақстан мектебі. – 2004. – №6.

Б. АЙТБАЙ

ТДТ 911-тобының студенті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: филос.ғ.д., профессор Д. Кенжетаев

ДІНИ РАДИКАЛИЗМ БОЙЫНША РЕАБИЛИТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТЕОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада діни радикализмге қатысты оңалту жұмыстарының теологиялық қырлары, уахабшылдықтың түп негіздері жайында қарастырылады. Қазіргі таңда діни радикализм мәселесі ең бір өзекті және қиын мәселелердің бірі болып отыр. Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан егемендігімізді алғалы түрлі діни ағымдар мен секталардың елімізге ағылып келуі баршамызға мәлім. Оның ішінде дәстүрлі және дәстүрлі емес, дұрысы немесе бұрысын анытау күрделі іс болып отыр. Дін – адамды тәрбиелеу құралы. Еліміздегі жас ұрпақтың түрлі діни ағымдарға кіріп кетуі, дін туралы мемлекеттік саясат пен діннің негізін дұрыс түсінбегендігінің салдарынан деп білеміз. Сол себепті қарапайым халыққа, оның ішінде жас ұрпаққа дін мен қатар діннің радикалды ұстындарын түсіндіру маңызды іс болары анық.

Кілт сөздер: дін, мемлекет, саясат, дін туралы заңнама, секта, діни бірлестік, экстремизм, терроризм, радикализм.

Abstract. The article deals with the theological aspects of rehabilitation work and the foundations of Wahhabism associated with religious radicalism. Currently, the problem of religious radicalism is one of the most urgent and complex problems. Since Kazakhstan is a secular state, we all know that since independence, various religious movements and sects have flocked to our country. It is difficult to determine what is traditional and non-traditional, right or wrong. Religion is a means of educating a person. We believe that the younger generation in our country has entered into various religious movements due to the state policy towards religion and a lack of understanding of the foundations of religion. That is why it is important to explain religion and the radical principles of religion to ordinary people, including the younger generation.

Key words: religion, state, politics, legislation on religion, sect, religious association, extremism, terrorism, radicalism.

Аннотация. В статье рассматриваются богословские аспекты реабилитационной работы и основы ваххабизма связанные с религиозным радикализмом. В настоящее время проблема религиозного радикализма является одной из самых актуальных и сложных проблем. Поскольку Казахстан является светским государством, мы все знаем, что со времен обретения независимости в нашу страну стекались различные религиозные течения и секты. Трудно определить, что является традиционным и нетрадиционным, правильным или неправильным. Религия – это средство воспитания человека. Мы считаем, что молодое поколение в нашей стране вступило в различные религиозные движения из-за государственной политики в отношении религии и непонимания основ религии. Вот почему важно объяснять религию и радикальные принципы религии простым людям, в том числе молодому поколению.

Ключевые слова: религия, государство, политика, законодательство о религии, секта, религиозное объединение, экстремизм, терроризм, радикализм.

Ғылым және технология дамудың шырқау шегіне шыққанына және адамзат бірін-бірін оңайлықпен тани алатын мүмкіншіліктерге ие болғанына қарамастан, соңғы жылдары діни экстремизм мен терроризм тақырыптарды бұқаралық ақпарат құралдарында жиі орын алуда. Хақ дін Исламды да шарпып өтетін осы мәселенің мән-жайы хақында өзімнің ойларымды былайша түсіндіргім келеді.

Исламият адам және табиғат жаратылысымен толық санасатын, адамның тумысынан пайда болған қажеттіліктерін жауыз санамайтын, оларды дұрыс һәм қажетті деп көретін нағыз орта жол. Мәселен, үйлену, жеп-ішу, жұмыс істеу, байлық тілеу, меншік жинау, араласу, ғылым іздену, тазалық, жыныси қажеттер т.т. осылардың күллісі де жұмыр басты пенденің бәріне қажетті нәрселер. Ислам жыныстық қатынасты шектемейді, не болмаса дін жолында жүрмек болғандар үйленбесін, жанұялы болмасын демейді, қайта, үйленуді, балалы-шағалы болуды, жанұя мен қоғамды сақтауды насихаттайды. Тек, адамның жаратылысымен пайда болған әр түрлі қажеттіліктерін халал жолмен табуды, қанағаттандыруды бұйырады. Сондықтан, зинақорлық, өсімқорлық, маскүнемдік, нашақорлық сықылды жат қылықтарды лағынеттейді.

Исламиятта фундаментализм, экстремизм, терроризм деген нәрселер жоқ. Бұл Исламияттың өзегіне сәйкес келмейді, өйткені, Ислам дегеннің өзі бейбітшілік, тыныштық деген сөз. Исламның басты мұраты адамдар арасында бейбітшіліктің болғаны. Сондықтан, экстремист, террорист деп аталған топтардан діннен басқа себептерді, мақсаттарды іздеу керек. Олардың саяси, экономикалық, әскери т.т. мақсаттары, ойлары болғанын тексеру керек. Екінші мәселе, сондай саяси-экономикалық топтар туралы айтқанда не жазғанда міндетті түрде «Исламдық террористер» деген тіркеуді қосатындардың ойы бөтен. Егер, олардың мақсаты терроризмді, экстремизмді қаралау болса, онда тек террористтерді немесе экстремистерді айыптар еді олар, Ислам сықылды бәшерият (күллі адамзат) жаралғалы бері жеткен ең жоғары өркениет дәрежесіне, ең таза имандылыққа тіл тигізбес еді олар.

Террорист ұйымның мүшесі қандай бір мұсылман елдің азаматы болса болғаны, әлгі бұлақтар дереу «мұсылман террористер» дей салады. Ал, басқа діндегі террорист топтар туралы болғанда, олардың діні айтылмайды да, басшысының ғана аты немесе шыққан жерінің аты, ең болмағанда саяси көзқарасы ғана айтылады. Мәселен, Испаниядағы «ЭТА-БАСК» тобы туралы ешқашанда «Христиан террорист Баск тобы» деп айтпайды олар. Солтүстік Ирландиядағы «ИРА» ұйымы туралы «христиан/католик террористік ұйымы ИРА» деп ешкім айтқан емес! Токиодағы метрода улы газ шашып, көптеген адамдардың өлуіне себеп болған Жапониядағы буддист «Аум Синрике» сектасы туралы «Буддист террористер» деп ешкім айтқан емес. Сондықтан, мұның негізінде Исламды көре алмаушылық және Исламды жағымсыз етіп көрсету секілді жауыз пиғылдар болғанын айта кетуіміз керек [1, 56-б.].

Қазіргі кезде діни сектанттық барлық елдер мен қоғамымызға кері әсерін тигізіп отыр. Олардың өзінің БАҚ қаржылық орталықтары әкімшілік басқару жүйелері қалыптасқан. Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел болып жарияланған соң, Қазақстанға әр түрлі діни топтар келе бастады. Алғашқы діни топтардың Қазақстанға тұрақтану процесін екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңі XX ғасырдың 30-50 жылдары еліміздің аумағына жер аударылып келген басқа ұлт өкілдері алып келсе, екінші кезеңі Кеңестер Одағы тұсында идеологиялық тоқырау кезінде яғни, өткен ғасырдың 80-жылдары зиялы қауым өкілдері арқылы енген діни топтар ретінде қарастырамыз [2, 72-б.]. Тәуелсіздік жылдарында елімізде орын алған күрделі саяси-экономикалық жаңарулар мен өзгерулер ағымында мемлекет билігінің қайнар көзі болып табылатын халқымыздың рухани өмірі мен діни көзқарастары да бір жағынан толығып, ал енді бір жағынан әр алуан бағыттар бойынша дамып, бүгінгі көптеген этникалық топтар мен түрлі діндер ұстанатын зайырлы Қазақстан қоғамы қалыптасты. Халықсыз билік болмайды, ал дінсіз халық болмайды. Халықтың тұтастығы мен діннің тұтастығы және мемлекеттің тұтастығы арасында тікелей тәуелді байланыс бар екенін ескерелік. Енді тәуелсіздігімізді алмастан бұрын, кеңес империясы негізінде атеизм

мемлекеттік идеология болғандықтан, тоқырау кезеңі мен дінсіз қоғамның нәтижесінде діни, жартылай діни және діни ұйымдардың еліміздің территориясына жаппай келіп орналасуына жағдай жасады. Осындай саясаттың арқасында көптеген діни бірлестіктер заңды түрде өздерін діни емес ұйым ретінде тіркеуден өткізіп алған [3, 83-б]. Орыс ғалымы А.Игнатенко ислам елдерінде Уаххабиліктің діни-саяси доктрина ретінде таралуы үш кезеңнен тұратындығын көрсетті:

1. 70-ші жылдары АҚШ-тың барлау қызметі Уаххабилікті коммунизмге қарсы тұратын идеологиялық құрал ретінде пайдаланған. Уаххабилік ресми дін дәрежесіне жеткен Сауд Арабиясының әлеуетін пайдалану арқылы 1970 жылдары барлық араб елдеріне (Египет, Ливия, Палестина, Сирия, т.б.) Уаххабилік ағымы енгізілген болатын.

2. 1980-жылдары Ауғанстандағы КСРО әскеріне қарсы соғысқан барлық радикалдарды біріктіру үшін, аталмыш елге Уаххабилік «ілім» енгізілді. Нәтижесінде түрлі мұсылман елдерінен «кәпірлерге қарсы соғыс жүргізу» үшін көптеген «Аллаһ жауынгері» Ауғанстанға кетті, кейіннен Талибан қозғалысы дүниеге келген болатын.

3. 1990-жылдары КСРО құлаған соң, посткеңестік елдердің ішкі тыныштығына алауыздық туғызу үшін, Уаххабилік ілім Орта Азия республикалары мен Кавказ аймағына кіргізілді. Соның нәтижесінде бұл діни-саяси доктрина Шешенстан мен Өзбекстандағы, Қырғызстан мен Тәжікстандағы қарулы ұрыстар мен жанжалдардың шығуына басты себеп болды. Біздің елімізде Уаххабилік ағымның шырмауына негізінен жастар, атап айтар болсақ, ЖОО студенттері – 17 мен 40 жас аралығындағылар тартылған болатын. Мұның алғашқы «қарлығаштары» – 1990 жылдары араб елдерінде, басты Сауд Арабиясы мен Пәкістан мемлекетінде діни білім алғандар еді. Мұсылман елдерінен келген миссионерлер ашқан ислам орталықтары Уаххабилік ілімді уағыздайтын орталыққа айналды. Қазақстанда Мұхаммед ибн Абдул-Уаххабтың ілімін таратамын деген діни бірлестік тіркелмесе де, олар көбінесе түрлі қайырымдылық қорларының атын бүркеме ретінде пайдаланып, шатақ діндерін таратуда. Жетпіс жылғы құлдық бұғаудан құтылғаннан кейін 90-жылдардың орта кезінен бастап діни білім алу мақсатында Қазақстан жастары шетелге ағыла бастады, соның ішінді Сауд Арабиясы, Египет, Иран, Сирия, Пәкістан елдеріне бет алды. Бірақ діни фундаментін дұрыс құра алмаған кейбір жастар шетелдік белгісіз ғалымдардың жетегіне еріп, ықпалына енді, олардың сөзін сөйледі. Бұл елдердегі салт-дәстүр, діни ұстаным деңгейінің әр түрлігіне орай, сол елдердегі діни өмір салтын қазақ еліне сіңдіруге тырысты. VIII ғасырдан бастап Ислам діні жайылған қазақ елінде ежелден қалыптасқан салт-дәстүрмен астасып жатқан діни үрдіске шет елден келген дін жаюшылар қазақ елінің діни өмір салтында қарама-қайшылық көптеп туғызды. Салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа қарсы шықты. Осының нәтижесінде мұсылмандар арасында алауыздық оты біртіндеп тұтанды. Кейбіреулер ата-баба ұстанған дінмен, салтпен жүрсе, енді біреулері аталарымыз адасқан, негізгі нағыз хақ дін ол сәләфи ағымындағы ғалымдардың (Абдулла ибн Абдул Уахаб, Ибн Тәймия, Ибн Баз, Насруддин Албани) түсінігіндегі дін екен деп ұқты. Имам Ағзам Әбу Ханифа жолын ұстанатын адамдарға «Сен Пайғамбардың (с.а.у.) сүннетімен жүресің бе, әлде Ханафи мәзхабын ұстанасың ба?» деген кері пікірлері мен ойларын шырмап, таратыла бастады. Ежелден ата-бабамыз Абу Ханифа мектебінің тағылымдарымен жүріп келгендігі бәрімізге аян [4, 94-б.]. Уаххабилік идеология ТМД елдері аумағына Кеңес өкіметі құлағаннан кейін келген жоқ, сол XIX ғасырдың басынан бастап келе бастаған, атеистік қысым жойылған соң, бұл ағымның қайта бой көтергендігі анық байқалады.

Қазақ ішінде діни догмалардың сақталмағаны, Қазақ Ордасының шарифат арқылы басқарылмағаны да - тарихи шындық. Өйткені, ислам діні бізге күшпен кірген жоқ. Бұл жағдай көптеген зерттеушілердің қазақ халқын «шала мұсылман» деп санауына себеп болды. Қазақ халқының діни таным үлгісін білу үшін кез-келген зерттеуші алдымен біздің даламызға тараған исламның Мәзхабтық ерекшелігін және «көшпелі қазақ тайпаларының ұлттық әулиесі» болған Ясауидің ақжүректік ілімінің негізгі қағидаларын білуі тиіс.

Ханафи Мәзхабында адам Аллаһқа, Құранға, періштелерге иман келтірсе, оны мұсылман деуге болады. Яғни, сенім бірінші орында, амал, ғибадат екінші орында тұрады. Адам алдымен сенімге келу керек. Сондықтан, шын жүрекпен кәлимә айтқан адам мұсылман болып саналды. Қазақтардың ешқандай ғибадат қылмаса да «мұсылманмын» деп отыратыны осыдан. Бұл бір жағынан жергілікті халықтың ұлттық дәстүрлерін сақтауға мүмкіндік берді. Ханафи діндарлары халық арасында атқарылатын фикхқа жоқ салттардың болуына келісіммен қарады. Мысалға, фикх жасаушы адамға қойылатын бір талап – фикхқа жаңадан ереже енгізгенде, ол халықтың әдепкі өмір ағысына айтарлықтай өзгеріс әкелмеуі керек. Егер жаңа ереже халық өмірінің үйреншікті ырғағын бұзатын болса, мужтахид оны фикхқа енгізбейді. Сөйтіп, діннің сыртқы формасына емес, ішкі сенімнің тереңдігіне баса мән берген ханафи Мәзхабының бұл ерекшелігі қазақтардың мақал-мәтелінде, қара өлеңінде, өсиет-жырларында кездесетін халық даналығы мен ерекше инабаттылықты, жомарттықты, қонақжайлықты ту еткен ұлттық дәстүрлерінің негізінде жатты [5, 36-б.].

Қазақ дәстүрлеріндегі ең ұлы ұлағат – «біреудің игілігі үшін, өзгенің бақыты үшін өмір сүр!» деген діннің негізгі ережесін күнделікті тұрмысқа кіргізіп жібергендік. Қазақ халқының барлық әдет-ғұрпы – адам дүние есігін ашқаннан (жарыс қазан, шілдехана, бесік той, тұсау кесу, т.б.) бастап, үйленгендегі (ұзатылғандағы) той-томалағы (неке қию, есік көру, қоржын сөгу, сыңсу), өлік жөнелтуіне дейін (жетісі, қырқы, жылы, ас беру) көпшілікпен, адамдардың бір-бірінің қуанышы мен қайғысын бөлісу, бір-біріне жомарттық көрсету, көмектесу түрінде атқарылады. Яғни, қазақы салт-дәстүрмен өскен адам исламның негізгі принциптерін бойына мықтап сіңіреді.

Көпұлтты Қазақстан үшін адамдарды «кәпір» мен «мұсылманға» қатаң түрде бөлетін, бөліп қана қоймай «мұсылмандарды» «кәпірлерге» айдап салатын фундаменталистік идеялар ұлтаралық татулыққа, Қазақстан халқының мәдени тұтастығына төнетін ең үлкен қауіп. Сол үшін еліміздегі діни-идеологиялық вакуумді «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дейтін Абайдың дінімен, «топырақ болғыл әлем сені басып өтсін», «Кәпір болса да ешкімге берме зарар» дейтін Ясауидің дінімен, яғни далалық ислам мен халықтық дін ретінде миссионерлік бұтағы жоққа тән православиені толтырған ләзім. Дүниежүзінде мемлекеттің ресми дінін белгілеу, сол дінге заң жүзінде мемлекеттік қолдау көрсету тәжірибесі бар, ол тәжірибені геосаяси тұрақтылығын сақтау үшін бірқатар мемлекеттер (Греция, Түркия, т.б.) пайдаланып отыр. Орта Азияда діни фундаменталистер, яғни уаххабилік ағым өкілдері Ислам дінін тазарту желеуімен саяси экстремистік жолды ұсынады, тіпті лаңкестікке бой алдырған. Ал оның шығу себептерін түсіну үшін мұсылман елдерінің әлеуметтік өміріндегі исламның рөлін жете түсінбей болмайды. Ол үшін оны тереңірек қарастырып көрейік. Шығыстағы исламның рөлі, Еуропадағы христиандықтан гөрі өзгеше. Еуропа инквизацияның шарықтап тұрған кезінің өзінде, христианшылдық зайырлы билікті түгелімен ығыстыра алған жоқ. Ал ислам діні болса барлық жағынан, саяси әкімшілік, әлеуметтік құрылым, мәдениет және діншілдердің тұрмыстық жақтарының бәрін, яғни мұсылман қауымының өмірін түгелдей қамтыды [6, 102-б.]. Мұсылман елінің адамы исламға қарсы шығатын болса, онда ол, әлемге және қоғамға қарсы болып табылады, яғни өзін осы қоғамнан тыс, заңнан тыс қояды. Осының барлығы мұсылман елдерінің саяси-әлеуметтік өмірінде исламның ерекше рөл атқаратындығын дәлелдеді. Исламның күші оны жақтайтындардың санында емес, ең алдымен, Мұхаммед (с.а.у.) белгілеп кеткен мұсылман қауымдастығының идеялық-институционалдық бірлігінде. Ол әлем мұсылмандарын, олардың мәдени және этникалық ерекшеліктеріне теориялық жағынан ғана емес, керек болса тіпті, іс-жүзінде топтастырады. Қоғамдағы діннің осындай жағдайда, рухани және әлеуметтік-саяси жіктерді ажырата қарауы мүмкін емес. Олар бірнеше жүздеген жылдар бұрынғыдай рухани өмірге үлкен ықпал етеді және саясатта белсенді рөл атқарады. Оның үстіне соңғы жылдары исламның беделі мен белсенделігі ислам мемлекеттерінің батыстық экспансияға қарсы наразылықтарына байланысты арта түсті [7, 148-б.].

Қазақстан Республикасы Конституциясына қарама-қайшы көзқарастарын жасырмай айта алады. Олардың пікірінше, Қазақстанның билік тобы әбден сыбайластыққа батқан, «мұсылман атына сай емес. Сондықтан салафилер бүгінгі конституциялық құрылымды халифатпен алмастырып, шариғат заңдарын ұстануға, мемлекет басына «халифа, әмір сайлауға үндеп жүр. Бұл біздің тәуелсіздігіміздің баяндылығы мен қауіпсіздігіне төнген қатер.

Қазақ мұсылмандық түсінігі мен әдет-ғұрпына ашық түрде ревизия жасаумен айналысып жатыр. Уаххаби діндарлардың пікірінше, славян халықтарын айтпағанда, қазақ, өзбек, ұйғыр, қырғыз, т.б. халықтың барлық дәстүрі ислам догмаларына қайшы, сондықтан тез арада жойылуы тиіс. Салафилер «өз еліңнің патриоты болма, Ислам дінінің патриоты бол» деген идеяны насихаттайды. Бұл әрбір Уаххабидің салафилік идеяны тарату үшін ұлт пен мемлекет мүддесін оңай сатып жіберетінін көрсетеді. Сен егер ұлттық мүдде туралы айтсаң мининационалист болып, қоғамнан аластатыласың. Ал Құранда адамдарды өзара бір-бірінен үйрену үшін қауым, ұлт ретінде жараттық деген аят бар.

Қазақстан – зайырлы мемлекет, дін мен саясат арақатынасы заңдар арқылы реттеледі. Осыған орай елімізде тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы 15 қаңтарда «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы күшіне енген болатын. Ол заң 2011 жылы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер» болып аталып, жаңа өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Осы заңды негізге ала отырып, елімізде осындай жат ағымдардың алдын алу, миссионерлік әрекеттеріне тоқтау салу мақсатымен үгіт-насихат жұмыстары жасалынып, дін мамандарымен кездесулер, конференциялар өткізу шаралары белсенді түрде қолға алынуда. Осыған орай біршама мақалалар мен ғылыми еңбектер жарық көріп, елімізде дін саласы мамандарын жұмыспен қамту іске асырылуда. Бұл, дін - мемлекетіміздің баға жетпес құндылығы екенінің дәлелі. Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Біздің өз жолымыз бар. Өз жолымызға түсу үшін біз Қожа Ахмет Ясауидің іліміне табан тіреуіміз керек» деп айтқан сөзін негізге ала отырып, ата-бабамыз салған жолдан айнымай, ел танымын бұзатын ағымдарға қарсы Дін істері агенттігі тарапынан және ұлт зиялылары тарапынан қолға алынып, жасалынып жатқан іс шараларға қатысу, атсалысу тұрғысынан белсенділік таныту парызымыз!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Зайырлы мемлекет және дін қатынастары: теориясы мен тарихы, шетелдік және отандық тәжірибесі. Ғылыми талдамалық материал. – Астана, 2018.
2. Шейхмардани Н. Истинное лицо Уаххабизма. – Казань, 2009. – 66 с.
3. Бейсенов Б. Зайырлы қоғамдағы діни құндылықтар: Оқу құралы. – Алматы, 2014.
4. Кенжетеев Д.Т. Зайырлы ел – қайырлы ел. – Астана, 2017.
5. Абдирасилқызы А. Актуальные проблемы религиозной ситуации в Казахстане. – Астана, 2016.
6. Светскость и религия в современном Казахстане: модернизация духовно-культурных смыслов и стратегии: Коллективная монография. – Алматы, 2020.
7. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы №483-IV Заңы.

А. ӘКІМБАЙ

ТТО-011 тобының студенті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: PhD, аға оқытушы К. Яшароғлы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰРАН ЖӘНЕ ТӘПСІР БОЙЫНША ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Аңдатпа. Мақалада Құран Кәрім жайындағы еңбектер мен аудармалар қарастырылатын болады. Ислам дінімен бітісе қайнасқан түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігі мен сенімінің тірегі де, өзегі де болған - Құран Кәрімнің маңызы зор. Сан ғасырлар ішінде түрлі тарихи жағдайлар орын алу себебімен Құран аудармалары мен тәпсір еңбектерінің жазылуында көптеген проблемалар мен кешеуілдеулер болды. Халық арасындағы білімділері Құранды түпнұсқасында оқып ілім алған болса, кейбіреуер өздеріне туыстас халықтардың тілдеріне аударылған тәржімаларымен таныс болды. Алайда бұл халықты толығымен қамтамасыз етті деген сөз емес. Өз ана тілімізде мәалдің қажетті болуы қазақ зиялы қауымының қолдарына қалам алып, Құран аударма жұмыстарына және еңбектеріне ден қоюына жол ашты. Соның нәтижесінде аударма жұмыстары түрлі қиындықтарға тап бола отырып, жылдар ішінде біртіндеп қазақ тілінде еңбектер жазыла бастады. Алайда, білікті мамандардың жетіспеушілігінен Құран Кәрімнің сан саласындағы түрлі ғылымдарды қазақ тілінде оқу мүмкіндігіне жете алмай отырмыз.

Кілт сөздер: Құран Кәрім аудармалары мен мәалдері, қазақ тіліне аударылуындағы мәселелер, тәпсір кітаптары, қазақ тіліндегі жаңа нұсқалары.

Abstract. The article will consider the works and translations of the Holy Quran. The Holy Qur'an, which was the foundation and the core of the life and faith of the Turkic peoples, which was full of Islam, is of great importance. Due to various historical circumstances, there were many problems and delays in the writing of Qur'an translations and commentaries. The educated among the people learned by reading the original Qur'an, while some were familiar with the biographies translated into the languages of their relatives. However, this does not mean that the people were fully provided with it. The need for language in our mother tongue opened the way for the Kazakh intelligentsia to take up the pen and work on the translation of the Qur'an. However, due to the lack of qualified specialists, we are not able to study various sciences related to the Qur'an in the Kazakh language.

Key words: translations and texts of the Holy Quran, problems of translation into the Kazakh language, tafsir books, new versions in Kazakh.

Özet. Makalede Kur'an-ı Kerim'in eserleri ve tercümeleri ele alınmaktadır. İslamiyet ile iç içe olan Türk halklarının hayatlarının ve inançlarının temeli ve özü olan Kur'an-ı Kerim büyük önem arz etmektedir. Kur'an meallerinin ve tefsirlerinin yazılmasında çeşitli tarihi şartlar nedeniyle birçok sorun ve gecikme yaşanmıştır. Halk arasında eğitilmiş olanlar Kur'an'ın aslını okuyarak öğrenirken, bir kısmı da yakın dillere çevrilmiş tercümelerle aşina oldu, ancak bu, halkın tam olarak Kurana ihtiyaçlarını sağladı anlamına gelmiyor. Anadilimizde dil ihtiyacı, Kazak aydınlarının kalemi eline alıp Kur'an tercümesi üzerinde çalışmasının önünü açmıştır. Ancak konuya hâkim uzmanların eksikliğinden dolayı, Kur'an ile ilgili çeşitli ilimleri Kazak dilinde okuyamıyoruz.

Анаhtar келімелер: Kur'an-ı Kerim'in tercümeleri ve mealleri, Kazakça tercüme sorunları, tefsir kitapları, Kazakça yeni versiyonları.

Аннотация. В статье рассматривается произведения и переводы Священного Корана. Большое значение имеет Священный Коран, который был основой и стержнем жизни и веры тюркских народов, пронизанных исламом. В силу различных исторических

обстоятельств возникло много проблем и задержек с написанием переводов Корана. Образованные из людей учились, читая подлинный Коран, а некоторые были знакомы с произведениями, переведенными на родственные языки. Однако это не означает, что люди были полностью им обеспечены. Потребность в родном языке открыла путь казахской интеллигенции к тому, чтобы взяться за перо и работать над переводом Корана. Однако до сих пор из-за отсутствия квалифицированных специалистов мы не имеем возможности изучать различные науки, связанные с Кораном, на казахском языке.

Ключевые слова: переводы и стихи Священного Корана, проблемы перевода на казахский язык, тафсирные книги, новые версии на казахском языке.

XIX ғасырдың соңына қарай қазақ тілінің әдеби нормаларының қалыптаса бастауымен бірге қазақ дін зиялылары Исламды қазақша уағыздау, Құранды қазақ тілінде оқу мақсатында қазақша діни кітаптар жазыла бастады. Әрине оған дейін де Құран сөздері мен мағыналары ауызша айтылып, Бұхар, Шортанбай, Шәңгерей секілді жыраулардың өлеңге қосып жырлағаны белгілі [1, 44-45-б.].

Ақын-жазушылардың да ішінде алғашқылардан болып, ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсарин мектептерде дін сабағының өту мүмкіндігін пайдаланып, қазақ балаларының діни-танымын дұрыс қалыптастыру әрі жастардың дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа кетпеуі үшін «Мұсылманшылдықтың тұтқасы» [«Шариятул-ислам»] атты оқулық жазып, 1883 жылы Қазан қаласында араб әріптерімен бастырған. Кезінде бұл оқулықты «балаларға ислам дінінің ақиқаттығын дәлелдейтін негізгі түсінікті бере алмайды» [2, 5-б.] деп сыналып, бір ғасыр бойы мұрағаттың қойнауында қалып қойды. 1991 жылы араб тіліндегі сөздерді Сандұғаш Әубәкірова аударып, филология ғылымдарының кандидаты Ақселеу Сейдімбеков баспаға дайындап шығарды [3]. Сонымен қатар, Шәкәрім Құдайбердіұлы «Мұсылмандық шарты» деп аталатын, 1910 жылы Қазан қаласында басылып шыққан діни философиялық еңбегі шариғатты дұрыс түсіндіруге бағытталып, Құранның кейбір бөліктерін қазақ тіліне аударған [4, 1077-б.].

Түркі тектес халықтардың тілдері ортақ болғандықтан да діни түсініктері де бір болды. Алғаш жазылған мәалдердің де осы Орта Азия жеріндегі Ислам ілімдерінің шағатай, татар, өзбек секілді туыс ұлттардың тілінде жазылғандық себебінен қазақ жеріндегі алғашқы Құран Кәрім аудармалары осы тілдерде оқылды. XX ғасырдың басында Шайхулислам Асадуллаһ Әл-Хамидидің татарша жазылған «Тәпсір Әл-Иткан фи Тәржұматұл-Құран» (Қазан, 1906) атты шығармасымен қазақ оқырмандар да таныс болуы тиіс [5, 140-б.].

Қазақ Совет Энциклопедиясында Мұса Жаруллаһ Бегеевтің (1875-1949) 1912 жылы Құранды қазақ тіліне аударғандығы және басылмай, қолжазба күйінде қалғандығы жазылған. Бірақ осы Мұса Бегеев жайында диссертация жазған түрік зерттеуші ғалымы Селжүк Алтынташтың бір сұхбатында берген сөзіне келер болсақ: «2010 жылы Альмира Тагиржанова Мұса Бегеев туралы екі томдық кітап шығарды. 2016 жылы Қазанда болғанымда бұл кітапты сатып алдым. Бірінші томда Бегеевтердің Құран аудармасы берілген. Байқағаным, мәтіннің тілі татар тілі емес, осман тілі. Бірақ Бегеевтің тілі таза татар тілі екенін білеміз. Бірде атақты татар ғалымы Юлай Шамилоғлымен кездескенде «Бұл Бегеевтің аудармасы емес пе?» деп сұрады. Кітапқа осы қырынан қарап, мен түсіндім: бұл оның аудармасы емес. Бұл Сулеман Тауфиктің Құранның Осман тіліне ең алғашқы аудармаларының бірі. Бұл аударма Тагиржанованың кітабына қате енгізілген, шын мәнінде, екіншіше орай, Бегеевтікі емес» [6].

Тағы бір мәліметтерде татар баспасөзінде Құран аудармасының заңдылығына қатысты пікірталас басталып, нәтижесінде Уфа рухани жиналысы бұл аударманы басып шығаруға тыйым салғанын айтады [7].

Негізі XX ғасырдың басында қазақша аудармасы жазылды. Бұл қазақша аударманы Қытай шекарасындағы Шығыс Түркістанның Өр Алтай (қазіргі Шыңжаң-Алтай) өлкесінің

Көктоғай қаласында дүниеге келген қазақтың белгілі тарихшысы, ақыны, ғалымы Ақыт қажы Үлімжіұлы (1868-1940) жазған. Ақыт Қажы әуелі араб және фикһ сабақтарын айналасындағы ұстаздардан үйренді. Одан кейін Бұхара медресесінде ұстазынан парсы және түрік тілдерінің тармақтарын (чағатай, осман, татар, өзбек) үйренді.

«Дамолда» (аға молда) дәрежесіне жеткен [8, 17-б.] Ақыт Қажы Үлімжіұлы ХХ ғасырдың басында қазақша мәал жазған және көптеген діни-ғылыми, әдеби еңбектер жазған. Ислам ілімдерін дерлігімен үйреніп, ұстаздық қылған Ақыт Қажының бұл мәалі қолға жетпеген. Қытайдағы коммунистік жүйенің қысымымен қуғынға ұшырап, 1939 Желтоқсан айында ұлтшылдық пен халықты дінге үгіттеумен айыпталып, 1940 жылы шейіт болады. Шамамен сегіз жүз дана кітаптардың барлығы, соның ішінде Құран мәалі қолжазба күйінде отқа жағылды [5] [Ақытұлы, 2008: 24-117; 2010].

Сәдуақас Сәлменұлы Ғылманидің Кеңес Одағында дінді жоюды мақсат еткен, дін қызметкерлерін жер аударған, құлшылық жасауға тыйым салынған қиын кезеңде өмір сүрді және бұл кезеңде исламды қорғайтын шығарма жазу оңай шаруа емес еді. Атеистер көбейген кезде Ислам мен Құранды оларға қарсы қорғап, 1970 жылы «Құран туралы жала мен өтіріктерге қарсы» атты кітап жазды. Бұл шығарманы өз заманында өмір сүрген атеист Мұқатай Тоқжігітовтің 1968 жылы жариялаған «Құран туралы шындықтар» атты шығармасына жауап ретінде жазғаны туралы зерттеуші И.Бердалиев анықтады. Тіпті, Сәдуақас бұл шығарманы кім үшін, кімнің кітабына қарсы жазғанын ашық айтпаған [9, 66-б.].

«Құранның» алғашқы үш тарауын қазақшаға аударған Сәдуақас Сәлменұлы Ғылманидің (Сәкен халпе) (1890-1972) мәал қолжазбасын 1970 жылға дейін көптеген имам-молдалар кезекпен оқып сауатын толықтырды. Тарих пен тіл саласымен қатар діни білімі өте жоғары болатын, қазақша-арабша сөздік жазды (1946-66), «Кәлила мен Димна»-ны парсы тілінен аударды. Қолжазба әлі күнге дейін қызы Әмина Әбдікәрімованың қолында сақтаулы тұр [10, 73-б.].

Құранды толығымен қазақ тіліне жүйелі түрде аударып, қазақша аудармасын берген адам – Халифа Алтай Ғақыпұлы. Халифа Алтай – Шығыс Түркістаннан, 1930-1940 жылдардағы Қытай шапқыншылығы салдарынан Түркияға көшіп келген қазақтардың бірі. Түркияда, Ыстамбұлда тұрып, кейін Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан өз еркіндігін алған соң Қазақстанға қоныс аударып, Қазақстан азаматтығын алды. Халифа Алтайдың Құран қазақша аудармасына дейін әртүрлі тақырыптағы бірнеше еңбектері жарияланды. Ол медреседе білім алып, осы пәндер бойынша өзін шыңдаған адам еді [11, 87-б.]. Халифа Алтаймен орындалған «Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі» кітабы бастапқыда Қытай Халық Республикасының Шыңжаң Ұйғыр автономиялы районында тұратын қазақтар үшін төте жазуда дайындалды да, 1990-1991 жылы Ыстамбұлда кириллицада компьютерлік теріммен шығарылды және Құранның осы аудармасы 500 мың дана таралыммен Қазақстанға тарту ретінде Сауд Арабиясында жарық көрді [12]. «Халифа Алтай сол Құран аудармасының соңында жазады: «Негізінен, Құран Шәрифтің басқа тілге аударылуы, әрине, оң-оңай мәселе емес екені мәлім. Өйткені тіпті қарапайым бір сөздің өзі басқа тілге аударылғанда, дәл өзіндей мүлтіксіз бола қоймайды. Әлбетте, Алланың сөзі Құран Шәриф басқа тілге аударылғанда нақ өзіндей бола қояды деу мейлінше қиын екендігі түсінікті. Сірә бұл Құран басқа тілге аударылуға болмайды деген сөз емес. Сондай-ақ араб тілі грамматикалық және лексикалық құрылысы, сөйлем тұлғасы бойынша өз алдына ерекшелікке ие бір тіл екендігін мойындамауға болмайды. Ал онымен қатар Құран Шәрифте қаншама мағынаны қамтитын терең маңызды, қанатты сөздер де көп кездеседі» [10].

Ғазез Ақытұлы (1924-2012) -Мақаш Ақытұлы, Құран Кәрімнің қазақша аудармасы, Ұлттар баспасы, Пекин 1990.

Ғ.Ақытұлы: «Айдаудан келе сала Құран-Кәрімнің қазақша тәржімесін қолға алып, інім Мақаш екеуіміз 1987 жылы Құранды қазақшаға аударып біттік. 1990 ж. Құран-Кәрімнің қазақша тәржімесі 35 мың данамен басылып шықты. Ахылаққа қатысты 18 тақырыптан

тұратын 406 сахих хадисті де қазақшаға аударып едім. Ол еңбегім «Тандамалы хадистер» деп аталады. 1988 ж. Түркияға барып Халифа Алтай ағаммен 5 ай бірге болдым. Құран Кәрімді аударғанымды естігенде шексіз қуанды. Сонда ол кісіге «Құрандағы ғылыми негіздер» деген еңбегімнің қолжазбасын қалдырған едім» дейді [13, 7-б.].

Мәал 1990-жылы Пекинде отыз бес мың таралыммен басылды.

Аудармада Құранның сөздік мағынасын тіл және аударма теориясы тұрғысынан беруге тырысқан. Тағы бір мәселе – аудармадағы аяттардың түсу себебінің түсіндірілмесі. Осындай мақсатпен ол жақшадағы түсіндірмелерді аяқтап, кейбір ұғымдарға, сөздерге немесе өлең жолдарына сілтемелер арқылы мәлімет берген. [14, 44-45-б.]

Нұралы Өсеров Серкімбайұлының Жұмабай Мақашұлы Ізтаев ат-Таразмен бірігіп жазылған бұл шығарма 1990 жылы алғашқы төрт томы жарық көреді. Бесінші том 2002 жылы тек қана Нұралы Өсеров Серкімбайұлының атымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарапынан басылып шыққан.

Уақап Қыдырханұлының 1999 жылы басылып шыққан «Құран Кәрімнің отызыншы парасы. Арабша және қазақша мағыналық аударма» атты еңбегі, М.А. Жадмолланың құрастырылуымен, аударған Кәкеш Қайыржанұлы, кириллицамен қазақшаға аударған Оразақын Асқардың «Құран хикаялары», Абсаттар Смановтың өзбек тілінен аударуымен жазылған Алауддин Мансурдың «Құран Кәрім, қазақша мағына және түсінігі», Зәріпбай Жұманұлы Оразбайдың «Құран Кәрім және оның мағыналарының қазақша аудармасы мен тәпсірі», «Халифа Алтай атындағы халықаралық қайырымдылық қоры» баспасының басшылығымен басылған «Құран Кәрім, 30 пара мағыналық аударма және тәпсір» аудармасы, Абдуссамад Махаттың «Фатиха Сүресінің Тәпсірі», Тоқтасын Ермашұлы Дүйсенбінің «Құран Кәрімнің қазақша мағынасы» (Тараз, 2009 ж.), Мұхиттин Исаұлының (Паттеев) Құран бойынша жазылған алғаш кітабы «Құран кімнің сөзі?» (Алтын қалам. Алматы, 2004, 2005, 2007), «Құран бақтары – қысқа сүрелердің тәпсірі» (Алматы, 2009 ж.), «Қасиетті Құран – Алла Тағаланың тендесі жоқ уағыз-насихатына және ұлы муфассирлердің түсіндірме-тәфсирлеріне бір ғажайып саяхат» атты, 30- параның түсіндірілмесі (арабшадан аударған Илхамжан Рафиков, қазақша түсіндірген Үсен Шойбек), М. Меңілбековтің «Құран Кәрім ілімдеріне кіріспесі» секілді аударма жұмыстары жарық көрді.

2017-2020 жылдар аралығында Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти болған Серікбай қажы Ораздың қаламынан шыққан «Тәпсір тұнығы» (28, 29, 30 пара бойынша) еңбегі [10,75-б.].

Осы кітапқа пікір жазған ҚМДБ Бас мүфтиі болған Ержан қажы Малғажыұлының сөзінен үзінді келтірер болсақ: «Менің орынбасарым, Наиб мүфти Серікбай қажы Ораздың бұл еңбегі қалың халыққа мол пайдасын тигізеді деген ойдамыз. Құранның соңғы парасы күнделікті құлшылықтарымызда, діни жиындарда жиі оқылатынын ескерсек, бұл бөлімнің тәпсірленуі, әсіресе, тиімді болмақ.»

«Құран экзегетикасы». Теолог, ұстаз, исламтанушы Нұр-Мүбәрак университетінің аға оқытушысы Ризабек Батталұлының муташабиһ аяттарға қатысты Әбу Ханифа мазхабы ғалымдарының түсіндірмелері бойынша еңбек. Алматы, «Нұрлы Білім» баспасы, 2015.

«Біз бұл кітапта салафизм ағымының ақидасы сахабарлардың сеніміне сай келмейтінін Құранның таңдаулы 9 тәпсір кітабын аудару арқылы дәлелдей түстік. «Құран экзегетикасы» үш бірдей қазақша, арабша, орысша тілдерінде жазылған аударма кітап деуге болады. Бұл кітапты «Астарлы (муташабиһ) аяттардың тәпсірі» деп те атағымыз келген. Бірақ оны ғылыми тұрғыдан әлемдік діни терминологияда кең қолданыс тапқан «экзегетика» (тәпсір түсінігі, түсіндірмесі) деп атауды жөн көрдік» [15].

2015 жылдың Қасиетті Рамазан айында қазақ оқырмандарына «Құран Кәрім. Қазақша түсіндірмелі аударма» атты кітабы жол тартқан болатын. Авторлары Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университетінің PhD докторанттары: исламтанушы әрі аудармашы Асқар Әкімханов Мысырдағы Айн-Шамс университетінің түлегі болса, исламтанушы Нұрлан Анарбаев әл-Азхар университетінің түлегі.

«Осыған дейінгі қазақша аудармалардың кейбірінде аят пен аят қосылып кетсе, кей сөйлемдерде сөздер, кейде сөйлемдер жоқ, бірнеше сөйлеммен берілетін аяттар да қысқа қайырылған тұстарын байқағанын айтқан авторлар осындай олқылықтардың барлығын барынша ескеруге тырысқан. Жаңа түсіндірмелі аудармада әрбір сүреге қысқаша кіріспе берілсе, соңғы парадағы аяттар арасында да түсіндірмелер жасалған. Сондай-ақ муташабих аяттарға түсіндірме берілген.

Жалпы Құран Кәрімге байланысты еңбектер: тікелей сөзбе-сөз аударма, түсіндірмелі, яғни мағыналық аударма және тәпсір болып үшке бөлінеді. Бұл мағыналық аударма исламтанушы, дінтанушы, имамдар үшін қайнаркөз ретінде аса қажет құрал болса, жалпы халқымыздың игілігі үшін өте маңызды дүние деуге болады. «Көкжиек» баспасынан 5000 данамен 3 түрлі (қызыл, жасыл, көк) мұқабада жарық көрген Кітапта хатым-дұғасы қазақша аудармасымен берілген. Демек, қалың оқырманға, «Құранды түсінбейміз» деп жүрген ағайындарға бұл аударма еңбектің берері де, берекесі де мол екені даусыз» [16].

«Үкім аяттардың тәпсірі». «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 120 б.

Еңбектің кіріспесінде автор Исламдағы ғылыми мәселелерге үкім беруде әуелі Құрандағы үкімдік аяттар негіз саналатындықтан, кейбір ғалымдар Құранды түсіндіру барысында тек үкімдік қырын негіз етіп тәпсір етуін түсіндіреді.

Сондай-ақ, ҚМДБ-дан шыққан «Дін және дәстүр 1-2», Бас мүфти Серікбай қажы Ораздың «Тәпсір тұнығы», Алау Әділбаев, Шәмшат Әділбеваның «Әбу Ханифа және Ханафи мәзһабы», Мұхитдин Исаұлының «Құран кімнің сөзі», Қайрат Жолдыбайұлының «Дін мен Діл 1-2» деген сынды тәпсір ғылымы мен діни үкім мәселелері төңірегінде жазылған еңбектері де зерттеу жұмысында бірге қарастырған.

Және осы кіріспеде келтіргендей кітаптың жалпылама мазмұны жайлы түсіндірмесінен мысал келтірер болсақ: «Классикалық шарғи деректер мен кейінгі ғасырлардағы зерттеушілердің тұжырымдаған немесе ғылыми сарапталған ой-қорытындыларының маңыздылығын ашып көрсетуге талпыныс жасалды. Осы мақсатқа зерттеудің міндеттері негізгінен төмендегідей бағытта қарастырылды: Құран аудармасы, Фатиха сүресі, парыз ғибадаттар, отбасылық және қоғамдық мәселелерге қатысты аяттардың үкімдік қырларын, сол аяттың аясына кіретін өзге де мәселелердің үкімін Ханафи мәзһабы негізінде түсіндіріп, мәнін ашу арқылы Қазақстанның төл исламтану мектебінің негізгі ерекшеліктерін тұжырымдау мен бағдар көрсету басты ұстанымдық жүйеге кірді».

Жоламан Бұланның жазған зерттеу жұмыстарына сүйенсек:

«Тарихтан бүгінге дейін жасалған Құран Кәрімнің қазақша аудармаларынан тауып, қол жеткізетін аудармалар мен зерттеулердің мазмұнына үңілсек, кейбір аяттардың мағыналарының жоқтығын немесе дұрыс еместігін байқаймыз. Кейбір негізгі ұғымдарға жауап ретінде идиоматикалық және бейнелі өрнектерде қиындықтар мен кемшіліктерге тап боламыз. Әдеби жатық тілдің баяндау мен мәнер жағынан қолданылмайтынына, сөз мәнері ұғыну сияқты маңызды екеніне куә болдық. Алайда Құранның бұл қазақша аудармалары тарихымыздағы алғашқы аудармалар қатарында болғандықтан, қателер мен олқылықтардың барын қалыпты түрде қабылдаймыз. Кез келген жұмыста бірінші болу қиын».

«Құранның қазақ тіліндегі бұл аудармалары тарихымыздағы алғашқы аудармалар қатарында болғандықтан, олқылықтың көп болуы қалыпты жағдай. Тіпті осы мағыналарды жасайтын адамдарға біз де ризамыз».

«Құран Кәрімнің қазақша аудармаларындағы тілге, мағынаға, түсінуге, аудармаға қатысты мәселелерді былайша айта аламыз.

1. Күрделі мәселелер шешілмейді. Құран келгеннен кейін мың төрт жүз жыл өткен осы кезеңде тәпсір және, әрине, басқа тілдердегі аудармалар туралы ең маңызды мәселелердің бірі - проблемалық мәселелерді мүмкіндігінше шешу. Осы мәселелердің барлығы болмаса да, кейбіреулерін соларға шоғырландыру арқылы шешуге болады. Өйткені, біз өмір сүріп жатқан кезеңді, мәдени мұрамыз бен тәжірибемізді, сондай-ақ алған техникалық құрал-

жабдықтарымызды ескерсек, бұрынғы ұрпақтарға қарағанда мүмкіндігіміз көп деп айтуға болады. Осылардың барлығын тиімді пайдалансақ, тәпсірге, қазақша аудармаларға шынымен де үлес қосады.

2. Мәалде көрінетін қате мағыналар. Қазақ аудармаларының бір осал тұсы, тіпті ең маңыздысы – аят жолдарындағы сөздер мен өрнектерге қате мағына беру. Мұның ең басты себебі – бастапқы тілдің сәйкессіздігі мен аударма тілдегі өрнек мәселесі. Дегенмен, түсіндіру оны түсіну сияқты маңызды болып шықты.

3. Аят мен сөзге толық емес мағына беру. Аудармалардың бір осал тұсы – түпнұсқа мәтіндегі кейбір сөздердің немесе сөйлемдердің мағыналары берілмейді. Бұл – аударылатын тілдің нәзіктіктерінің, өрнек ерекшеліктерінің жеткіліксіздігі.

4. Дұрыс бөлінбеу. Құран мәтінінде жоқ болса да, аудармалар үлестіргендей берілгені байқалады.

5. Әдеттегі мағыналарды беру. Мәалды дайындау кезінде тәпсірге жүгіну өте маңызды. Дегенмен, түсіндірулерде кейбір қателер болуы мүмкін екенін ескеру керек. Түпнұсқа тілдегі кейбір ұғымдардың дәл баламасы аударма тілде табылмауы мүмкін. Мұндай сөздер мен ұғымдарды аударма тілінде қайталап, ең қолайлы ұғымдар мен сөздерді пайдалану керек [11, 49-б.].

Аударма қаншалықты кемел болса да, ол Құран емес. Өйткені аудармалар аудармашы тарапынан кейбір нәрселерді жеткізе алғанымен, Құранның хабарын дұрыс аша алмайды. Бұл айтқанымыздан Құранның тәпсірі жасалмауы керек деген қорытынды жасауға болмайды.

Бұлардың барлығы Құранның аудармасын алмастыруға болмайтынын түсіндіруге арналған. Әйтпесе, Құранның пайдасын көру үшін аудармалардың қажеттілігі өте зор. Әрі сауабы да мол іс.

Қорытындылай келе, біз еліміздегі Құран аудармаларымен және тәпсірлерімен таныс бола отырып, зерттеулерге зер сала отырып, кемшін қалған тұстарын да айтуға тырыстық. Көш жүре түзеледі демекші, осы жылдар аясында жазылған Құран Кәрімге байланысты еңбектер уақыт ағымымен бірте-бірте түзелуде. Тіпті соңғы жылдар ішінде жарық көрген еңбектер көңіл қуантады. Әрине, әлі де қазақша мағынадағы Құран Кәрімді толықтыра түсіретін жұмыстар мен мамандар керек. Ал ол үшін мамандарды даярлап, жағдай жасалуы қажет. Исмайл Чалышканның мақаласында келтірілгендей біздің оқу орындары Құранның аудармасы мен тәпсірін жазатындай жағдайларды қарастырмаған. Осы секілді жайттарды ескерер болсақ, бізге бірігіп атсалысу керек. Сонымен қатар мұны қажет ететін факторлар да жетерлік.

Егемендік алғаннан кейінгі жылдарда жазылған Құран мәалдары мен аудармалары атеистік идеямен шырмалған халықты қайтадан оятуға көп септіктерін тигізгендігін айта кету керек. Сонымен қатар, жаңадан еңбектер жазуды талап етті. Қазіргі таңдағы негізгі мәселеге айналып отырған деструктивті ағымдармен күресте бізге әлі де толықтай қазақша мағынадағы тәпсірленген еңбектер жетіспейді. Ал ондай еңбек дүниеге келуі үшін Құран ілімдерін жан-жақты жетік меңгерген және араб тілінің маманы болған адамдарды көптеп керек етеді. Бұл тұрғыдан да бізге қабілетті мамандар қажеттілігі туады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Құран. Қазақ Совет Энциклопедиясы. 7-том. – Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы, 1976. – 140 б.

2. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. – Ақтөбе: Фатима-принт, 2014. – 64 б.

3. Төкенқызы Н. [Электронды ресурc]. URL: https://ibraj.allib.kz/?page_id=316&lang=kk (қаралған күні 3.10.2022)

3. Dr.Muhammet Savaş Kafkasyal. Orta Asya`da İslan Temsilden Fobiy. – Ankara-Turkistan, 2012. – 646 s.

4. Ислам у казахов: Этапы Распространение, Специфика, «Влияние».
5. İsmail Çalışkan. Kazakistan'da Kur'an ve Tefsir Literatürü (Kazakça ve Rusça Eserler) // Marife. – Yaz 2015, 15/1. – S. 139–162.
6. Алсу Курмаш [Электронды ресурс]. URL: <https://www.idelreal.org/a/musa-bigiev/28672070.html> (қаралған күні 3.10.2022)
7. Мустафин У.С. Социально-значимые направления деятельности мусульманских общественных организаций // Современный мусульманский мир: электрон. журнал. – 2019. – №1. – 1 электрон. опт. диск (CD-ROM).
8. Шапиян М. Тұлғалар өміріндегі Ислам. 1 том. – Алматы: MARFU-press, 2020. – 198 б.
9. Aknazarov Ye. Sovyet Dönemi Kazakistan'ında Kur'an Çalışmaları (Sadvakas Hacı Gılmani Örneği. Yüksek Lisans tezi. – Konya, 2019.
10. Бағашаров Қ.С. Исламдық дереккөздерді интерпретациялау әдістері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 164 б.
11. Bulan J. Kur'ân'ın Tercüme Problemleri ve Bazı Sûrelerin Kazakça Örnek Meâli. Yüksek Lisans tezi. – Erzurum, 2012.
12. Алтай Халифа Ғақыпұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст.: Г.Н. Балтабаева, С.Е. Әжіғали, С.С. Қорабай, Ғ. Ғаббасұлы, Р.С. Қожахметов, К.М. Қоңырбаева, Абд.Х. Алтай. – Алматы: «Ғылым ордасы» РМК орталық ғылыми кітапханасы, 2017. – 249 б.: портр.
13. Ақытұлы Ғ. Құран Кәрімдегі ғылыми негіздер. Таңдамалы хадистер. – Алматы: Тоғанай Т, 2007. – 224 б.
14. Kongyrbayeva G. Halife Altay'in "Kuran Karim Kazakça Mağina Jane Tüsinigi" Adli Meali Üzerine Inceleme». Yüksek Lisans tezi. – Ankara, 2021.
15. Ризабек Батталұлы. Әл-Әзһар университеті – қазақтың салған оқу орны деп айтуға болады. [Электронды ресурс]. URL: <https://azan.kz/kz/maqalat/read/rizabek-battalulyi-al-azhar-universiteti-qazaqtyin-salgan-oqu-ornyi-10961> (қаралған күні 3.10.2022)
16. Кеңесбай А. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.muftyat.kz/kk/news/country/2015-06-26/4733-kuran-aiynda-kundy-enbek-zharyk-kordi/> (қаралған күні 3.10.2022)

А. САРМАНОВ

АЭЭ-211 тобының студенті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: техн.ғ.к., доцент м.а. З. Абдикулова

СУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЕСЕПТІК ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Мақалада қайта жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалану жолдары, су электр станциясында электр энергиясын өндірудің технологиялық процесі қарастырылады.

Қайта жаңғыртылатын энергияны пайдаланудың негізгі қағидасы табиғатта үнемі болып жататын үрдістерден энергия өндіріп, техникалық қолданысқа ұсыну. Қайта жаңғыртылатын энергия табиғи қорлардан, мысалы, күн сәулесі, жел, жауын-шашын, теңіз-мұхит суларының көтерілуі мен қайтуы және геотермалды жырудан өндіріледі.

Жұмыста су электр станциясының энергетикалық көрсеткіштері есептелініп, шағын ГЭС-тің лабораториялық макеті құрастырылды.

Кілт сөздер: су электр станциясы, электр энергиясы, қайта жаңғыртылатын энергия.

Abstract. The article discusses the ways of using renewable energy sources, the technological process of generating electricity at a hydroelectric power station.

The basic principle of using renewable energy is to produce electricity from processes that are constantly occurring in nature and offer it for technical use. Renewable energy is produced from natural resources such as solar radiation, wind, precipitation, tides of sea and ocean waters and geothermal heat.

In the work, the energy indicators of the hydroelectric power station are calculated, a laboratory model of a small hydroelectric power station is developed.

Key words: hydroelectric power station, electric energy, renewable energy.

Özet. Makale, yenilenebilir enerji kaynaklarının kullanımının yollarını, hidroelektrik santrallerde elektrik üretiminin teknolojik sürecini ele almaktadır.

Yenilenebilir enerjinin kullanılmasının temel ilkesi, doğada sürekli olarak meydana gelen süreçlerden enerji üretmek ve bunu teknik kullanım için sunmaktır. Yenilenebilir enerji, güneş ışığı, rüzgar, yağış, deniz ve okyanus sularının gelgitleri ve akışı ve jeotermal ısı gibi doğal kaynaklardan üretilir.

Çalışma, hidroelektrik santralinin enerji göstergelerini hesaplamakta, küçük hidroelektrik santralinin laboratuvar düzenini çizmektedir.

Anahtar kelimeler: hidroelektrik santrali, elektrik, yenilenebilir enerji.

Аннотация. В статье рассматриваются пути использования возобновляемых источников энергии, технологический процесс производства электроэнергии на гидроэлектростанции.

Основной принцип использования возобновляемой энергии состоит в том, чтобы производить электроэнергию из процессов, постоянно происходящих в природе и предлагать ее для технического использования. Возобновляемая энергия производится из природных ресурсов, таких как солнечное излучение, ветер, осадки, приливы и отливы морских и океанских вод и геотермальное тепло.

В работе рассчитаны энергетические показатели гидроэлектростанции, разработан лабораторный макет малой ГЭС.

Ключевые слова: гидроэлектростанция, электрическая энергия, возобновляемая энергия.


Әлем бойынша энергетика саласының қазіргі жағдайы энергия жетіспеушілік және қоршаған ортаның түрлі өндіріс саласының зиянды қалдықтарынан ластануымен сипатталады. Көптеген әлем елдерінің энергетика кешенін дамыту стратегиясы жаңа қайта жаңғыртылатын энергия көздерін пайдаланумен байланысты. Қайта жаңғыртылатын энергия көздерін өндірістік және коммерциялық мақсатта пайдалану бойынша белсенді жұмыстарды Қазақстанда да атқару қажет.

2021 жыл қорытындысы бойынша, дүниежүзінде таза жолмен алынған энергия қуатының өсімі 148 ГВт құрады, ал су электр станцияларын есепке алмағанда 120 ГВт құрайды. Су электр станцияларын қоспағанда, экологиялық таза қуаттар 2021 жылмен салыстырғанда 18%-ға өсті [1, 8-б.].

Отын-энергетикалық қоры өте аз мемлекеттер (Жапония, Корея, Тайланд және т.б.) сырттан келетін энергияға мұқтаж және энергетикалық қауіпсіздік деңгейі өзге мемлекеттен келетін энергияның сенімділігімен анықталады. Отын-энергетикалық қор мөлшері орташа мемлекеттер (АҚШ, Ұлыбритания, Қытай және т.б.) сырттан келетін энергия көлемі төмендеген кезде энергетикалық қауіпсіздік деңгейін өз қорларының есебінен қанағаттандыруға әл-ауқаты жеткілікті болады.

Электр энергиясын өндірудің әлемдік көшбасшысы – Қытайда жаңартылатын энергия көздерінен алынатын электр энергиясының барлық әлемдік өсімінің 40% -ы өндіріледі. Сонымен қатар, алдыңғы 5 мемлекет қатарына АҚШ (202 ГВт), Германия (97 ГВт), Жапония (65 ГВт) және Үндістан (83 ГВт) елдері енеді [2, 12-б.].

1-суретте көрсетілгендей баламалы энергияны өндіру үлесі төмен деңгейде деп қорытынды жасауға болады.



1-сурет – Жаңартылатын энергия көздері дамыған мемлекеттер

Қазақстанның жылдық су ресурстар қоры 170 ТВт құрайды, ал қазіргі таңда оның тек 7-8 ТВт шамасын ғана жылына пайдаланады.

Гидроэнергетикалық ресурстардың өте жоғары шоғырланған жері республиканың Шығыс және Оңтүстік шығыс аймақтары. Ондағы Ертіс өзенінің гидроэнергетикалық потенциалы өте жоғары оның ағысында Бухтарма (675 МВт), Убой, Ұлба, Шульба (702 МВт), Семей (312 МВт) гидроэлектрстансалары орналасқан. Оңтүстік шығыстағы өзендердің саны 874 оның 66-сы, яғни 7,6%-на, Іле өзені бассейінің 379 оның 25 (6,6%) өзеннің ал Балхаш және Алакөл өзендерінің ойпатындағы 495 оның 41 (8,3%) өзеннің арналарына гидроэлектрстансалар салуға болады.

Болашақта гидроэлектрстансаларды – Іле, Чарын, Шілік, Қаратал, Коксу, Тентек, Харгос, Текес, Талғар, Үлкен және Кіші Алматы, Үсек, Ақсу және Лепсі өзендерінің арнасына салуға болады [3, 20-6.].

Қазіргі кезде Іле өзенінің бойында Қапшағай ГЭС (364 МВт), ал Үлкен және кіші Алматы өзендерінің каскадтарында қуаттылығы 61 МВт құрайтын ГЭС-тер бар.

Оңтүстік Қазақстанның аймағында ағатын Сырдария, Талас және Шу өзендерінен алатын энергетикалық потенциал 23,2 млрд. кВт/сағ. Солтүстік Қазақстанның аймақтарына түсетін гидроэнергетикалық үлес 3 млрд. кВт/сағ; бұл Есіл, Торғай өзендерінен және де Теңіз, Қарасор, Каспий теңізіне құйатын - Орал, Өзен, Эмба өзендерінен өндіруге болатын энергетикалық қор. Бұл республиканың барлық гидроэнергетикалық қорының 1,7% құрайды.

Мұхиттар, теңіздер және де басқа көлемді су көздеріндегі толқынның көтерілуі мен қайтуы, құлап аққан су және геотермальды (ыстық) су энергиясы – қайта жаңғырылатын энергия көздеріне жатады. Гидроэлектрстанцияларда резервуардан құлап аққан су өз энергиясын турбиналарға береді, ол өз кезегінде электр энергиясын өндіретін генераторды айналдырады [4, 160-6.]. Гидравликалық турбина, электр машинасы жасалып, электр энергиясын едәуір қашықтыққа жеткізу тәсілі табылғаннан кейін, сондай-ақ су энергиясын су электр стансаларында электр энергиясына түрлендіру жолының жетілдірілуіне байланысты су энергетикасы электр энергетикасының бір бағыты ретінде дамыды.

Жалпы, қазіргі кезде Қазақстанда гидроэлектрстансаларынан өндірілетін электрэнергияның қуаты 2068 МВт-қа тең, жылына өндірілетін энергияның шамасы 8,32 млрд. кВт/сағ. Болашақта елімізде (2010 жыл) Мойнақ (300 МВт) және Кербулақ (50 МВт) ГЭС–терін салу жоспарланып отыр.

Су тасқынының механикалық энергиясын электр энергиясына түрлендіретін электр станциясы – су электр станциясы деп аталады. Олар су энергиясы көздеріне жақын жерлерде өзендерде, теңіз жағалауларының маңайына салынады. Су электр станциясының жұмысы гидравлика және гидродинамика заңдарына негізделген. Су электр станциясының қуаты төмен қарай аққан су тасқынының секундтық шығынына және жоғарғы су қоймасы мен төменгі қойманың су деңгейінің қашықтығына, яғни судың қысымына байланысты (2-сурет).

Гидротурбиналар су электр станцияларында электр генераторларының бастапқы қозғалтқыштары болып саналады, онда судың потенциалды және кинетикалық энергиялары генераторларды айналдыруға қолданылатын механикалық энергия ретінде қолданылады. Гидротурбинаның қуаты (оның білігіндегі пайдалы қуаттылық) гидротурбина арқылы өтетін су мөлшері мен қысым шамасына байланысты [5, 141 б.; 6, 97 б.]:


$$P_r = 1000 \cdot Q \cdot H \cdot \eta_c \cdot \eta_T \text{ кгм/с,}$$

мұнда, Q – турбина арқылы өтетін су мөлшері, м³/с;

H – су қысымының шамасы (судың ағу биіктігі), м;

η_c – су беріп тұратын құрылғылардың пайдалы әсер коэффициенті;

η_T – гидротурбинаның пайдалы әсер коэффициенті (0,88–0,94 орта және үлкен қуатты гидротурбиналарға арналған).



2-сурет – Су электр станциясында электр энергиясын өндірудің технологиялық сұлбасы

1. Бөгет. 2. Су турбины. СЖД – судың жоғары деңгейі; СТД – судың төменгі деңгейі; Н – су қысымының биіктігі

1 кВт-102 кгм/с екені белгілі, сондықтан генератор қысқыштарының қуаттылығы:

$$P_{\Gamma} = \frac{1000 \cdot Q \cdot H}{102} \cdot \eta_{\text{С}} \cdot \eta_{\text{Т}} \cdot \eta_{\text{Г}} \approx 9,81 \cdot Q \cdot H \cdot \eta_{\text{кВт}},$$

мұнда, $\eta_{\text{Г}}$ – гидрогенератордың пайдалы әсер коэффициенті (0,95–0,98 орта және үлкен қуатты гидрогенераторға арналған).

$\eta_{\text{С}}, \eta_{\text{Г}}, \eta_{\text{Т}}$ – су электр станцияларының пайдалы әсер коэффициенттері (қазіргі электр станцияларының мәнділігі 0,85–0,86 дейін жетеді).

Жоғарыда келтірілген формуладан мынадай қорытынды шығаруға болады: су электр станциясының қуаттылығы белгілі бір су шығыны Q мен қысым шамасы H бойынша анықталады: бұл шамалар неғұрлым көп болса, станция агрегаттарының қуаттылығы соғұрлым көп болады. Судың қысымын көбейту үшін жасанды гидротехникалық ғимараттар салынады. Жазық жердегі өзен суының қысымы бөгеттермен (плотина), ал таулы жерде әдейі айналдыра салынған арнамен (каналмен) көбейтіледі. Таулы жердегі мұндай каналды деривациялық канал деп атайды.

Тегіс жерде плотинамен салынатын су электр станциясының негізінен екі түрі бар:


1. Өзеннің арнасына салынады (руслотая ГЭС).
2. Станция үйі плотинаның қасында салынады (плотин ГЭС-ы).

Өзеннің арнасына салынатын су электр станциясының жоғары және төменгі су қоймасы деңгейінің қашықтығы 25–30 метрден аспайды, ал станциялардың үйі плотинаның қасында салынса, 30–35 метрге дейін жетеді.

Баламалы энергияға қызығушылық танытқан университет білім алушылары осы энергияны өндіруге арналған қарапайым жобалар мен конструкцияларды әзірлейді. Өз әзірлемелерін жүзеге асыру кезінде олар кейбір қиындықтарға тап болады, мысалы: материалды сатып алу, өңдеу, құрастыру және сынау. Интернет желісіндегі ақпаратты

зерделеп, техникалық әдебиеттерді пайдалана отырып, Электр инженериясы кафедрасының оқу зертханаларында білім алушылар төменгі қуаттағы аккумуляторларды 7А/һ дейін зарядтауға арналған шағын ГЭС-тің макетін құрастырды. Бұл шағын ГЭС қолжетімді және арзан материалдардан жасалып кішігірім гаджеттерді электр энергиясымен қамтамасыздандыра алды [7, 133-б.; 8, 41-б].

Шағын ГЭС-тің құрылымы 3-суретте көрсетілген: 1-5 л пластикалық ыдыстан жасалған воронкаға бұлақ суы толтырылады. Воронкадан су 3-су есептегішінің қорабына орнатылған 5-шар винтеліне бекітілген Ф-20 мм пластикалық құбыр 2 арқылы жеткізіледі. Шағын ГЭС 3-қорабының ішіне орнатылған 4-қалақшаның айналу жиілігі 5-шар винтелі арқылы аққан судың жылдамдығы мен қысымына байланысты реттеледі. 3-қорабқа 6-қақпаққа бекітілген 7-генератор орнатылады. Электр генераторы ретінде коллекторлы немесе қадамды қозғалтқыштарын колдануға болады. Генератор қорабынан аққан судың жан-жаққа шашырамауы үшін 20-30 см пластикалық құбыр орнатылған. Жақсы қысым мен су ағынының әсеріне қарай генератор жоғарыда аталған заттарды зарядтауға жеткілікті 20 Вт 12-36 В кернеуді шығара алады [9, 192-б.; 10, 140-б.].



3-сурет – Шағын ГЭС макеті

**1 – пластикалық воронка; 2 – пластикалық құбыр; 3 – су есептегіш;
4 – қалақша; 5 – винтель; 6 – қақпақ; 7 – генератор**

Жоғарыда көрсетілген мәліметтер мен нәтижелерге сүйене отырып, Кентау-Түркістан ауыз су құбырына қуаттылығы 35 кВт 5 дана гидрогенераторлары орнатылады [11, 62-б.; 12, 208-б.].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Федорищева Е.А. Энергетика: проблемы и перспективы. – М.: Высшая школа, 2009. – 144 с.
2. Қойшиев Т.Қ. Жаңғыртылатын энергия көздері. – Алматы: ҚР ЖОО қауымдастығы, 2013. – 256 б.
3. Қойшиев Т., Мейірбекова О. Қайта жаңғырылатын энергия көздері. – Түркістан: Тұран, 2018.

4. Сибикин Ю.Д., Сибикин М.Ю. Нетрадиционные и возобновляемые источники энергии. – М.: КНОРУС, 2012. – 220 с.
5. Мусабеков К.М., Усенкулов Ж. Возобновляемые источники энергии. – Алматы, 2016.
6. Хожин Г. Электр станциялары мен қосалқы станциялар. – Алматы: ҚР ЖОО қауымдастығы, 2014. – 452 б.
7. Кузембаев Т. Электрические станции и подстанции. – Алматы, 2010. – 70 с.
8. Меирбекова О.Д. Электр жабдықтары. – Түркістан: Тұран, 2018. – 96 б.
9. Сибикин Ю.Д. Электрические подстанции. – М.: ИП РодиСофт, 2013.
10. Неклепаев Б.Н. Электрическая часть электростанций и подстанций. Учебник для вузов. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Энергоатомиздат, 2010. – 640 с.
11. Матаев У.М., Абдурахманов С. Практикум по электроэнергетике. – Алматы: АЭЖБИ, 2010. – 147 с.
12. Хожин Г. Электр станциялары мен қосалқы станциялардың электр бөлігі. – Алматы: АЭЖБИ, 2010. – 452 б.

Е. БАТЫРХАН

ТТХ-111 тобының студенті

Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент м.а. А. Сандыбаева

СЫРДАРИЯ ОКРУГІНДЕГІ 1920-1930 ж.ж. АШАРШЫЛЫҚ ҚАСІРЕТІ: СЕБЕПТЕРІ МЕН ЗАРДАПТАРЫ

Аңдатпа. Тарихтың тегерісімен бірге айналған жылдардың жүзгесінде өз халқының бастан кешкен басты ауыр оқиғалар ішінде ХХ ғасырдағы 1921-1922 және 1931-1933 жылдар аумағын қамтыған ашаршылықтың алатын орны ерекше.

Қазақ халқымыздың жартысына жуығын жусатып салып, демографиялық өсімді кемінде бір ғасыр уақытқа тежеуілдетіп тастаған «ашаршылық» деп атап қана қойып, оның нақты бағасын осы кезге дейін бере алмай отырмыз. Сол 1921-1922 және 1931-1933 жылдардағы қолдан ұйымдастырылған ашаршылықта Украина және Қазақстанның айрықша жапа шеккені тарихтан белгілі. Бұған ерекше қатты мән берген украин ғалымдары мен зерттеушілер оған тұтас халыққа жасалған геноцид, яғни арнайы қыруға бағытталған саясат тұрғысынан келіп, «голодомор» деген баға берді.

Бұл – қазақ тарихында бұрын-соңды болмаған ауыр қасірет. Өкінішке орай, геноцидке халықаралық деңгей тұрмақ, қазақтың өз ішінде әлі ресми баға беріле қойған емес.

Кілт сөздер: ашаршылық, демография, геноцид.

Abstract. Among the main painful events experienced by their people in the years of history, the Famine of the XX century, which covered the territory of 1921-1922 and 1931-1933, occupies a special place in the prize.

We can not only call it a "famine", which has destroyed almost half of the Kazakh population and slowed down demographic growth for at least a century, but we can not give a real assessment of it until now. It is known from history that Ukraine and Kazakhstan suffered special losses in the manually organized famine of 1921-1922 and 1931-1933. Ukrainian scientists and researchers, who paid special attention to this, approached it from the point of view of the genocide of the entire population, that is, a policy aimed at special extermination, and rated it "Holodomor".

This is an unprecedented tragedy in the history of Kazakhstan. Unfortunately, the genocide has not yet been officially assessed at the international level.

Keywords: famine, demography, genocide.

Özet. Halkının, tarihini genişliğiyle birlikte devrilmeye başlayan yıllarda yaşadığı en zor olaylar arasında, 1921-1922 ve 1931-1933 bölgelerini kapsayan 20. yüzyılın kılığı özel bir yer tutmaktadır.

Kazakistan'ın nüfusunun neredeyse yarısını yok eden ve demografik büyümeyi en az bir asır boyunca kısıtlayan «açlık» olarak nitelendirerek demografik büyümeyi doğru bir şekilde değerlendiremiyoruz. Tarihten itibaren, aynı 1921-1922 ve 1931-1933 yıllarında Ukrayna ve Kazakistan'ın yapay olarak organize edilmiş kıtlıkta kendilerini ayırt ettikleri bilinmektedir. Buna özel önem veren Ukraynalı bilim adamları ve araştırmacılar, ona genel nüfus üzerindeki soykırım açısından «holodomor» değerlendirmesini, yani özel bir ölüme yönelik politikayı verdiler.

Bu, Kazak tarihinde benzeri görülmemiş korkunç bir trajedidir. Ne yazık ki soykırım uluslararası düzeyde durmuyor, kazağın kendisinin henüz resmi bir değerlendirmesi yok.

Anahtar Kelimeler: açlık, demografi, soykırım.

Аннотация. Среди главных тяжелейших событий, пережитых его народом в годы, которые вместе с размахом истории стали переломными, особое место занимает голод XX века, охватывающий территорию 1921-1922 и 1931-1933 годов.

Мы не можем до сих пор дать точную оценку демографическому росту, назвав его «голодом», который уничтожил почти половину населения Казахстана и сдерживал демографический рост как минимум на столетие. Из истории известно, что в тех же 1921-1922 и 1931-1933 годах в искусственно организованном голоде отличились Украина и Казахстан. Украинские ученые и исследователи, которые придавали этому особое значение, дали ему оценку «голодомор» с точки зрения геноцида на население в целом, то есть политики, направленной на особую гибель.

Это-страшная трагедия, беспрецедентная в казахской истории. К сожалению, геноцид не стоит на международном уровне, у самого казаха пока нет официальной оценки.

Ключевые слова: голод, демография, геноцид.

1921 жылғы тамыздан бастап Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Орал және Қостанай губерниялары аштықтан зардап шеккен аймақтардың тізіміне ресми түрде енгізілді. 1921 жылдың күзіне қарай Қазақ АКСР-інің жеті губерниясының бесеуі: Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Орал және Қостанай губерниялары Түркістан АКСР-і құрамындағы Сырдария және Жетісу губернияларын қоспағанда және Адай уезінің тұрғындары аштыққа ұрынды.

Аштықпен бірге сүзек, тырысқақ, оба, дінгене және басқа аурулар да қатар келді. Жұқпалы аурулармен ауырған адамдардың саны республиканың емдеу мекемелерінің мүмкіндіктерінен едәуір асып кетті. Аштық пен қайыршылық күй, эпидемия, ауруханалардың жетіспеуі, осының бәрі аурулар арасындағы өлімнің санын көбейтіп жіберді. Мысалы, Қостанай губерниясында аштар мен аурулардың 75%-ға жуығы көз жұмды [1, 88-б.].

Республиканың Денсаулық сақтау халық комиссариатының деректері бойынша Орынбор, Орал, Ақмола және Ақтөбе губернияларында 1921 жылдың 1 қарашасы мен 1922 жылдың 1 шілдесі арасында 37 657 адам ашаршылық құрбаны болды. Ашаршылық Қазақстанның басқа аймақтарын да айналып өткен жоқ. Сол кезде Тарғын-Бөкей губерниялы кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған Х.Д. Чурин өз естелігінде: «1921-1922 жылдардың қысында уезд орталығы болған кенттің көшелерінде біз таңғы сағат 5-6-ларда кейде ондаған адам өліктерін жинайтынбыз» деп жазды. Ата-анасы көз жұмып, қараусыз қалған балалардың күн сайын 50-60-ын жергілікті өкімет органдары балалар үйлеріне бөлді. Егер 1921 жылғы 1 желтоқсандағы деректер бойынша қараусыз қалған аш-жалаңаш балалар саны Қазақ АКСР-і бойынша 128 000 болса, осы жылдың соңында бұл көрсеткіш 158 000-ға, ал 1923 жылғы 1 наурызға қарай 408 022-ге жетті. 1922 жылғы наурыз-сәуір айларында Қазақстанды қысқан ашаршылық мүлде асқынып кетті. ҚазОАК-нің Төрағасы С.Меңдешевтің 1922 жылғы 8 шілдеде ҚазОАК-нің III сессиясында жасаған баяндамасында осы жылдың көктемінде алынған толық емес деректер бойынша Қазақстан бойынша аштыққа ұрынғандар саны 2 832 000 адамды құраған. Ал 1920 жылдың соңында республиканың барлық тұрғындарының саны 4 781 263 адам еді. Оның 50,3%-ы – қазақтар, 31,2%-ы – орыстар, 14,4%-ы – украиндар болатын [2, 38-б.].

Республиканың ашаршылық жайлаған губернияларының тұрғындары жан сауғалап өз еріктерімен оңтүстікке – Түркістан республикасына, шығыста – Ақмола және Семей губернияларына қарай басты. Еділ бойының тұрғындары Орынбор және Түркістан губернияларына қарай ығысты. Мұның өзі Қазақстандағы жағдайды одан әрі күрделілендіріп жіберді.

Ашыққан ауылдар мен болыстарға алғашқы көмекті ұйымдастыру үшін уездік атқару комитеті мүшелерінің барлығы дерлік елге жіберілді, 1921 жылдың көктемінде әр селолық кеңестің жанынан көктемгі егіс жұмыстарын ойдағыдай өткізу үшін арнаулы комиссиялар

құрылды, олар мүмкіндігінше қажетті астықпен қамтамасыз етілді. Аштық жайлаған Торғай уезінің тұрғындарына губерниялық азық-түлік комитеті көмек ретінде 50 000 пұт астық және көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге тұқым қорынан 500 пұт астық бөлді.

Торғай уездік атқару комитетінің 1921 жылғы 12 мамырдағы кеңейтілген отырысында ашыққан халыққа жедел көмек көрсету жөнінде мәселе қаралды. Отырысқа уездік атқару комитетінің Т.Жүргенов басқарған мүшелері, ОАК-нің өкілдері Ә.Жангелдин, С.Арғыншиев, Тимошенко мен Арынғазиев қатысты. Уездік атқару комитеті төрағасының басқаруымен жабдықтау бөлімі, экономикалық және азық-түлік бөлімдері өкілдерінен ашыққан халыққа жедел көмек көрсету үшін комиссия құру туралы шешім қабылданды. Жергілікті жерлерде Комиссия бөлімшелерін ұйымдастыру көзделді.

1929-1930 жылғы астық жинау науқаны жалғасып жатқанда, шаруалар, колхозшылар нансыз, көбінесе малсыз, бір ауыз сөзбен айтқанда аштыққа ұшырады – бұл туралы ОГПУ-дің көптеген есептері, шаруалардың хаттары мен арыздары-шағымдары, тіпті партия мен Кеңес басшыларының жергілікті орындарынан хабарламалары да соны дәлелдейді.

Астық жинау негізінен әкімшілік-әміршілік, репрессиялық әдістермен жүргізілді. БКП(б) ОК барлық партиялық комитеттерге тапсырмаларды орындамағандарға белгіленген репрессиялық шараларды қолдана отырып, ауқатты шаруаларға нан сату бойынша қатаң тапсырмалар беруді ұсынды. Қазақстанда ауыр азық-түлік жағдайына қарамастан, астық дайындау және мал дайындау қарқынды жүргізілді.

Елді жайлаған ашаршылықты кеңес өкіметіне қарсылас топтары әдейі ұйымдастырып отыр деп жаба салып, шынайы себептерді жасырды. Түркістан облысының қоғамдық-саяси архивінің 40 қоры, 320 іс құжаттан үзінді келтірейік: «1933 жылы – Ұлы революцияның он алты жылдығы қарсаңында жұмысшы табы Ленин партиясының басшылығымен Кеңес Одағының колхозшылары колхоз құру жолында таптық жаудың соңғы қарсылығын тоқтатты. Таптық жаулар колхоздық жүйеге қарсы күресіп, артта қалған колхоз топтарын басқара отырып, біздің елімізді колхоздардағы жұмысты арандату арқылы ашаршылыққа жеткізгісі келді. Осы жолмен біздің еліміздегі капитализмді қалпына келтіруді көздеп отыр» [3, 47-49-бб.].

Аштыққа ұласқан «азық-түлік қиындықтары» Қазақстанда 1931 жылдың қазан айынан бастап байқала бастады, ал 1932 жылдың ақпанына қарай 33 аудан қамтыды.

Ашаршылық жағдайында бірқатар аудандарда колхоздардан жаппай шығу байқалды. Олардың колхоздардан жаппай шығуы «қиындықтарға» және аштыққа байланысты, сондай-ақ астық дайындаудағы асыра сілтеу әдістеріне байланысты (жаппай ұрып-соғу, қамауға алу, азаптау).

